Но цветам полагается превращаться в плоды, не дает плода только пустоцвет. Наше плодоношение — в нашем большом, нужном, истинно ценном вкладе в дело социализма, в грядущее победное торжество коммунизма.

А все, что вне жизни народной, что становится поперек пути нашей истории, — это пустоцвет, которому в нашем обществе не место, который у нас не может жить, а, в лучшем для него случае, будет лишь какой-то срок одиноко, бесплодно прозябать. Справедливый приговор выносят таким явлениям партия и народ, не приемля их, проходя

мимо них уверенной поступью могучего творца новой истории.

Вместе со всеми работниками литературы и искусства я воспринял мысли Н.С. Хрущева как подлинно жизненные истоки нашей творческой силы.

ҚАЗАҚ ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Қазақ совет лингвистикасының туып, қалыптасуын сөз еткенде, біз отандық ғылымды өрге бастыру жолындағы игілікті іске бар білімін, күш-қуатын аямай жұмсаған адамдардың жасампаз еңбегін еске аламыз. Осындай адамдардың бірі – үстіміздегі ғасырдың 20-шы, 30-шы жылдарында өмір сүріп, қызмет істеген профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов болды. Қазақ лингвистикасын дамыту жолында ол қажымай-талмай еңбек етті.

Құдайберген Жұбанов ерте жастан-ақ басқа тілдерді үйренуге бейімді болады да, жасы он сегіздер шамасына келгенде түріктің, арабтың, парсының ауызекі сөйлеу тілін де, жазуын да меңгеріп кетеді. Жұрындағы (қазіргі Ақтөбе облысы) орыс мектебінде оқып жүрген кезінің өзінде Құдайберген сабаққа мейлінше зерек болады.

Сонау бала кезінен Құдайберген әдебиетті сүйетін болған. Әкесі Қуан біршама көзі ашық адам болғандығының арқасында Құдайбергеннің үй іші қазақ, татар тілдерінде шығатын газет, журналдардың, жаңа кітаптардың көпшілігін алдырып тұрған. Міне, сол уақыттан-ақ кітапты жанындай сүйетін Құдайберген көп нәрселерді оқып, үйрене бастаған. Оның алғаш қалам ұстап, жаза бастаған мақалалары, фельетондары мен өлеңдері революциядан бұрынғы газет-журналда “Шекті”, “Қараша бала” деген атпен басылып жүрген. Кейінірек өзі оқыған, қызмет істеген жерлерінің бәрінде Құдайберген жастардың қолжазба журналдарын шығарып, өзі соның редакторы міндетін атқаратын болған. Ол кезде қолжазба журнал шығару жас қазақ интеллигенциясы арасында кең тараған дәстүр еді. Елек қаласында Құдайбергеннің редакциясымен “Тез” атты журнал шығып тұрған, одан берігіректе Темір қаласында

уездік оқу бөлімінің инспекторы болып жүріп Құдайберген “Ай” атты қолжазба журнал шығарған. Бұл аталған журналдарда негізінен орыс әдебиеті классиктерінің – М. Горькийдің, В.Г. Короленконың шығармалары насихатталатын-ды. Құдайберген редколлегияның басқа мүшелерімен бірге өршіл романтика сарынымен жазылған шығармаларды оқушыларына жете түсіндіру үшін көп еңбек етті. 1925 жылы Қ. Жұбанов Ақтөбедегі губерниялық оқу бөлімінің методист-инспекторы болып қызмет істейді. Осы уақытта ол орыстың аса ірі ғалымдары – академик И.П. Павлов, В.М. Бехтеревтің еңбектері бойынша психологияны, педагогиканы, логиканы, рефлексологияны тесіле зерттейді, әрі Москвадағы, Қазандағы, Бакудегі, Ташкенттегі, Ленинградтағы тіл зерттеуші ғалымдармен хат алысып тұрады. Сол кездердің өзінде-ақ оның жазу столының үстінен түрлі қалалардан келген хаттарды және оларға қайтарған Құдайбергеннің жауаптарын көруге болатын еді. Ол Е.Д. Поливановпен, В.А. Богородицкиймен, И.И. Мещаниновпен, Ағамалы-оғлы, тағы басқа аса көрнекті лингвистермен хат жазысатын. 1928 жылдың көктемінде Қазақстанның Оқу халық комиссариаты Құдайбергенді республиканың бұрынғы астанасы – Қызылорда қаласына шақыртып алдырады. 1929 жылдың январь айында ол командировкамен Ленинградтағы Шығыс институтының аспирантурасына түркология семинары бойынша оқуға түседі. Бір жылдан кейін Құдайберген СССР Ғылым академиясының Тіл және ой институтының аспирантурасына ауысады. Осы уақыттардың бәрінде Қ. Жұбанов жалпы тіл білімі және түркология саласында өз бетімен ғылыми-зерттеулер жүргізе береді, латын алфавитіне көшу жөніндегі шараларға да белсене қатысады. 1930 жылы ол түрік тілдерін зерттеуші лингвистердің Алматыда болған съезіне қатысып, “Мағынасыз сөздердің мағыналары” деген тақырыпта баяндама жасады.

Құдайберген жақсы публицист әрі журналист болды, сондықтан айтайын деген ойын тартымды, жатық тілмен шебер түсіндіретін. Оның “Күй” атты аса құнды еңбегі мәселенің қойылысы және нақты материалдарының байлығы жағынан ерекше көзге түсіп тұрады: автор “күй”

деген сөзді тарихи-лингвистикалық жағынан талдай келіп, осы музыкалық жанрдың тууы жайлы қызықты пікірлер айтады.

Қазақтың жазба әдебиетінің классигі – Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуымен байланысты ақынның тілі туралы Құдайберген жазған мақала қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған аса бағалы үлес болып табылады. Абайдың өлең құрылысындағы ерекшеліктерді, оның новаторлығын және халық тілін пайдаланудағы шеберлігін ең алғаш атап көрсетушілердің бірі де осы Қ. Жұбанов еді.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов ірі зерттеуші-түрколог деген атқа орынды ие болған адам. Ленинградтағы Шығыс институтының соңынан Тіл және ой институтының (қазір СССР Ғылым академиясының Тіл бөлімі институты) аспиранты болып жүрген кезінде-ақ ол шығысты тану жөнінде кең көлемді білімі бар, тілдің ең нәзік мәселелеріне шейін байқай білетін зерттеуші-лингвист екенін аңғартты. Қазақтың бұл дарынды ғалымының таланты мен қабілеті әсіресе республикамыздағы тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақтың Абай атындағы педагогтық институтының өмірінде айқын көзге түсті. Құдайберген біраз уақыт осы институттың профессоры және қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеді. Оның жалпы тіл білімі, қазіргі қазақ тілі, түркология жөніндегі лекциялары тек студенттер емес, қазақ интеллигенциясының қалың көпшілігінің назарын аударушы еді. Құдайберген институтта белгілі бір ғылыми курс бойынша лекция оқығанда, оның өз пәнін тамаша білетіндігі, лингвистика жөніндегі білімінің әржақтылығы айқын көрініп тұратын. Ол лекциясының бүкіл өнбойында қазіргі және ежелгі түрік тілдерінің нұсқаларынан мысал келтіріп, нақты тілдік материалдарды асқан шеберлікпен пайдаланатын. Қ. Жұбанов ертедегі түрік ескерткіштерінің тілін мүлтіксіз білетін және тыңдаушыларына Орхон-Енисей жазулары, олардың лексикалық, грамматикалық және фонетикалық ерекшеліктері жайлы мол білім де беретін. Құдайберген өзінің педагогтық қызметін қазақ және басқа түрік тілдерін зерттеуге байланысты ғылыми жұмыстарымен шебер ұштастыра жүргізді. Оның қаламынан күні бүгінге дейін өзінің актуалдығын жоймаған толып жатқан бағалы ғылыми еңбектер туды. Баспа бетінде

жарияланған “Из истории порядка слов тюркских языков” (1936), “Вспомогательные глаголы” немесе “Заметки о вспомогательных и сложных глаголах” сияқты кітаптары, жоғарыда аталған “Күй” атты брошюрасы, көптеген мақалалары мен түрлі конференцияларда, съездерде сөйлеген сөздері (“К постановке исследования истории фонетики казахского языка”, “Буын жігін қалай табуға болады”, “Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайында”, “Шылаулар, қос сөздер, біріккен сөздер”, “Об одном факте появления аффикса из корневого слова”, т.б) еліміздің түркологтары тарапынан заңды құрметке ие болды. Оның еңбектері өзінің сипаты жағынан салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану жолымен жазылған.

Қазақ және басқа түрік тілдеріндегі сөздердің орын тәртібі туралы еңбегінде автор сөздердің орын тәртібін белгілейтін синтаксистік нормаларды және олардың тарихи қалыптасу жолдарын қызықты да тартымды етіп баяндап, өз ойын ешкім теріске шығара алмайтын нақты материалмен дәлелдеген.

Көмекші етістіктер туралы еңбегінде ол ана тілінің лексикалық, грамматикалық құбылыстарын терең түсінетін білімпаз екенін байқатады. Қазақ тіл білімінде “отыр”, “жатыр”, “тұр”, “жүр” тәрізді көмекші етістіктерге тұңғыш рет Құдайберген ғылыми талдау жасады.

Құдайбергеннің ерекше атап өтуді қажет ететін еңбегі — “Қазақ тілінің грамматикасы” (1-бөлім, жалпы морфология, 74 бет, 1936 жыл, қазақ орта мектебінің V класына арналған). Автор бұнда сөздердің құрылымына және қазақ тіліндегі фонетикалық құбылыстарға байланысты негізгі мәселелерді белгілі жүйемен мазмұндап шыққан. Қазақтың айқын да нәрлі, стилистикалық жағынан орамды әдеби тілімен жазылған бұл еңбек қазақ тілі үшін тамаша үлгі болады.

Құдайберген мақалаларының тұтас бір сериясы практикалық тіл білімінің мәселелеріне — орфографияға, терминологияға, қазақ тілін оқытудың методикасына арналған.

Тамаша педагог әрі халық ағарту ісіне жан-тәнімен берілген Құдайберген Қуанұлы Жұбанов көптеген мұғалімдермен үзбей хат алысып, оларға ана тілін оқытудың методикасы

жөнінде кеңес беретін, грамматиканың, методиканың, терминологияның әр алуан мәселелерін ерінбей-жалықпай түсіндіретін.

Осындай хаттарының бірінде ол тілдегі түрлі көнеленген формаларды балаларға қалай оқыту керектігін айта келіп, былай деп жазады: “Оңай болу мен қиын болу кітаптан болмай, мұғалімнен де болып қалады. Сол себепті бұл жөнінде сенің менде шәкің болса, менің сенде шүбәм да бар. Өйткені басқа мұғалімдер мұнан қиындық көрдік деп айтқан жоқ. Бұларды қалай оқытып едің? Неден бастап, нені үлгіге алып, нені іздетіп, немен жаттықтырып, немен аяқтадың? Неден қиыншылық көрдің – осыны түгел жаз, сендіре алсаң, мен өзеленбеймін, қол қоярмын!” Педагогтық институттың құрметті профессоры ауыл мұғалімдерінің бірімен, міне, осылайша әңгімелеседі.

Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі өз кезінде қазақ интеллигенциясының, әсіресе ағарту майданы қызметкерлерінің арасында кеңінен мәлім болды. Тамаша лингвист-ғалым ретінде оны С.Е. Малов, К.К. Юдахин, А.К. Боровков, А.Н. Самойлович, академик И.И. Мещанинов сияқты көрнекті орыс совет түркологтары жақсы танитын, әрі бағалайтын. Мейірімі мол, сезімтал жолдас әрі барынша кішіпейіл адам бола тұра, Құдайберген сонымен қатар жастар мен студенттердің қатал, талабы күшті ұстазы болды. Ол қамқоршы көңілмен республиканың мәдени өмірінің бар саласына да араласып жүретін. Қ. Жұбановты барлық жерде – ғылым, искусство, мәдениет, әдебиет қызметкерлері арасында – тегіс құрметтеуші еді. Абай атындағы пединституттың профессоры және қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, ҚазССР Оқу халық комиссариаты жанындағы оқу-методикалық советінің жетекшісі, СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының лингвистика секторының меңгерушісі ретінде де Құдайберген лайықты беделге ие болды. Құдайберген Қуанұлы Жұбанов қазақ тілі жөніндегі монографиялық еңбектің авторы ретінде және тұңғыш рет ана тілінің мектептік программасы мен оқулығын жасаушылардың бірі ретінде қазақ совет тіл білімінің тарихында алдыңғы қатардан орын алады. Қ. Жұбановтың қазақ филологиясы кадрларын даярлаудағы еңбегі

де орасан зор, республикамыздың бірсыпыра белгілі тіл мамандары өздерін заңды түрде Құдайберген Жұбановтың шәкірті деп санайды.

Қ. Жұбанов өзінің ғылыми-педагогикалық қызметімен қатар үлкен қоғамдық жұмыстар да атқарды. Ол Фирдоуси, Абай тәрізді өткен дәуірдің даңқты қайраткерлеріне арнап ғылыми конференцияларда аса мазмұнды баяндамалар жасады. 1935 жылы Қазақстандағы мәдениет құрылысы қызметкерлерінің съезін ұйымдастырушы комитеттің председателі болып сайланып, өзі съезде баяндама жасады. Сол 1935 жылы Құдайберген Жұбанов Советтердің Бүкілроссиялық XVI съезіне Қазақстан атынан делегат болып қатысып, съездің күн тәртібі бойынша Советтік Татарстанның мәдени дәрежесі жайлы жалынды патриоттық сөз сөйледі.

Қ. Жұбанов Совет Одағы Коммунистік партиясының қатарында болды, Қазақ ССР Орталық Атқару Комитетіне мүше еді.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов қазақтың советтік лингвистика ғылымының негізін салушылардың бірі болып аталады және осылай атала да бермекші.

ІРІ ОҚЫМЫСТЫ

Данышпан Абай адамгершілікке баға бере келе: “Адамның адамдығы істі қалай аяқтағанынан емес, қалай бастағанынан білінеді”, – дейді. Тегінде, бұл – істің нәтижесін күтпей, келте қайырған байлам емес, қайта тұңғыық ойдың тұнығына бойлағанда ғана табылатын кемеңгерлік тоқтам болса керек. Не нәрсені болмасын бастап қолына алғанда, ертеңгі күні берер жемісі бесенеден белгілі болып тұратын талабы таудай кейбір жандарды аңдап байқаған Абай құрғақ сәуегейлік құрмай, өнерлі, дарынды жандардың болашағын барлай білген. Сөйтіп, сынына толған адамын ғана нағыз адамгершіліктің иесі деп таныған және содан еңбек зейнетін үміт еткен.

Енді бүгін сонау Абай меңзеген өрістен Абайша көз салып қарасақ, өз тұрғыластарымыздың ішінен өнердің, істің, еңбектің талай майталман жорғасы мен өрен жүйірігін көреміз. Жорға мен жүйіріктің алғаш аяқ тастасынан көзге шалынатыны сияқты, сол адамдардың қай-қайсысы да бастапқы қадамдарынан-ақ өздерінің кім екенін, қоғамдағы орны қандайлық болатынын аңғарта білген-ді.

Біз әңгімелегелі отырған Құдайберген Қуанұлы Жұбанов¹ туған жер, өскен еліне шынайы ой-арманымен, қалтқысыз көңілі, ақаусыз білімімен танылған адал азамат, ардақты ғалым еді. Өздігінен оқып ғылым-білімнің әр саласынан да әжептәуір хабардар болған Құдайберген сонау ерте уақыттардың өзінде – 20 жылдар ішінде – математикадан, физикадан, химиядан техникумдарда сабақ беріп, философияны, логиканы психологияны, рефлексологияны² тесіле зерттеді. Павлов³, Бехтерев⁴ сияқты орыс ғалымдарының еңбектерін дамылсыз оқыды.

Бірақ Құдайбергеннің шын ықылас қойып, мықтап бет бұрған ғылымы – тіл білімі болды. Жастайынан араб,

парсы, түрік тілдерін меңгерумен қатар, есейе келе неміс, ағылшын, француз тілдерін біліп алды, сол тілдерде жазылған ғылыми еңбектерді оқып пайдаланатын болды. Өзінің туған жері – Ақтөбе облысында жүрген кездерінде де түркологияның, жалпы тіл білімінің күрделі мәселелері жөнінде Москвадағы, Қазандағы, Бакудегі, Ташкенттегі, Ленинградтағы аса көрнекті тіл мамандарымен хат жазысып, пікір алысып тұрды. Оның архивінде тіл зерттеуші Поливанов⁵, Богородицкий⁶, Мещанинов⁷, Ағамалы-оғлы⁸, тағы басқаларынан келген хаттар жатушы еді.

Құдайберген оқып жүрген жылдарының өзінде де зерттеу жұмыстарынан қол үзген емес. Араб әліппесіне негізделген қазақ жазуының практикада үлкен қиындық тудыратынын көп дәлелдеп, өз кезінде латын әліппесіне көшуге аянбай атсалысты. 1930 жылы түрік тілдерін зерттеуші мамандардың Алматыда өткізілген съезіне қатысып, “Мағынасыз сөздердің мағыналары” (“Смысл бессмысленных слов”) деген тақырыпта аса қызықты баяндама жасады. Құдайберген стилі жатық, тілі орамды, мейлінше шебер жазатын адам еді. Оның журналистік, публицистік қабілеті, әдебиет, мәдениет қазыналарын терең білетіндігі, ғылымның көптеген салаларына байланысты өрісі кең білімі өзінің мамандығы болып кеткен тіл білімімен астасып, жігі білінбей ұштасып жататын-ды. Қазақ күйлерінің тарихы жайындағы тарихи-лингвистикалық очеркінде Құдайберген осындай қаламы төселген шеберліктің аса бір нәзік үлгісін көрсетеді. Оның 1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына арналған мерекеде жасаған баяндамасы (кейін мақала түрінде жарияланған) – қазақ филологиясының, әдебиеттану ғылымының алтын қорына қосылатын бағалы еңбек. Абайдың өлең құрылысындағы ерекшеліктерді, ақынның новаторлығын және халық тілін пайдаланудағы шеберлігін алғаш көре біліп, айрықша атап көрсетушілердің бірі де осы Құдайберген болды.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов аса ірі зерттеуші-түркологтердің қатарынан орын алады. Ленинградтағы Шығыс институтының, соңынан Тіл және ой институтының (қазір СССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты) аспиранты болып жүрген кезінде-ақ ол

шығысты тану жөнінде кең көлемді білімі бар, тілдің ең нәзік мәселелеріне шейін байқай білетін зерттеуші-лингвист екенін аңғартты. Қазақтың дарынды ғалымының таланты мен қабілеті әсіресе республикамыздағы тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтының өмірінде айқын көзге түсті. Құдайберген біраз уақыт институттың профессоры және қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Оның жалпы тіл білімі мен қазіргі қазақ тілі, түркология жөніндегі лекциялары қазақ интеллигенциясының қалың көпшілігінің назарын еріксіз аударатын. Ол ертедегі түрік ескерткіштерінің тілін мүлтіксіз білетін және тыңдаушыларына орхон-енисей жазулары, олардың лексикалық, грамматикалық және фонетикалық ерекшеліктері жайлы мол білім де беретін.

Құдайбергеннің қаламынан күні бүгінге дейін өз актуалдығын жоймаған толып жатқан бағалы ғылыми еңбектер туды. Баспа бетінде жарияланған “Из истории порядка слов тюркских языков” (1936), “Вспомогательные глаголы” немесе “Заметки о вспомогательных и сложных глаголах” сияқты кітаптары, көптеген мақалалары мен түрлі конференцияларда сөйлеген сөздері (“К постановке исследования истории фонетики казахского языка”, “Буын жігін қалай табуға болады”, “Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайында”, “Шылаулар, қос сөздер, біріккен сөздер”, “Об одном факте появления аффикса из корневого слова”, т. б.) отандық түркологияға қосылған бағалы үлес болып табылады. Оның еңбектері өзінің сыпаты жағынан қарағанда салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану жолымен жазылған. Рас, кей тұстарда Маррдың⁹ жалған ілімінен қалған іздер де байқалады.

Қазақ және басқа түрік тілдеріндегі сөздердің орын тәртібі туралы жазған еңбегінде автор сөздердің орын тәртібін белгілейтін синтаксистік нормаларды және олардың тарихи қалыптасу жолдарын қызықты да тартымды етіп баяндап, өз ойын ешкім теріске шығара алмайтын нақты материалмен дәлелдеп береді. Зерттеушінің алдына қойған мақсаты: сөздердің орын тәртібінің қазіргі нормаларында ертеректегі тілден қаншалықты ауытқу барын анықтап, сол

арқылы түрік тілдерінің құрылымдық ерекшеліктерінен туатын негізгі заңдылықтарды дұрыс түсіну еді. Көмекші етістіктер туралы жазған еңбегінде автор ана тілінің лексикалық, грамматикалық құбылыстарын түсінуде терең білімпаз екенін танытты. Қазақ тіл білімінде тұңғыш рет Құдайберген “отыр”, “жатыр”, “түр”, “жүр” тәрізді көмекші етістіктерге ғылыми талдау жасап, олардың лексикалық мағыналары мен қолданылу орындарын анықтады.

Тарихи деректерсіз тілдік құбылыстарға шын мәнінде ғылыми талдау жасау да мүмкін емес. Өз кезінде белгілі бір дәстүр ретінде қалыптасқан яфетидология¹⁰ деп аталатын лингвистикалық бағытқа кейбір еліктеушіліктері болғанымен, олар Құдайберген қалдырған теориялық мұралардың құнын жоққа шығара алмайды. Көрнекті ғалымның еңбектерінде тілдік заңдылықтарды тарихи тұрғыдан дұрыс баяндау жағы Н.Я. Маррдың палеонтологиялық төрт элементті анализінен сөзсіз басым жатады.

Жоғарыда айтқанымыздай, 1930 жылдың өзінде-ақ Құдайберген тілші-түркологтердің Алматыда болған съезінде одағай сөздер туралы баяндама жасап, мал шаруашылығына байланысты айтылатын бірсыпыра одағайларды этимологиялық тұрғыдан талдады, олардың бір кездерде сол малдарға қойылған ат екенін айтып берді (“қош”, “өк!”, “моһ!” сияқты одағайлар тарихи жағынан “қой”, “қошақан”, “егіз” сөздерімен, қытайдың “ат” дегенді білдіретін “маа” сөзімен байланысты).

Құдайбергеннің ерекше атай кетуді қажет ететін еңбегі – “Қазақ тілінің грамматикасы” (1-бөлім, жалпы морфология, 74 бет, 1936 жыл, қазақ орта мектебінің V класына арналған). Автор мұнда сөздердің құрылымына және қазақ тіліндегі фонетикалық құбылыстарға байланысты негізгі мәселелерді жүйелі түрде мазмұндап шыққан. Айқын да нәрлі, стилистикалық жағынан орамды қазақтың әдеби тілімен жазылған бұл еңбек қазақ тілі жөнінде оқулық жазатын көптеген авторлар үшін тамаша үлгі болады.

Құдайберген өз мақалаларының тұтас бір сериясын практикалық тіл білімінің мәселелеріне – орфографияға, терминологияға, қазақ тілін оқыту методикасына арнады.

Республикамыздағы тілдік құрылыстың белгілі бір мәселелері жөнінде ғылыми айтыстар жүргізуде Қ. Жұбанов асқан шеберлік қабілетімен ерекше көзге түсіп тұратын.

Құдайбергеннің есімі өз кезінде қазақ интеллигенциясының, әсіресе ағарту қызметкерлерінің арасында кеңінен мәлім болатын. Ол СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалында, республиканың Оқу халық комиссариатында жетекші қызметтер атқарды. Сонымен қатар ол көрнекті қоғам қайраткері де еді. 1935 жылы Құдайберген Қазақстанда болған мәдениет қызметкерлері съезінің ұйымдастыру комитетінің председателі болып сайланып, өзі сол съезді ашып, сөз сөйледі. Сол 1935 жылы ол Советтердің Бүкілроссиялық XVI съезіне Қазақстаннан делегат болып сайланып, съезде асқан патриоттық жігермен сөз сөйледі.

Біз, Құдайбергеннің замандастары әрі достары, Октябрьден кейін туып жетілген советтік тіл ғылымының, оның ішінде қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі болған марқұм Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың игі еңбектерін ешуақыт ұмытпақ емеспіз.

ҮМІТТІ ҰРПАҚҚА – ИГІ ТІЛЕК

Жазушы, әдебиетші, студент жастардың тәрбиешісі ретінде өзім басқа келетін кейбір ойларымды шәкірттерімнің алдына тартпақпын. Бүгінгі сәулетті, парасатты, сәнді өмірдің кең тынысындағы студент шәкірттердің рухани бейнесіне көз салсаң, осы бір қуанышты жайларды айтпасқа болмайды.

Совет Одағының басқа жоғары оқу орындары да пәрменді дамыған шаруашылығымыздың салаларына; мәдени мекемелерімізге тамаша кадрлар даярлап беруде. Бір кезде – бес, одан беріректе – он бес, ал бүгін – жиырма бес болып отырған жоғары оқу орындарымыз дәрігерлердің, агрономдардың, зоотехниктердің, тағы басқа мамандықтардың қалың ну армиясын ұшырып отыр. Әр мамандық салаларында, әр жайттарда ұстаздық ететін педагог кадрларымыз саусақпен санау дәрежесінен кетіп, мыңдап санау парасатына ауысты. Қарап отырсақ, қоғамдық-саяси, мемлекеттік басқару жұмысындағы қайраткерлеріміз де кешегі студенттер. Мәдениетті ұрпақтың шоқтығы биік тобы – ғылыми кадрларды көрсек те, соншама алға кеткенімізді еркін сезініп, тереңнен сүйсінеміз. Бұлардың барлығы бүгін мәдениеті марқайған республиканың жоғары оқу орындарының – медициналық, ауылшаруашылық, малдәрігерлік, педагогикалық институттарда, т.б. оқу орындарында тәрбиеленіп шыққан перзенттер. Сол перзенттер жыл асқан сайын өрбіп барады, өсіп барады.

Осыны, мәдени жағынан, рухани жағынан өскен ұрпақты көргенде, алғы ағалары ізбасарлардың әлпешті Отанның, қамқоршыл үкіметтің жасаған игілігін, берген мүмкіндігін дұрыс ақтап отырғанын қуана сезінеді.

Шәкірттеріміз тәрбие қазанында еркін балқып, әдемі мүсінді адамдар болып, бүгінгі ғасыр сүйсініп құшағына аларлықтай жандар болып шығып келеді. Олардың осы

бір қасиетін, шын мәнісіндегі мәдениеттілікке қалыптасу қасиетін атап айту әбден орынды. Сонымен, осындай шадыман сезім үстінде бүгінгі шәкірттерге асқақ үмітпен тым қастерлеп қарайтын жайымыз бар. Мәғәрки, мен өзім әр жаңа оқу жылында Қазақтың мемлекеттік университетіне, соның ішінде оның тарих-филология факультетіне келіп түсіп жатқан студенттеріне көз салғанда, оларды болашақ прозаиктер, болашақ ақындар, болашақ редакторлар, әдебиеттің болашақ зерттеушілері болады ғой деп сонша серпілем.

Жоғары оқу орнының табалдырығын жаңа ғана аттаған жас жігіттер мен қыздарға бұлай қарау тәтті қиялға берілуден ғана емес, бүгінгі шындық жайға көз тігуден. Өйткені, әрірегіне терең үңілмесек те, соңғы 15 жыл ішінде Қазақтың мемлекеттік университеті қаншама ақындар, прозаиктер, әдебиет сыншыларын даярлап шығармады! Жоғары оқу орнындағы терең білім мұхитынан сүңги сусындаған күйі өмірге шыға келгенде шәкірттеріміз әуелде артқан үмітімізді ақтайтын халге жетті. Мұндай қуанышты бір мен емес, басқа жоғары оқу орнындағы ұстаздар да айтады.

Бұл осылай. Енді мен студенттер өмірінің қалыптасқан шындығына байланысты кейбір жеке жайларға сәл тоқтап өтпекпін. Бұл жоғары оқу орындарында оқитын жас шәкірттеріміздің моральдық, интеллектуалдық, рухани бейнелерін көз алдыға келтірумен қабысты туған нәрсе.

Студент шәкірт өзінің білім жорығы жолында алдына мынандай бір тегеурінді зор мақсатты қойғаны мүлде дұрыс және керекті жәйт. Студент қайда оқымасын, қай саладағы мамандықтың иесі болмасын әр кезде өз бойына интеллектуалдық мәдениетті мол жинауға бой ұруға тиіс. Биік интеллектуалды мәдениет бір күнде, бір жылда, әйтпесе 40-50 жылда адам бойына өздігінен үйіріле қоймайды. Ол өмір бойына жиылатын рухани азық. Жас адамның жанында әлгі айтылған интеллектуалдық мәдениеттің жарқыншақтары сонау кіршіксіз бейнелі сәбилік дәуірдегі тәрбиеден бастап тұғыр алады. Сол даму осы өздеріңіз оқып жүрген жоғары оқу орнындағы өмір шақтарыңызда берік негіз алып, қалыптаса бастайды.

Институт болсын, университет болсын тек қана агрономдарды, дәрігерлерді, инженерлерді, педагогтерді, қалам

қайраткерлерін, тағы осындай мамандықтардың иелерін даярлайды. Мұнымен қоса ол өзінің қабырғасына келген жас жандарды адам етіп қалыптастыруда, мәдениетті, ақыл-парасатты, инабатты адам етіп тәрбиелеуде үлкен роль атқарады.

Бүгінгі ағаның ертеңгі үміті – шәкірт ұрпақ осыны терең сезіне білуі керек. Ол мұны білсе, әрқашан “өз” мамандығының тар шеңберінде қалмайды. Жан дүниесі бай, талап-тілегі өскелең, ой-өрісі кең, нағыз мәдениетті маман болады. Осы тұрғыдан алғанда, бүгін агроном не инженер болуға талпынған жас жігіт пен қыз көркем әдебиет, искусство, мәдениет мұраларын тереңнен білуге тиісті. Дәрігерсің бе, өзің туған елдің, жердің тарихын жақсы біл. Инженерсің бе, искусствоны жетік білмеске хақың жоқ. Бұлай болу сенің жан байлығыңды молайтады, белгілі мамандықтың шеңберінен адамдық қасиеттің биік деңгейіне алып шығады.

Мен осында, әдемі Алматымызда тұратын өзіммен замандас біраз ғылым қайраткерлерін, түрлі мамандық иелерін жақсы білем. Солар химик, ботаник, географ болуына қарамастан дастарқаны кең Отанымыздың жеке отаулары – туысқан республикаларының әдебиеті мен мәдениетін, өткені мен бүгінгісін, жаманы мен жақсысын кәміл жақсы біледі. Солардың рухани бейнелеріне қарап отырсаң сүйсінбеске шараң жоқ. Бұған еліктеу – игі ақыл.

Мен жоғарыдағылармен қоса студент шәкірттердің ой жайына, көкей көңіліне мына бір ескертпелерді салар ем. Және қазақ студенттері мен орыс студенттері өздеріне арнайы айтылған жайларды саралап ұғынса артық емес.

Осы уақытқа дейін республикамыздағы жоғары оқу орындарына келіп түсетін қазақ жастарының біраз тобының ұлы орыс тілінен марқая білісті емес екендігі көзге айқын ілігетін факті. Бұл кемістігі өз алдына, кешірімсіз нәрсе. Қазақ студенті орыс тілін шала-шарпы білсе, өзінің мәдениетті адам болып қалыптасу жолында көп нәрселерден құр қалады, ұтылады. Күн сәулесін аз алған өсімдіктің жетілуі қандай баяу болса, ұлы халықтың ұлы тілін білмеген қазақ жасының да мәдени өсуі сондай баяу болады. Бұлай болса әділ ақиқат мынаны айтқызады: орыс тілі – қазақтың да, қырғыздың да, түрікменнің де, тәжіктің

де, өзбектің де екінші ана тілі. Иә, олар үшін орыс тілі – шет тілі емес, екінші ана тіл!

Астананың институттарына сонау шалғай жатқан аудандардан – Амангелді, Қарқаралы, Балқаш аудандарынан келгендер үшін осы бір ойымыз сонша орынды болса керек. Аталған аудандардың ұлдары мен қыздарына әдемі Алматының өз мәдениетінде де алақан жайып үйрен, біл, үк деп тұрған сәулет үлгілері аз емес. Жақында ғана Рейзеннің концерті болды. Мінеки, мұны көруге олардың бәрі ынтық болуға тиіс.

Қазақ студенттері, айталық, атақты суретші Репин, ұлы композитор Чайковский сияқты ғұламаларды білуге міндетті. Ұлы орыстың Пушкинін алайық. Оның отандастары – дана ақылшылар Белинскийді, Чернышевскийді, терең сырлы Гоголь мен Достоевскийді, заңғар Толстойды, алып Горькийді, жауынгер Маяковскийді, сөз шебері Шолоховты, шоқтығы биік орыс интеллигенциясының тағы осындай өкілдерін институттарда оқитын қазақ жастары өзінің Абайынан, өзінің Ыбырайынан, өзінің Шоқанынан кем білу кешірілмес күнә. Білгенде сол ұлы жандардың шығармаларын қазақтың бүгінгі жас жігіті мен қызы өз нұсқасында жетік білсін. Қазақ студенттеріне үлкен трибунадан айтпағым осы еді.

Енді Қазақстан жоғары оқу орындарында оқитын орыс студенттеріне аз айтпағым бар. Бұл жолдастар жақсы инженер, жақсы геолог, жақсы биолог болуға ұмтылу жолында өзінің ұлы Отанының бір отауы Советтік Қазақстанды жетік білулері керек. Бүгін социалистік інжіл атты орынды тағынып отырған Қазақстанның экономикасын, даму тарихын, мәдениетінің тарихын білу орыс жігіттері мен қыздары үшін де парыз. Парыз ғана емес, әбден қажетті нәрсе.

Отан деген ұғым біздер үшін айқын ақиқат. Отан – өзің туған қала, өзің өскен ауыл, өзің оқыған мектеп, қысқасы, өзің өмір азаматы боп қалыптасуға әсер жасаған орта. Ендеше, солар жайлы білу ауа мен судай қажет нәрсе.

Егер арнай айтсақ, былай дер ек. Бүгін жоғары оқу орнының аудиториясында отырған орыс жігіті мен қызы, ертең сен де Қызылорда облысының алыстағы бір колхозына агроном немесе дәрігер болып барасың. Не

Қарағанды облысының бір МТС-іне бас механик болып кетерсің. Сонда сендер тек орысты ғана емес, басқа тілде де сөйлейтін адамдарды кездестіресіңдер.

Рас, бір кезде басқа халықтар мен ұлттардың тіліне немқұрайды қарау жайы болған. Бұлай жасаған кеңпейіл ұлы орыстың биік мәдениетті интеллигенциясы емес-ті. Олай жасаған ұлы елдің денесіндегі кінәрат жандар еді.

Ал бүгінгі өмір шындығы мүлдем басқаша емес пе! Бұл бір болса, екінші жағынан, қалыптасып, өсіп келе жатқан бүгінгі орыстың жас интеллигенциясы өзінің алғы ұрпағының қалдырып кеткен тамаша ізгі дәстүрін естерінен шығармасқа керек!

Осы жерде Россияның ұлы пушкиндері қалдырған дәстүрді тағы еске салғым келеді. Адамзат ақындарының құдіреттілерінің бірі – ұлы Пушкин сол патшалы Россияның түнек, түнді өмірінің ішінде жүріп-ақ, басқа халықтардың жан ашырлық халіне ақындық көзін салған жоқ па еді. Патша айдауында жүріп, Кавказ халқы болмысынан “Цыгандар”, “Бақшасарай фонтаны”, “Кавказ тұтқыны” сияқты мәңгі жасар шығармаларға материалдар жинап қайтты. Әйтпесе, жалын отты, нәзік сезімді Лермонтовты алайық. Ол да өзінің ұзақ ғасырлар жасайтын тамаша шығармаларының біразын Кавказда айдауда жүргенінде жазды. Міне, соларға бүгінгі Советтік Кавказдың бақытты халықтары өздерінің өткен тарихының шынайы көріністерін жанды энциклопедия етіп жазып кеткендері үшін мәңгі сүйіспеншілікпен тағзым етеді.

Терең байымдап қарасақ, В.И. Лениннің Октябрь жеңісінің екінші күніне бүкіл адамзат баласына жария еткен халықтар праволарының декларациясында да әлгі айтылған тамаша дәстүрдің жалғасы жатыр...

Сонымен, көп ұлттылық, көп тілде сөйлеу тарихи факті болып отырған біздің ұлы елімізде орыс студенттері мен студенткалары өздері қатынас жасайтын ұлттың тілін, оның тарихын, оның мәдениетін білулері керек.

Осыдан кейін орыс студенттеріне айтарым мынау: егер сендер орыс тілі мен орыс мәдениетінен басқа ештеңе білмейтін болсаңдар, әрине, жақсы емес. Егер сендер өздерің жүрген ортада, өздерің тұратын қалада, өз республикаңда, айталық, біздің Қазақстанда жасалған мәдени байлықтарға

қызықпайтын болсаңыздар, ол кешірілмес күнә. Бұл жоғары оқу орындарында оқитын орыс жолдастарға өзінің мәдениетін биік өрімдеуге кепіл, ұлы достықты одан әрі тереңдете түсулеріне кепіл.

Мына бір мысалды айтпасқа болмайды. Мен осыдан біраз уақыт бұрын Жапонияда болдым. Оның тұрғындары жапон тілінен басқа ешбір тілді білмейді екен. Және ондағы насихаттық трибуна жапон тілінен басқа тілді біл деп үгіттемейтін де көрінеді. Мұның тарихи дәлелі де бар. Себебі Жапонияда тұратындардың 99 проценті жапондықтар.

Сол сапар сәтінде жапон жазушыларымен, ондағы аудармашылар қоғамының мүшелерімен әңгімелесуге тура келді. Мен оларға біздің көп ұлтты әдебиеттің жайы туралы айттым. Мұны естігенде олар таң қалды. Сөйтсек, қарапайым халқы ғана емес (насихат солай болғаннан кейін оларды кінәлауға болмайды), Жапонияның интеллигенциясы да озат үлгілі совет әдебиетінің көп ұлттық әдебиеттен құралатынын білмейді. Совет әдебиетін олар тек орыс әдебиеті деп қана түсініпті. Біздің Одақтың әдебиетінен тек орыс ақындары мен жазушыларының ғана шығармаларын аударыпты. Рас, аударып үлгірген кітаптарының тақырыбы жағынан алғанда оларды кінәлауға болмайды. 176 тақырыпты роман, басқа шығармалар аударылған. Ал, бірақ, жапондық жолдастар Жамбылды, Корнейчукты, Олесь Гончарды, Упитті білмегені үшін ұялғаны бар.

Мұны мен неге айтып отырмын, болашақ инженерлер, агрономдар, дәрігерлер – орыс жігіттері мен қыздары, сендерге? Мұнымен жоғарыда айтқан ойымның ұшын әрі жалғастырмақпын. Иә, бізде Жапониядағыдай емес, көп ұлтты, көп тілде сөйлейміз. Сондықтан мәдениет үстіне мәдениет, білім үстіне білім жалғай түскілерің келсе, ең бастысы – ұлы достығымызды әрі тереңдете бергілерің келсе, сендер қазақ тілін білуге, Қазақстан тарихын білуге тиістісіңдер. Қазір нақ осыған ұмтылатын шақтарың!

Ал бұл жөнінде бүгінгі өмір шындығының өзінде орыс интеллигенциясының желілеп тартып отырған ауыз толтыра айтарлық, тұшына естірлік үлгісі бар. Мәселен, Арменияда, Украинада, Өзбекстанда, Азербайжанда тұратын көптеген орыс жолдастар өздері қарым-қатынас жасайтын туысқан ұлттардың тілінде еркін сөйлеп, мәдени демімен бірге

тыныстайды. Шынында, кәрі азербайжанға инженер орыс жігіті азербайжан тілінде лекция оқып тұрса, әлгі шалдың жан өзегі қалайша тебіренбес. Өсте алсаңдар, малшы қазақ шалына сендер де тума ұлсыңдар. Мәдениеттілік деген, терең достық деген басқадан емес, міне, осындайдан келеді.

Біздің үмітті ұрпағымыз – студент шәкірттер, мен сендерге айтпағымды моральдық, адамгершілік бейнелерің кісі сүйсінерліктей болсын деген оймен түйер ем. Моральдық бейне, шынайы жарқын сезімді қасиет – биік мәдениеттіліктің көрінісі. Мәдениет этиканың, эстетиканың, искусствоның бал шырынын араша жалықпай жиғанда ғана бойға төгіле үйіледі. Сондықтан, жоғарыда айтқанымдай, үлгі аларлық алғы үздік интеллигенцияның дәстүрінен таймаңдар, дамыта беріңдер!

Студенттік жылдарың терең білімді мамандық игерудің, бойға ең ізгі қасиеттер жиюдың шабытты да шабуылды кезеңі болсын! Ұстаздық ниет осы!

АЛТЫНДАЙ АСЫЛ БОЛАШАҚТЫ ҰРПАҚ БАР

Тарихтың ұлы бір белі болып, Октябрьдің қырық жылдық мерекесі, міне, келді. Бұл сәтте, осы шақтарда барлық Отанымыз жөнінен де айтар жайлар адам ойына сыйғысыз мол бір, ен дүние. Сол тәрізді ұлы социалистік Отан ішіндегі туған республикамыз Қазақстан жөнінде қырық жыл тұрғысынан қарап, өткен мен жеткенді санасақ, бұл да ұшан-теңіз. Есептесең санға сыймастай, ой құшағы жетпестей, өзі де бір айдындай ғажайып әлем.

Бүгінгідей ұлы күнде әрбір ой толғаған адамға ең алдымен тарих берген табыстарды айту, жаңғырған дүниені атап өту шарт екені даусыз. Біз осы жөнде тек өз өлкеміз туралы ой тарата бастасақ, шынайы анық ақиқат санап, тауысқысыз табыстарымыз бар. Жаңғырмаған дүние, жасармаған өмір, жетіспеген барлық жоқ! Кейбір ғана күрделі, өзгеше күйлерді топтай шолып, қомақтап қана барлап көрейік. Ең алдымен адам өзі неге жетті? Қырық жыл ішінде “біздің адамның адамдық, азаматтық сыпаты қаншаға жетті” десек, бұл жөнде айтар сөздің, қорытар ойдың нелер үлкен, терең тақырыптары туар еді!

Социалистік дәуір, коммунистік тәрбие, революциялық сана қалыптаған қазақ совет азаматы қырық жылдан бұрынғы қазақ затты адамға үйлесе ме? Жекелеп айтқанда, бұрынғы әр буынға бүгінгі күн буындары аумағандай ұқсай ма? Әрине, ұқсайды. Дүниеге мүлде өзгеше дәуреннің өзгерген, жаңғырған жаңа нәсілі келді. Жалпы адамзат қоғамының жаңа нәсілінің, асыл нәсілінің өкілі болуға жараған буындар туды дей аламыз.

Бүгінгі қазақ бала қырық жыл бұрынғы қазақтың баласы емес. Бүгінгі жас талапкер оқушы, өсуші қазақ, совет жасы қырық жыл бұрынғы қазақ аулының, қазақ қауымының жасы емес. Бүгінгі ата-ана, советтік семьяның

білім сапаға, өнерлі, мәдениетті, еңбекке машықтанған ата-аналар, әрине, мүлде бұрынғы қазақ семьясының атасы мен анасы емес. Қауым, қоғам, ғылым, өнер, шаруа, техника, мемлекеттік, саясаттық майдандарда еңбек етіп, биік тұрғыларға жетіп жүрген бүгінгі қазақтың ер-азаматы, әйел қайраткер азаматтары – бәр-бәрі де қырық жыл бұрынғы Қазақстан даласы мен қаласында әр алуан адамынан түп-түгел өзгеше. Жеке адам жайлары осындай болумен қатар, үй іші тіршілік те барлық негіз іргесімен, мораль мүддесімен, ар-арманы, сын-санасымен және де танымастай өзгеше болып жаңғырды, ғаламат тездікпен, өнермен өзгерді. Солайша жеке адам атаулы өзгерумен қатар, жаңа адам қоғамының ең кіші ұясы – үй іші тіршілік сапасы өзгеруімен қатар, толып жатқан қоғамдар, орталар, топтар да өзінің революциялық заңды жолымен жаңғырды да, шырқай ұзап өзгерді де.

Ал жеке адам, үй іші, қоғамдар ұлы сапарда өрлеп өзгеру шағында халық та өзгерді. Қазақ деген ұлт та бұл шақта құр ғана қазақ ұлты деп аталмайды, қазақ социалистік ұлты боп, әлемге әйгілі жаңа сапалы атақ алды.

Социалистік революция біздің өлкемізге алып келген ұлан табыс өзгерістерді біз әуелі, ең алдымен сол өлкенің саналы, жанды, өнерлі иесі – адамзаттың өзгерісінен бастап санадық. Адам өзгеруімен бірге қауым, халық өсуімен ілесе біздің өлкеміз де өзгерді. Ұлы Отанымыздың бар өлкесі, бар алабы, шартарабы тәрізді туған өлкеміз – Қазақстан да нелер ғажайып таңғаларлық жаңалықтарға жетті. Ертегі баян ететін тездікпен, ежелгі тылсым бұғандай меңіреу дүниені жеңдік... Құдірет қуатындай дейтін сәтте өзгерткен жаңалықтарға жеттік. Сары дала, сан жетпес сахара бұдан қырық жыл бұрын түйелі көшпен керуеннің мүлгіген мимырт аяңына бар өмір ырғағын, ритмін бағындырған еді. Бұл күнде біз күллі әлемнің ең шапшаң машина, техникасының бәрін де өз өлкемізде күш-көлігіміздей керекке жаратып, көмекке алып отырмыз.

Ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның тұяғы күйеді дейтін елсіз иен шөлдер, құмдар болушы еді. Ол күнгі адам пайдаланған көлік-күліктің де шамасы жетпес нелер қиын қияндар, ұзақ шалқар сапарлар болып еді. Соның да бәрі жаңғырған, жетіскен өлкелерге айналды. Жердің үсті ғана

емес, біздің өлкемізде жеті қабат жер астындағы сырлар ашылды, қымбат, сымбатты нұрлы байлықтың жасырыны бітіп, жарқыраған қазына қалпында жер жүзіне шықты. Керегімізге жарап, көмегімізге келіп, сансыз мол байлық ретінде ұшан-теңіз қосылып жатыр.

Табиғат сараңы мырза болған заманда: шөлінде дәурен, даласында дария, меңіреуінде қалқыған байлық, тереңінде түсті металл, тың қазына – бүгінгі біздің өзгерген өлкеміздің қасиетіне, күдіреттей күшіне айналды. Шексіз теңіздей сар селеу басқан далаларда, мәңгілік мұң басқан құздарда өлкеміздің бүгінгі керегіне жаратылмаған ұлтарақтай жер жоқ деуге болады.

Қазақстан географиясында мәңгі замандардан бері адамзат керегіне жарарлық болса да жаратылмай жатқан қасиетті байлықтар мол еді. Бұлардың бәрі де қалғып тұрған мүмкіншіліктер болатын. Ақтарыла шыққалы тұрған баға жетпес байлықтар еді.

Бүгін “Менің өлкем”, “Социалистік Отаным”, “Өзгеріп өскен республикам” деген сөздерді біз зор мақтанышпен, қуанышпен айтқан, атаған шақтарымызда осындай болып түлеп үдеген, үдеп өрлеген дәуір-дәуренді, талай бақытты, таудай табысты, тарихты айтамыз.

Және де бір үлкен ой медеуі бар. Сөз тек көз жеткен мен болғанды ғана айтып тынуда емес. Қырық жылдың қызықты күнінде болғанның үстіне – болатынды, келгеннің үстіне – келетінді, жеткен үстіне – жететінді, асқан үстіне – асқақтай, үдей түсетінді түгелімен бұлдырсыз айқын болашақ түрінде ойға аламыз. Жеткеніміз, тапқанымызбен қатар, алдағы мүмкіншілікті, жақын мүмкіншілікті шексіз мол ырыс дүниесіндей, тарихтың анық алтын арай асыл бетіндей есепке қосамыз.

Осылайша өткен аз жылдардағы жеткенмен, алдағы аз жылдарда жететінімізді, жетісе түсетінімізді қырық жылдық тәрізді асу белде атап санап межелесек, ол мақала түгіл, кітап бетіне де сыймастай. Түгелімен толық таныту бір мамандық емес, сан білімпаз дана оңайлықпен жеткізе алмас иен дүние болар еді.

Осы жайларды жалпы оймен топтай шолып еске алған шақта бұрынғы өткен аталар заманынан қалған бір нақыл еске түседі. Өзінің сол замандағы шама-шарқына қарағанда

едәуір сапалы бір ой түйген ескі нақыл бар. Елу жылда елдің тірісі мен өлісі, атасы мен баласы, немересі болса бірі кетіп, бірі келіп, қауым ауысатыны дұрыс аталған.

Рас, елу жылда баба буын орнына бала буын келетіні шын. “Ел жаңа” дегенді жарым ғасырмен шамалап бұлай атау – тапқыр ойдың қысқа түйген дәл түйіндісі. Соның ар жағында тағы бір қызық жайды, сол күнгі ел даналығы және де қызық түйген. Онысы “Қырық жылда қазан жаңғырады” дегені. Әрине, бұны біз маркстік затшылдық ұғымға, философиялық тезиске жеткендік демейміз. Ол дәрежедегі затшылдық философиялық қисынды бұл нақылдан туғызу зорлық болар еді.

Бірақ заманның өткенін, ауысқанын тарихтық тұрғы-тұрғы кезендерде, өз шамасынша топшылап түйгісі келген жайларды жаңағы нақыл да анық аңғартады. Ал соншалық есті, сапалы айтылған халық даналығы бола тұрса да, сол ойдың өзі де біздің ендігі, мына қырық жыл ішіндегі табысымыз бен тарихымызға мүлде өлшеу де, мөлшер де болуға жарамай қалғанын айтпасқа болмайды.

Қазақ халқының қырық жылдан бұрынғы мимырт тарихының сүлесөк баяу қимылында, шабан-шардақ қозғалысында зорға барып байқалатын болымсыз өзгерістері, әрине, біз көшіп өткен мынау қырық жылдық сапарымызға әсте шендесе алмайды. Қырық жыл бұрын өткен нелер ел қамқоры, ойшылы саналған ақылды ағаның ойы түгілі, қиялына оралмаған күйлер, күндер болып өтті. Қиялдың да нелер алғыры, қырағысы – тіпті тұманды түс мекенін шарлайтын кезегені, шарқ ұрғышы да, бәр-бәрі де білу түгіл, болжай алмастай өзгеріс болды. Әлем таңырқар тарихқа, табысқа жеткен шақтамыз. Өріс алып жетіп тұрған биік тұрғы тұрағымыз бар. Осы жайды және де жоғарыда аталған келешек күндердің болашақ жаңалықтары, жаңғырулары, жеңістері, табыстарымен қоса мөлшерлеп межелесек, ол тіпті де ой-қиялдың құшағына сыймастай ғажайып танылады.

Дәл осы соңғы ай мен жұмалар, күндер ішінде біздің Отан өнері аспанға атып, әлемді таңырқатып отырған “Жердің жасанды серігі” дегеннің өзі қаншалық. Біздің алдағы күндерге арналған жеңіс-жетісудің күдіретті мүмкіншілігі қандай боп шықты.

Адамзат тарихын әлекке салғысы келген араны бұзық империалистерден дүниені амандап, бейбітшілікті тұрақты етіп алу біздің социалистік әлеміміздің ұлы адамгершілік арманы болып отыр. Адамзаттың жаңа қырғынын тілеген Американың қанқор империалистерінің дегені болмай, бейбітшілік пен халықаралық достықты ұран еткен біздің Отан арманы жеңіп, өктеп шығады. Бұл күмәнсіз келешек! Сол күнде біздің ғылым мен өнер тауып шешіп, меңгеріп алып отырған атом қуатындай қуаттар осы өзіміз жайлап, қыстап, мекендеп жүрген дәл бүгінгі социалистік өлкеміздің де талай табиғаттық олқылық, кемшіліктерін түзейді. Бүгінгіден де жаңғырта, жайната түсетінін біз күмән етпейміз.

Құмдарда хош иісті мәуелі бақтар, шөлдерде күміс сулы бұлақтар, құрғақ далаларда ұзын аққан өзендер сан өлкелерді гүл жайнататынына және де күмән жоқ. Ол күннің баласы мен жасы қазіргі біздің буындардың қырық қана жыл ішінде қыруар ғасырды басып өткенінен де тез өседі. Нелер тарихтық асуды олар бізден де шапшаң асып өтетін болады.

Біздің бала, немере, шөбере буындарымыз, социалистік қазақ ұлтының келешек жақын нәсілдері — барлық Отан халықтарының нәсілдеріндей, өте шапшаң, өте сапалы күйде, ерте ержететін болады. Кейінгі нәсілдер бізден де жіті-жарқын, үлкен қарқын тауып өседі деп сенеміз. Міне, бұның да аты — алтындай болашақ.

Қырық жылдың ой-қиялға өзгеше қанат бітіре қуанта-тын жеңісті жорықтарын айта келе, біз бұдан былайғы болашақты — коммунизм жарығына қарай маңғыстап басқан болашақты толық бақыт, шалқар шаттық арнасы мен аңсары деп санаймыз.

СССР ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТТЕРІНІҢ ӨРКЕНДЕУІ

Ұлы Отанымыздың рухани байлықты мол тану жөнінде Одақтағы барлық елдердің әдебиет жолындағы өсу, даму процестерін танып білу – қасиетті міндет. Жалпы оқушы жұртшылықты патриоттық бағытта, совет халықтарына достық бағытта тәрбиелеу үшін коммунизмді жасаушы барлық туысқан елдеріміздің ой мәдениетімен жақсы таныстыру шарт.

Көп ұлтты мемлекетіміздегі мол әдебиеттік процестердің заңдылық бітім бағдарын танытпақ керек. Әдебиеттерді қатарынан тұтас зерттеу әрбір ұлттар көлемінде әр алуан тарихтық жағдайдағы өсіп, дамудың заңды қалпын аңдатады. Зерттеу ойдағыдай өрістеу үшін әрбір ұлттық, мәдениеттік көлемде реализмнің өсіп, дамып, қалыптасуын білу керек. Сол ретте әдебиеттік дамулардың ішінде орыс әдебиеті алдымен ескеріледі. Он тоғызыншы ғасырдағы орыс классикалық реализмі және совет дәуіріндегі социалистік реализм көлеміндегі ең алдыңғы қатарлы үлгілері арқылы бағаланады.

Орыстың классикалық әдебиеті мен совет әдебиетінің творчестволық тәжірибесі Одақтағы барлық халықтар әдебиеттерінің өсіп, дамуына ерекше әсер еткен. Сондықтан ол әдебиетті ұдайы еске ала, барлай отырып, зерттеулер жүргізу ғылымдық өнімді жолды аңғартатын болады. Сонымен қатар әрбір халықтардың өз әдебиет ерекшелігі есебінде саналатын ұлттық форманы сол халықтың тарихтық даму жолындағы ерекшеліктермен тығыз байланыстыра зерттеу керек. Сол әр әдебиеттің ерекшелік жаратылысын, қалпын орыс әдебиетіндегі реализммен жалғастыра тексеру шарт. Орыс әдебиеті көлеміндегі тәжірибені өзге әдебиеттер тәжірибелерімен жалғастырып, іштей астас, астарлас етіп тексеру ғылымдық өнімді жол саналмақшы.

Әдебиетіміздің ішінара байланыс, қарым-қатынастарын олардың бір-біріне жақындаса араласуымен зерттеу дұрыс. Бұны әдебиет тарихы ғылымының бір зор мұраты деп санау керек. Осы ретте, Одақтағы елдеріміздің алдыңғы қатарлы әдебиеттерін, бастығы орыс әдебиеті етіп, тіл, тарихтық жақындықтарына орайлап, бірнеше топқа бөлуге болады. Сол топтар мыналар:

Бірінші, орыс әдебиетіне жалғас, батыс славян халықтарының әдебиеті – украин, белорус әдебиеті. Екінші, Прибалтика халықтарының әдебиеттері – литван, латыш, эстон әдебиеттері. Үшінші, Кавказ халықтарының әдебиеттері – грузин, армян, азербайжан және Солтүстік Кавказ халықтарының әдебиеттері. Төртінші, Орта Азия, Қазақстан халықтарының әдебиеттері – қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, тәжік әдебиеттері.

Бұл әдебиеттерді бір-біріне жалғастыра зерттеу жайы, тегінде, әдебиет тарихын, “СССР-дің жалпы тарихын” зерттеу негізіне жақын, ұқсас келу керек. Тегінде, осылайша зерттеулер молая, кеңейе, толған шақтарда, түбінде барлық Одақ халықтарының “жалпы совет әдебиет тарихы” туып, дамуға болады. Бұл ретте жалпы әдебиеттік лекциялар салғастыра зерттеу негізіне көбірек сүйенеді.

Туысқан әдебиеттерді салыстыра, тоғыстыра зерттеген шақта әр халықтың ұлы-кішілігіне қарамай, өзінің ерекшеліктері, рухани байлығы бар екенін есте тұту шарт. Сол барлық елдеріміздің ескі қазыналарының мұрагері бүгінгі совет әдебиеттері екенін ерекше есте тұтамыз. Бұл жолда Ұлы Октябрь социалистік революциясы біздің Отандағы әдебиет атаулының өсу жолында әрі зор, әрі ұлы асу екені мәлім.

Барлық халықтарымыздың социалистік ұлттарға айналған шақтарында, советтік мемлекеттік тіршіліктері мазмұны социалистік, түрі ұлттық әдебиет жасауға мүмкіндік береді. Сол арқылы Коммунистік партияның ұлт саясаты өркендей түсіп, барлық советтік халықтардың әдебиеттері құлаш ұрып өсе бастады.

Одақтағы бар халықтардың совет әдебиеттері сол халықтар тарихында ең жаңа, ең негізгі соны мазмұн тудырды. Олары – коммунистік идеяға, халықтық санаға сүйенген шеберлік әдісі. Бұл әдіс барлық туысқан

әдебиеттерге ортақ социалистік реализм әдісі. Сондай сапа, сипаттағы совет әдебиеттері – көп ұлтты теңдік іргесінде туатын әдебиеттер. “Совет әдебиеті тек орыс тілінің әдебиеті емес, ол – бүкіл одақтық әдебиет” (М. Горький). Совет әдебиеттерінің даму жолындағы идеялық негізі лениндік-коммунистік ұлт саясатынан туады.

Бұған қосымша айтылатын негізгі бір жай – ұлттар әдебиеттерінің даму проблемасы бұрынғы революцияшыл демократтардың еңбектерінде де аталғандығы жөнінде. Әрбір көркемөнерде ұлттық мазмұн болуы ерекше қасиет екенін ең әуелі Белинский атаған, Крылов, Пушкин, Гоголь ерекшеліктерін сипаттағанда, Белинский оларды ең алдымен орыс халқының ұлттық жазушылары деп таныған. Сондықтан да Белинский космополиттердің “жалпы адамдық”, “жаппай ұлттық” өнері деген “жүйесымақтарына” мүлде қарсы болған. Осымен қатар, Белинский халықтардың ұлттық рухы тудырған қазыналары ауысып араласуын шарт еткен. Көркемөнерде ұлттық форманы реализмнің үлкен бұйымы деп таныту Белинский жүйесінің басты шарты болады.

Россиядағы халықтардың әдебиеттері турасында достық қамқорлық ойларды Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Салтыков-Щедрин де көп айтқан. Бұл ретте орыстың ұлы жазушылары: Пушкин, Лермонтов, Белинский, Герцен, Чернышевский, Короленко, Чехов – бәрі де патшалық тәртібі езгіге ұшыратқан “бұратана” халықтардың праволарын жоқтасқан.

Орыс әдебиетінің көп үлгілерінде Россиядағы “бұратана” ұлттар адамдарын суреттеулер жиі ұшырайды (Пушкин, Толстой, Короленко, Чехов шығармаларынан сол мысалдарды тегіс көруге болады).

Алдыңғы қатардағы орыс жазушыларының көпшілігі Россиядағы езілген ұлттарға зор достық, тілектестікпен, гуманизм тұрғысынан қараған. Октябрьден бұрын, Россиядағы езілген халықтардың азаттығы жолында Горький де күрескен. Сол халықтарды Горький дүниежүзілік мәдениеттің өркендеп, өсу жолында мол қуат қосатын қазыналы қор деп білген. Сонымен қатар, Горький буржуазиялық-ұлтшылдыққа да қарсы шыққан. Осы жақтарынан қарағанда, Горькийді ұлттар әдебиеттерінің

революциядан бұрынғы және совет дәуіріндегі халықтық қасиетті күштерін қарастырушы – деп түсінеміз. Сол ретте Горькийдің көркем шығармалары мен публицистикалық еңбектерінің басшылық бағасы да аса зор болған.

Осындай жоғарыда аталған жиын жағдайлардың барлығы көп ұлтты совет әдебиетінің даму арнасын салған. Барлық советтік жазушылардың творчестволық тұтас одағы болудың өзі де зор тарихтық мәні бар жай. Сол одақтың бағасы жөнінде Горькийдің бірінші съезде айтқан сөзін есте тұтамыз. “Әр ұлтты, әр тілді барлық республикалар әдебиеті одақтық отан пролетариатының алдында біртұтас дүние боп бірігіп тұр. Барлық мемлекеттердегі революцияшыл пролетариаттың алдында, барлық бізге дос дүниежүзілік әдебиетшілердің көз алдында сондайлық біртұтас дүние болып таныла алады” деген.

Бұдан жиырма жыл бұрын совет әдебиетінің өркендеуін біздің ұлы досымыз, ұстазымыз Горький алдан болжап айтып беріп еді. Ол туысқан елдердің жазушыларына өз әдебиеттерінің өткен шақтарын, бұрын басып өткен кезеңдерін жақсылап тануды кеңес еткен-ді. Совет жазушыларының алға қарай өнімді жолмен өрлей өсуіне сол қажет деп кеңес берген.

Қазіргі шақта I съезд бен II съездің аралық дәуірінің өзін алғанда да, біздің әдебиеттердің ерекше басымдап өскенін аңғардық. Негізі бір, ұлты мол совет әдебиеті Отанымыздың жалпы көркем әдебиеттік қазынасына әр халықтың әдебиетінен туған, толып жатқан жаңалық қазыналарын қосты.

Бар халықтарымыздың мәдениетке өрістеген ұлы қозғалысында мешеулеп қалған ел жоқ. Революциядан бұрын жазу таңбасы болмаған елдердің де әдебиеттері зор табысқа жетті. Осындай көп салалы, көп арналы өсулер сапарында орыстың реалистік әдебиетінің ұстаздық көмегі ерекше зор болды. Бергі дәуірді қойып, халықтарымыздың әдебиеттерінің өткен шақтарына көз салсақ та, көп тамаша үлгілерін көреміз. Азербайжанда – классик демократ Мирза Фатали Ахундов және Сабир мен Мамедкулизаде; Грузияда – Чавчавадзе; Арменияда – Абовян, Налбандян; Қазақстанда – Абай; Осетияда – Коста Хетагуров; Татарда – Тоқай – баршасы да өздері ағартушы демократ-

тар бола тұрып, орыстың классиктерінен анық реализм өнерін үйренген. Олардың бәрін де ұлы орыс әдебиеті шыншылдыққа баулыды. Өмірді нақтылы суреттеп, халықтарына көркемөнерімен еңбек етуге, қамқорлық етуге үйретті. Сол сырымен қатар орыс әдебиеті ұлттар әдебиеттерінің ерекшеліктерін жойған жоқ. Қайта орыс әдебиетінен үйреніп өсу, әрбір ұлт жазушыларының реалистік өнерді баурай отырып, өзіндік ұлттық түрді шеберлікпен дамытуына жәрдем етті.

Ал Ұлы Октябрьден соңғы дәуірде туысқан халықтар әдебиеті өзгеше шапшаңдықпен дамыды. 1930 жылға шейін өзіндік жазу таңбасы болмаған Тува халқының жазушысы Салчак Тока Горькийдің дәстүрі бойынша реалистік роман тудырды. Сол еңбегі социалистік реализмнің шебері деген баға алғызып, бүкіл Одақ көлемінде жақсы танылды.

Орыс әдебиетінің дәстүрлері Октябрьден кейінгі көркем-сөз өнерінің даму процесін екі үлкен арнамен өркендетеді. Бұның бірі – ауыз әдебиеті, екіншісі – жазба шығармалар дәстүрі. Барлық халықтарымыздың ауызша шығармалары өз ұлттары көлемінде жазба поэзиясы тудырған үлгілері бойынша орыс поэзиясының дәстүрлерін бойға сіңіреді. Сол процестер нәтижесінде ауызша әдебиеттің халықтық және социалистік реализм негізіндегі поэзиясы дамып өркендеді. Бұл процесті дағыстан ақыны Сүлейман Стальский, қазақ ақыны Жамбыл мен Нұрпейіс, қырғыз ақыны Тоқтағұл, Әлімқұл Үсембаев, Османқұл Бөлебалаев, түрікмен ақыны Ата Салих, өзбек ақыны Исмаил шайыр, Фазил Юлдаш, қарақалпақ ақыны шайыр Садық, шайыр Аппас тәрізді көп-көп халықтар ақындарының творчестволық тәжірибелерінен байқауға болады.

Советтік шығыста жазба поэзияның бар халықтар әдебиетінде қатты дамығанын көреміз. Маяковский, Тихонов, Исаковский, Твардовский сияқты орыс ақындарының халықтық поэзияның жаңа жолдарын іздену тәжірибелері туысқан елдер ақындарының шығармаларынан үлкен орын алады. Сәбит Мұқанов, Ғафур Ғұлам, Аалы Тоқамбаев, Берді Кербәбаев, Тұрсын-заде, Тайыр Жароков, Әбділла Тәжібаев, Жомарт Бөкенбаев, Ата Каушұтов тәрізді ақындардың бәрі де өзіндік жаңа үлгілер тудырады. Сонымен қатар бұлардың бәрінің шығармасы орыстың советтік поэ-

зиясымен іштей терең, нәзік байланысты болып отырады. Саяси лирикада Ғафур Ғұлам, Мырза Тұрсын-заде Одақ көлемінде көрнекті орын алды. Терең ойлы патриоттық поэзияда Самед Вургун, Мұса Жәлел сияқты ақындардың советтік шығыс поэзиясының Одақ көлемінде үлкен орын алғандығы айқын.

Көркем проза үлгісін алсақ та, Горький дәстүрінің аса зор екенін байқаймыз. Мысалы, әр халықтың революциядан бұрынғы шындығын суреттегенде, революцияшыл жұмыскер табын бейнелеуде, немесе капиталистердің, феодалдардың әкімшілігін, үстемдігін жою жолында алысқан қалың бұқара тартыстарын суреттегенде де Горький дәстүрі көп көмек еткенін көреміз. Сол дәстүр, мысалы, Садриддин Айнидің романы “Кұлдар”, Упиттің романдары “Жасыл жер”, “Бұлттағы сәуле”, Қауи Нажмидің “Көктем желдері”, Мехти Ғүсейннің “Таңертең”, С. Рагимовтың “Шамо”, Гудайтис Гузавичустің “Игнатос ұстаның шындығы” деген романы сияқты барлық шығармалардан байқалады.

Горькийдің ұлы дәстүрлерінің тағы кейбір тарамын революцияшыл тақырыпқа жазылған шығармалардан да аңдауға болады. Мысалы, Шығыста 1916 жылда болған халықтық көтерілістің тақырыбына арналған бір топ шығармалар бар. Олар: қазақта Сәбит Мұқановтың “Ботагөз”, өзбекте Айбектің “Құтлұғ қан”, түрікменде Берді Кербабаетовтың “Айғытлы адым” романдары. Осы шығармаларда революция тақырыбы мен азамат соғысы тақырыбын бейнелеуде орыс әдебиетіндегі реалистік дәстүрлері айқын аңғарылады.

Және сол шығармаларда орыс совет әдебиетінің ең тұңғыш ірі шығармаларының әсерлері де байқалып отырады. Мысалы, Фурмановтың “Чапаев”, Серафимовичтің “Темір тасқыны”, Алексей Толстойдың “Ғазап кешулер үстінде” сияқты романдардан аңғарылып қалады. Сол ретте Шолоховтың “Тынық Дон” романы мен Кербабаетовтың “Айғытлы адым”, С. Мұқановтың “Ботагөз” романдарында тақырыптық, тарихтық ұқсас жайлар бой көрсетіп отырысады. Ал бертінірек кездегі “Көтерілген тың” романына советтік шығыс жазушыларының тудырған көп романдары үндес келеді. Мысалы, Абдулла Каххардың “Қос шынар оттары”, Ғабиден Мұстафиннің “Шығанағы”,

Пәрда Тұрсынның “Оқытушысы” біраз жақтарынан үйлес келеді. Советтік халықтар қатарына кейінірек келіп қосылған Прибалтика республикаларының бірнеше шығармалары да бір бітімдес боп, Шолохов шығармасына кей жақтары ұқсас шығады. Мысалы, Анна Саксенің “Тауға”, Ганс Леберехтың “Коордия сәулесі”, Вилис Лацистің үлкен еңбегі – “Жаңа жағаға” деген шығармалары да адам санасындағы тыңды көтеру мақсатына арналған, тарихтық кең арналы романдар.

Осылайша біздің халықтарымыздың тарихтың әр саты ұлы кезеңдерінде бір алуандас тақырыптар қайталай түсіп, іштей аралас, жалғас суреттеліп отырады. Бұл жайларды жалпы тарихтық үлкен толқындарының ерсілі-қарсылы табысы тоғысып, араласа дамып бара жатқан қалпымен теңеуге болады. Мысалы, Ұлы Отан соғысы кезінде сол Отанды геройлықпен қорғау тақырыбын орыс совет әдебиетінде әрі кең, әрі зор үлгіде Фадеевтің “Жас гвардия” романы суреттеген еді. Соған ілесе қазақ совет әдебиеті көлемінде Ғабит Мүсіреповтің “Қазақ солдатты”, Әбдіжәміл Нұрпейісовтың “Курляндия” романы туды.

Тарихтық сын кезеңде халықтар достығын үлкен тақырып етіп, тылдағы еңбекті көрсететін романдар да жазылады. Ғұмар Башировтың “Намыс”, Түгелбай Сыдықбековтің “Біздің заманның адамдары” сол арнада шыққан шығармалар еді.

Мехти Ғүсейіннің “Апшерон” романы, Ғабиден Мұстафиннің “Қарағандысы”, Керей Мергеннің “Нарыштау төсінде” деген, Ф. Гладковтың “Цементі” тәрізді, Леоновтың “Сот” тәрізді романдары социалистік қоғамның алғаш туған жайларын таратады.

Орыс әдебиетінің алып суретшілері Л. Толстой, М. Горький салған реалистік дәстүр тағы бір топ тарихтық шығармалардың туып, өсуіне үлгі-өнеге берді. Айбектің “Науаи”, Файзидің “Тоқай” атты романдары және Самед Вургунның “Вагиф” пьесасы, Абовян, Налбандян жайларындағы шығармалар – бәрі де бұрынғы өткен ақын-жазушыларды шындық үшін, ел азаматтығы үшін алысып ізденушілер қалпында бейнелейді. Бұл жайларда орыс халқының революцияшыл-демократиялық жолдағы ұлы бағыты, үлгілі мектебі шығармаларға көп нәр, мән қосқаны даусыз.

Советтік шығыс елдерінің әдебиетінде тағы бір мол түбір тәрізді, іштей туыстас келетін бір топ романдар бар. Өткен дәуірді немесе советтік құрылыстың алғашқы тарихтық кезеңдерін біраз жазушылар өз бастарынан кешкен жайлармен жалғастыра таратады. Осындай үлгіде туған, Одақ көлемінде мәлім болған автобиографиялық романдар өзі бір алуан. Бұның мысалдары: Ф. Гладковтың романдарынан, Садриддин Айнидің “Бұхара”, Сәбит Мұқановтың “Менің мектептерім”, “Өмір мектебі”, Ұлуғ-задениң “Біздің өмір таңертеңі” деген романдарынан көрінеді.

Жоғарыда айтылған, Отан соғысы кезіндегі колхоздық құрылысқа арналған шығармалар тобы да біздің әдебиеттерде мол өрістейді. Бұған Мұқановтың “Сырдария”, Мұстафиннің “Шығанақ”, Айбектің “Алтын өлке желдері” деген романдарын қосуға болады. Өзіне бөлек бір алуан қызықты, күрделі тақырып есебінде революциядан бұрын ұлттық жұмысшы табының туып, қалыптасқан жайын баяндайтын елеулі шығармалар да жазылады. Бұл қатарға Қауи Нажмидің “Көктем желдері”, Ғабит Мүсіреповтің “Оянған өлке”, Мехти Ғүсейннің “Таңертең” атты романдарын қосуға болады.

Тақырып топтарымен аталып өткен жоғарыдағы әр алуан шоғыр-шоғыр шығармаларды салыстыра талдауда ұқсастықтарын ашумен қатар, бір-бірінен айырмасы, артық-кемдік жайларын да салыстыра сынау керек. Солайша салыстыра зерттеу ретімен шолғанда, С. Мұқановтың “Ботагөз” романы, Айбектің “Құтлұғ қан” романы бір алуан ойларды тудырады. Бұл екі романда бір-біріне жақыннан жанасатын, әрі ұқсас, әрі ортақ жайлар аз емес. Бірақ сонымен қатар тақырыпты көркемдік жолмен шешуде жазушылардың әр алуан ізденулері айқын байқалады. Екі романда да оқиғаның қайнар күші халық жағында. Сол халық өкілдері есебінде типтік бейне боп қалыптанған: Асқар, Ботагөз, Амантай (“Ботагөз” романында), Юлчи, Ярмат, Қаратай (“Құтлұғ қан” романында) көрінеді. Екі романда да еңбек елінің таптық санасының өсуі, қанаушыларға қарсы ойларының өрлеуі реалистік үлгіде қалыптанған. Айбек романының бас геройы батырақ Юлчи тап тартысы қажеттігін түсініп, көтерілістің қажырлы

қайраткері болды. Айбек өз геройларының психологиясын, халықтық салттарын үлкен шеберлікпен бейнелейді.

Жергілікті әкімдерге қосылып, патшалық үкіметінің көмекшісі боп шығатын жадидшіл ұлтшылдардың қаскөйлік зұлымдығын айқын ашады. Бұлар халықтық қозғалысты басып, тұншықтыруға талпынады. Романда сол жадидшілдерге қажырлы қайратпен қарсы тұрған еңбекші бұқараның интернационалдық қасиеттері көрінеді.

Сәбит Мұқановтың “Ботагөз” романы да көтеріліс тақырыбын дәл жаңағыдай идеялық бағытта бейнелейді. Бірақ сонымен қатар екі романның осы тақырыптағы идеялық творчестволық желісінде өз өзгешеліктері бар. Мысалы, Айбектің романындағы әйел – герой Гүлнәр, бай малайының қызы бола тұра, өз правосы үшін алыспайды. Оның тірлік болмысы әлі әлсіз шарасыздықта. Ол барынша өткен шақ тұтқынында. Ал Мұқановтың герой әйелі – Ботагөз батыл қайраткер. Оның бар жаратылыс бітімінде, ой-арманында болашаққа қарай бой ұрған революцияшыл романтиканың қасиеті бар. Және сол Ботагөз тек ақын қиялы тудырған образ емес, ол реалдық типтік образ. Себебі сол замандағы қазақ әйеліне лайықты болған жақсы қасиеттің талайы бұның бойына жақсы жинақталып берілген. Сөйтіп, Сәбит Мұқанов жалпы шығыс әйелдерінің тағдыры жайын барлық Орта Азия халықтарының әдебиеттері үшін бағалы болған қалыпта шешіп таратады.

Айбек революцияның алдындағы халді бас геройдың қаза табуымен аяқтайды. Мұқанов өз геройларын революцияға жеткізіп, азамат соғысына араластырады. Тақырыбын бұлайша шешу отызыншы жылдардағы қазақ әдебиеті үшін аса қажет еді. Ол әдебиет өзінің барлық жанрында социализмді жасаушылардың қарқынды оптимизмін бейнелеуге беттеген болатын.

Ал осы аталған екі романға ортақ тағы бір ерекшелік бар еді. Бұндағы геройлар жарыс жолында өсіп, дамығанда тек мүлтіксіз тура түзу жолмен ғана өсіп, дамиды. Бұлардың бойында, барлық сана-ойында толқу, қиналу жоқ. Ал түркімен жазушысы Берді Кербабевтың “Айғытлы адым” романында Шолоховтың “Тынық Донына” ұқсас келетін бір мол мазмұн бар. Бұл романның геройы Артық халық бақыты үшін алысатын анық толық қайраткер болудың

алдында, қиын кешулерден өтеді. Қайшылығы мол тіршілік тартысында жаудың торына түсе жүріп, өсетіні де бар.

Осы алуандас шығармалардың барлығын тексерулер тұсында ұлттық дәстүр мен ұлттық формалар қаншалық келісім, көркемдік жайда көрінгенін қоса талдау керек. Әрине, біраз сол ұлттық дәстүрді мәңгі айнымас, дамусыз, өзгеріссіз қалыпта тұрған жайында қарауға болмайды. Зерттегенде ұлттық дәстүрді үнемі дамып, өзгере отыратын процесс ретінде тану керек. Сол жолда әр халық мәдениеті өзге туысқан ұлттардың және ең алдымен әсіресе орыс халқының, советтік қоғамының озғын үлгі дәстүрлерін баурай отырып өсетінін ұдайы есте тұту шарт. Шынайы өнерлі, зор саналы совет жазушысы барлық қоғамның озғын ойларын қалыптап, көркем етіп көрсетуші болғанда өсте ескілікті шағын дәстүр көлемінде қала алмайды.

Мысалы, бұрын көшпелі болған елдің ортасынан шыққан жазушы сол шаруашылық-қоғамдық жағдайлардан туған көшпелілік-патриархалдық қалып дәстүрлердің көлемінде қалса, қаншалық өнер табар еді? Мазмұны бір, көп ұлтты совет әдебиетінің құлаш ұрып, көркейіп даму жолдарын зерттегенде бөріне ортақ шындықтарды, процестерді әрі тұтас күйде талдап отыру керек. Әрі, жаңағы айтқандай, озық ұлттық дәстүрді жеке-жеке ерекшеліктер есебінде және де ұдайы қамтып, анықтап, аша зерттеп тексеру шарт. Сонда әдебиет тарихының совет дәуіріндегі көп салалы күрделі өсу жолдары маркстік-лениндік эстетиканың кең көлемді зерттеу шарттарына жауап ұрарлық болады. Социалистік мәдениеттің көлеміндегі ұлттық түр мәселесі – зор мәні бар мәселе. Көп ұлтты совет мәдениетінің жан-жақты екендігін танытатын үлкен бір белгі сол. Жоғарыда кейбір топ шығармаларды туысқан елдердің әр алуан шығармаларынан алып тексергеніміз тәрізді, енді біраз жаңа тақырыпқа жазылған бірнеше романды салыстыра талдап көрейік. Бұнда да әдебиеттік дәстүрді ұлттық түр жайымен байланыстыра талдаймыз. Мысалға, әр ұлттың әдебиет көлемінде туған алты романды алайық. Олар: Ғұмар Башировтың “Намыс” (татар тілінде), Айбектің “Алтын өлке желдері” (өзбек тілінде), Ғабиден Мұстафиннің “Миллионері” (қазақ тілінде), Түгелбай

Сыдықбековтің “Біздің заманның адамдары” (қырғыз тілінде) деген романдары, бұларға лайық түр мәселелерін тексеру жөнінде Бабаевскийдің дәл осы романдарға ұқсас екі романын еске ала отырамыз. Олар: “Алтын жұлдызды жігіт” және “Жер үстіндегі сәуле”. Аталған романдардың бәрі де 1948-49 жылдар шамасында шыққан. Тақырыптары – туыстас, ортақ тақырып.

Ұлы Отан соғысы кезінде социалистік деревняның тірлігін көрсететін (“Намыс”, “Біздің заманның адамдары”) және соғыстан кейін алғашқы жылдарды көрсететін (“Алтын жұлдызды жігіт”, “Жер үстіндегі сәуле”, “Миллионер”, “Алтын өлке желдері”) осы романдар бірінен-бірі бөлек жағдайда, еліктеусіз өзді-өз заңды ортасында туған. Сонымен қатар бұлардың идеялық ішкі байланыстары өте мол. Адамдарының сезімдері, ойлары, тартыс, тағдырлары да соншалық ұқсас. Бұл романдарды оқығанда орыс, өзбек, қазақ, татар, қырғыз тілдерінде бір үнмен жырланған бақыт жырын, тұтас халық хорын естігендей сезінесің. Бұрынғы замандағы халықтар арасындағы жатырқаулық жойылған. Жеке адам мен тұтас семья, қоғамдық, мемлекеттік тірліктер жөнінде барлық ұғым, нанымдар мүлде өзгерген. Кубаньнің азаматтары Сергей Тутаринов пен Кондратьев “Шолпан” атты татар колхозындағы Мансуров, Хайдар, Нәфисаға жақын туыстай. Сол сияқты “Қаһарман”, “Елебай” колхозындағы өзбек Үктәм, Мирхайдар, Көмилаға да бір туғандай. “Амангелді” атты қазақ колхозындағы Жомарт пен Жанатқа да сондай жақын. Қырғыз жастары Шарғын, Ақияға да соншалық туысып тұрған жандар.

Осы романдардың барлық геройлары өздерінің ұлы Отанын, ардақты халықтарын барынша адал, жарқын жүрекпен сүйеді. Бұлардың бойында, әрқайсысы әр мінезді совет адамдары болумен қатар, зор қайраткер адамдардың ер сенімдері бар. Бәрі де – жан-жүйе бітімдері, қасиетті мүдделер, армандары алысқа меңзеген, тегіс, жарықшағы жоқ тұтас бітімді адамдар. Сондай адамдарға арналған осы шығармалардың әрқайсысына лайықты қонымды болған өзіндік өзгешелігі де бар. Әр романның өз стилі айқын аңғарылады. Әсіресе сол ерекшеліктер халықтардың тіл

мәдениетінің өзгешелігіне, өскелеңдігіне қарай нақтылы боп қалыптанған. Сондай тіл өзгешелігі жағынан қарасақ, “Миллионер” мен “Біздің заманның адамдары” романында іштей көбірек үйлес келген, ұқсас бітімдер байқалады.

Бұл романдардың авторлары әр алуан тың ұғым, термин, жеке сөз, сөйлем мысалдарын орыстың әдебиет тілінен де алады. Соның үстіне қазақтың, қырғыздың тілдерін байыта түсетін өзіндік жаңалықтар да қосады. Бірақ былай ете отыра, бұл екі жазушы да негізінен өздерінің ұлттық тілдерінің ауызша сөйлеу дәстүріне көбірек меңзейді. Бұның себебі де түсінікті.

Қырғыз, қазақ әдебиеттері жазба дәстүр жағынан жас әдебиеттер болғандықтан, бұлардағы ұлттық традиция, әрине, көбінше ауызша сақталған тіл мәдениеті – фольклор дәстүрі ретінде болған. Бұл романдардың тілдері бай, көрікті. Көпшілік оқушыға түсінікті болғанда, жазба әдебиет тілі мен ауызша сөйлем тілдің халық дәстүрінде жігі соншалық ажыраспаған кезенді аңғартады. Бірақ осылай бола тұрса да, сол жазушының өзді-өз арасында және де айырмыстары бар.

Сыдықбеков халықтық мақал, мәтел, шешендік өрнектерді, сөйлем орамдарды сол халықтық үлгіден көп өзгертпей алады. Ал Мұстафин халықтық үлгіні еске алумен қатар, өз жанынан тың, шебер, шешен афористік үлгілер тудырып отырады. Бірақ осы екі жазушының да геройларының ішінде қартаң адамдары шеберірек, шешенірек сөйлейді.

Баширов пен Айбектің романдарында тіл ерекшеліктері басқаша шыққан. Олар сөздің көрікті, үлгілі орамдарын фольклор мен ауызша сөзден алудан гөрі, жазба әдебиет үлгілерін молырақ пайдаланады. Әрине, бұлардың тілі де кітап тілі емес, өз халықтары тұтынып, қолданып жүрген әдебиеттік тіл. Жазба әдебиет дәстүрі ертерек заманнан жайылған бұл елдерде әдебиеттік тілдің жалпы ұлттық сөйлем тілінде үлгі беріп, әсер еткені мәлім жай. Сол ерекшеліктер жаңағы соңғы романдар үлгісінен айқын көрінеді.

Бірақ Айбектің романында халықтық, жанды, ауызша тіл атаулының бүгінгі байлықтарына мол бейіл бермегендік байқалады. Жазушы өзбектің көркем прозасының

синтаксисін өсіре дамытуға тырысатыны рас. Бірақ осы жолда сөйлемдері ауыр, шұбалаң келетіні бар.

Башировте тіл шеберлігі айқын, жарқын ұғымдылықпен үйлес келеді. Ол өз халқының жазба әдебиетіндегі жақсы дәстүрді татар деревнясындағы колхозшының шешен, шебер тіл байлығымен жақсы үйлестіріп, келістіре пайдаланған.

Тегінде, ұлттық форманың зор проблемасының бірі есебінде шығармалардағы тіл мәдениеті жайын әр кезде айрықша талдай тану керек. Өз геройларының еңбек әрекеттерін бейнелеуде жаңағы жазушылардың тағы да бірнеше ұқсастық пен айырмастары еске түседі. Мысалы, Фабиден мен Айбек еңбектегі әрекеттерді суреттегенде көркем құрылыс жайын қонымды етіп беру орнына қорытылмаған шикі материалдарды ұсынады. Себебі бұл жазушылар өз геройларының еңбектегі қайраттарын нақтылы түрде жете зерттемеген. Олардың қоғамдық ісіндегі пафосын өз көңілдерінен соншалық айқын түрде түсінбеген тәрізді. Бұл жағына келгенде, геройларының еңбек жайын Баширов орынды, қонымды етіп, шебер суреттейді. Оның адамдары геройлық еңбекке қадалып, төстабандап қайрат етеді.

Нәфиса бастаған еңбекші колхозшылар отряды өздерінің бар тартысы бойынша өмірлік, нақтылы тарихтық, шындық қалыпта суреттелген. Бұлардың іс-әрекеттері Волганың бойындағы Волгоградты геройлық қайратпен майдан ерлері қорғап жатқан жазда, дәл осы Волганың бойында суреттеледі. Өздерінің қажырлы қайратымен бұл колхозшылар да Волгоград үшін алысып жатыр. Башировтың романы жазушының нақтылы еңбекке барынша ден қойып, тереңдей бойлап суреттеуін аңғартады.

Совет әдебиетінде біздің халықтарымыздың достығын бейнелеу – ең қадірлі тақырыптың бірі. Бұл жөнінде туысқан ұлттар әдебиетінде, әсіресе ұлы орыс халқына және оның мәдениетіне шын махаббат құрметпен көңіл бөлу айрықша бағалы сипат саналады. Жаңағы романдарда және де орыс адамдарының жағымды бейнесін беруді талап еткен көп үлгілер бар. Бірақ бірталай романдарда орыс адамын суреттеуде даулы жайлар болады. Жаңағы романдардың

да кейбірінде сол орыс адамын орыс етіп көрсету орнына басқа ұлттық қалпына түгел ауыстырып жіберген әдет бар. Оған сылтау, себеп етіп сол орыс адамдарының туысқан ел арасында көп тұрғандығын, оның тілі мен салтын жақсы білгендігін айтады.

Осы жайға сүйеніп, жаңағы геройдың мінезін, ой-сезімін, тіл, сөз қалпын өзінің ұлттық жаратылысынан мүлде өзгертіп әкетеді. Мысалы, Сыдықбековтың романында Дмитрий ұстаның өзі, Надежда Сергеевна дейтін әйелі, Сергей атты ұлы, Мария деген қызы – баршасы да түгелімен “қырғызданып” кеткен. Мұндай тәсіл мен үлгіні қолдану арқылы жазушы өзінің ең бір қасиетті міндетін арзандатып шешіп, оңай жалтарып кетеді. Ол міндеті – орыс адамын оның халқына сай психология, ерекшеліктерімен анық орыс адамы етіп суреттеуде.

Барлық совет халықтарының ішінде, бауырлас дос ортада орыс адамы мәдениеттің, өскелең дәстүрдің, үлгілі қасиеттің асыл мысалдарын көрсету шарт. Себебі оның ұлты барлық социалистік ұлттар ішіндегі мәдениет, өнер, үлгі жағынан аға ұлт. Осы жайды романдар біркелкі дұрыс шеше алмаған.

Ғабиденде “Шығанақ” романының қазақша басылған қалпында орыс адамы Иванның жайы да жаңағы Сыдықбеков романындағыға ұқсас болып шыққан-ды. Осыған ұқсаған жай Сәбиттің “Сырдариясы”, ондағы Анатолий, тек аты мен кейбір қысқарған өмірбаян фактілері болмаса, басқа сөз, мінез, өмір жағынан түгелдей “қазақыланып” кеткен. Бұның да өз ұлты, орыс халқына сай ерекшеліктері көп білінбей, қазаққа ауысып кетеді. Бұл ретте қиын да болса тура жолды Айбек тауып жазды. Оның романында агротехник Акаскин де өзбек арасында 14 жыл өмір кешкен, өзбек тілін тамаша жақсы білген орыс адамы. Бірақ өзбектің колхозшы әйелдерінің ең сенімді, ең тәжірибелі ақылшысы, көмекшісі болумен қатар, ол әр мінезінде, әңгіме сөзінде анық орыс адамының өз бейнесін, тек-тұлғасын жақсы сақтайды. Сол романда инженер-ирригатор Астахов пен әйелі Галяны да өзбек колхозшылары анық орыс адамы қалыптарында жақсы ұғынып, аса жақсы көріседі.

Салыстыра зерттеу үстінде біздің барлық тексерулеріміз көп ұлтты жазушыларымыздың шығармаларына зор сын

талаптарды қоюмен қатар жүру керек. Әрбір талдау, тексеру, зерттеуде бүгінгі совет жазушысына қойылатын халықтық, тарихтық, партиялық талаптардың бәрін түгелімен есте тұту шарт. Сол жөнде ұлы басшымыз Коммунистік партияның XX съезі атаған әдебиетке арналған сол талаптарды еске сақтау міндет. Әрбір сынға негізгі, бастаушы, таразы етіп қолдану қажет.

Енді осы тұрғыдан қарап, біздің әдебиетіміздің көбіне бірдей қойылатын біраз талаптарды арнап атап кету керек. Совет жазушыларының бар топтарының алдында тұрған ең қасиетті, ардақты міндет қазіргі замандағы совет адамдарының ұлы тұлғасын толық көрсетуде. Заманымыздың сол геройын, совет адамын зор қайратымен көрсетуді мақсат еткенде, оны асыра әсірелеп, әбден тыс мадақтап кетеді екеміз деп қорқу керек емес. Себебі біздің заман геройының тірлік болмыстағы шынайы өскен, жеткен өрісін, қалпын ойласақ, оның бойына, ірілігіне біздің жазып жүргеніміз шақ келместей. Мысалы, әдебиетіміз тудырған қай геройымыздың бейнесі Гастеллоның қаһармандық әрекетіне тең еді? Болмаса, Мересьевтің өміріндегі нақтылы патриоттық сезімі, болаттай құрыш қайраты соның жайынан жазылған кітапта асып түсіп жатыр ма?

Ұлы Отан соғысынан кейінгі әдебиетімізде бесінші бесжылдықтың озғын қайраткерлері тудырған еңбек батырлығына, озғын табыстарына сай келген қанша әдебиеттік бейне бар? Әрине, бұған қарап әдебиеттік геройды әшекейлеп, жалған бояумен түрлентіп көрсету керек демейміз. Қайта әсірелей бояушылық жазушының олақтық белгісі, дәрменсіздік қалпынан туған арзан дүние деп білеміз.

Совет адамының шынайы алып тұлғасын көрсетерлік шеберлікке жете алмай, жазушы жалған шаралар қолданатыны бар. Орташа ғана адамды алып, соның шапшағын ғана бейнесін арзан жолмен орынсыз әшкерелеп бояп, жалтыратып көрсетуге тырысады. Геройды “жақсы” боп көрінсін деп, өзінше жайлы ғана, бір оңай ғана ортаға апарып қосады. Ол герой өзгелерден ақылды болғанды, бірақ орташа адамнан озған ақылы да жоқ. Адамгершілік сипаты да, қиял арманы да сол орташа жандардың маңынан ұзамайды. Ол, мысалы, махаббат жөнінде төзімді, үнем

созар сабырлы келеді. Себебі оны жақсы көретін қыз да романның ең алғашқы бетінен бастап, бір бұған бойұрады да, айнымаған сезіммен, қызықсыз төзіммен, ешбір бөгет болмаса да, сол жігітіне қарай ұйыған қалпында қала береді. Бұл герой үй іші тірлігінде де өнегелі. Кәрі-жаспен ынтымақта, бар болмысында тырнақтай да ақау мен жарықшақ жоқ, жетістіре көрсетеміз.

Ескі сананың қалдығы сияқты кейбір болымсыз жайлардың өзі де бұл герой жақындай бергенде-ақ от қасындағы майдай еріп жөнеле береді. Айналадағы адам атаулыға ол әулиедей әділ-ақ және барынша белсенді. Оның іскерлік тәжірибесі де молдың молы. Бірақ сол тәжірибені қалай, қайдан тапқаны роман ішінде көрінбейді. Романның сыртынан, өтіп кеткен майданнан әкелген қасиет болады.

Бұл еңбек ететін орта алдын ала осыны тосып, тек осыған ғана қалтара қарап отырған соншалық жайлы болып әзір тұрады. Егіні себіліп, жері жыртылып, тек жауынын ғана тосып отырған өлке тәрізді. Міне, осындай жайлармен орташа ғана адамды “үкілеп, тұмарлап бергендей әдемілеп, мәпелеп көрсету арқылы дәуіріміздің шын геройының бейнесін бердік” демекші боламыз. Анығында, геройдың өзі шын, жақсының толық, анық өз тұлғасын берудің орнына бояулы, әшекейлі елесін береміз.

Орыс классикасының зор мәдениетті дәстүрінің тұрғысынан қарағанда, бұл істердің бәрі көркемдік жолындағы дәрменсіздік. Себебі ұстазымыз, ұлы мектебіміз есебінде танылатын анық жоғары сапалы сол орыс әдебиетінің арғы-бергі үлгі-өнегесін алсақ, әр кезде негізгі герой мен негізгі оқиғаны тартыста бейнелеу әр шақта кесек, ірі болатын. Анық ірі адамдар араласқан өмір тартысы ғана барлық шығармаға ірілік-кесектік қасиет бітіретін. Ал адамның ірілігі бір сипат емес, ішкі-тысқы сан сипат қасиетінен құралатын. Орташа адамдарға үлкен шығарма іргесі құрыла алмайды. Мысалы, орыс өмірінің энциклопедиясы болып танылған Пушкиннің өлеңмен жазылған романының барлық мазмұны Онегин, Татьянасыз, тек Ленский мен Ольганың бастарына құрылуға болар ма еді!? Онегин мен Татьяна бар сезімдері терең, ақылы мол, ішкі жаратылыстарында талантты адамдар болатын. Ал Ленский өз мінезінің ерекшелігі жағынан едәуір қызықты герой болғанмен,

жаңағыларға тең емес. Олардан әр сипаты кем, кіші соғады. Сол себепті оны Пушкин өз романының бас геройы етуге жеткіліксіз көрген.

Рас, орыс классикасының көп шығармаларында реалистікпен аса шебер қалыпта бейнеленген орташа адамдар да аз емес. Тегінде, оларсыз анық реалдық өмірдің суреті шындығын жасау мүмкін де болмас еді. Бірақ классиктер ешуақытта өздерінің шығармаларындағы орташа геройларды бас қаһарман орнына ұсынған емес. Біздегі олқылық үлкені осы жайдан туып жүр.

Осы ойларға байланысты біраз мысалдарды еске алайық: соғыстан кейінгі он шақты жыл шамасын алсақ, Ұлы Отан соғысы майданында үлкен тәжірибе алып, қайтып келіп, колхозды құрылысқа еңбек сіңіруші геройлардың бейнесі біздің бар республикалардың көркем прозасында (роман, повестерінде) молынан сипатталады.

Өмірлік шындыққа жазушылардың шынайы ынтыға талпынған жақсы талабынан туған ізденулер солай болатын. Мысалы, осыдан бұрын біз атаған Айбектің, Фабиденнің романдарында не майданнан қайтып келген, не оқудан келген өнерлі, қажырлы офицерлердің, агрономдардың колхоз құрылысына ең алғаш келуінен оқиға басталушы еді. Дәл сол романдардың тағы бірнеше ұқсас, туыстас үлгілері кейінгі жылдарда да молая түсті.

Мысалы, Тәжікстанда Ұлұғ-задениң “Жаңғырған жер” атты романындағы Нұралы Баратов сондай жан. Түрікменстанда Кербабаевтың “Ақ алтын өлкесіндегі Айсұлтан” атты романындағы Бегеніш сондайлық. Өзбекстанда Шараф Рашидовтың “Жеңушілер” атты романындағы Әлижан және сондай. Тағы да Түрікменстан жазушысы Ата Каушутовтың “Копет-Даг етегінде” деген романында Хошгелді бейнесі де сол тәрізді.

Осы аталған, әскерден қайтқан геройлардың бәрі де белгілі дәрежеде Сергей Тутариновтың аға-іні, туыстары деуге болады.

Бабаевскийге еліктемесе де, бір топ елдеріміздің біраз жазушылары іздену бағытын өте ұқсас бір өрістен табысты. Сонымен қатар жағымды геройды типтік жағдайда бейнелеудің негізін де осы топ жазушы бір үлгіде таратысты. Енді сол негіздеріне келсек, алған жайларын ұдайы

келістіріп шығара алмаған күйлерді де осы романдардан көреміз. Дәл осы шығармалардың көпшілігінде дәуірдің зор бейнесін орташа жақсы адам қалпы-қабілетінде шамалау, бейнелеу дағдыға айналып қалды. Анық үлкен герой боларлық адамдардың әрекет ететін көп жағдайлары жеңілденіп алғандықтан, бұл геройлардың өздері де жеңілейіп, жұқарып кетті. Анық үлкен геройға лайық боларлық эпостық сипаттардан ажырап қалысты. Сондай жай Бабаевскийдің өзінің де екінші кітабында әсіресе байқалған еді.

Дәл осы айтылған себептен Мұстафиннің “Миллионерінде” кейіпкерлік жағынан қарағанда Жомарттан да бұрынғы ескі бастық Жақып қызықтырақ боп шықты. Себебі оның бейнесінде әр алуан қылықтар мен алысудың қиын тартысы бар. Сыртқы тірлік жайларға емес, ол өз сана, психологиясында да өз ішіндегі қайшылықтар мен шарпысуға тап болды. Сондықтан да әдебиеттік шындық пен шеберлік жағынан алғанда және өмірлік қиын түйіндер жағынан қарағанда, осы алуандас бейнелер, автордың ниетінен тыс, оқушыға қызықты болып көрінеді. Осы себепті, мысалы, Шараф Рашидовтың тұлғасы салмақтырақ, күштірек шыққан. Үйткені бұрын әдет пен шарифат қоса қанаған шығыс әйелінің бүгінгі басшылық орынға ұмтыла шығу жолында шынайы ауыр тартыстар жатқаны даусыз.

Ата Каушутов романының да осындай қайшылыққа молырақ ұшырайтын геройларының басындағы конфликтер салмақты, қызықты болып шыққан. Ал осы барлық романдардың махаббат тартыстарын, түйіндерін алсақ, бастығы “Алтын жұлдызды жігіт” болып, махаббат жайы аса солғын, отсыз болып шыққан.

Осы барлық романдардың ең алғашқы беттерінде екі жас оқушыға ұшырайды да, дәл сол бір-ақ көріністің өзінде-ақ екеуі де қатарынан тұтаныса қалады. Ал содан әрі ешбір елеулі бөгет, түйіндер болмаса да, жаңағы бар романдардың жазушылары сол қыздары мен жігіттерін кітаптарының ең соңғы беттеріне шейін үйлендірмей, қоспай-ақ, алшақ алып барысады. Бұның себебі махаббат мәселесі тез шешіліп қалса, адам тағдыры жөніндегі қызық пен қызу оттар, тартымды жайлар кітапта солғындап кетеді. Содан қорқып

жасанды, жалған қызық ретінде оқушыны алдаусыратады. Араларында түк бөгет қалмаған жастар түйінін дәлелсіз ұзаққа созады.

Бірақ осындай орынсыз созалаңға ауысқан шақтарда жаңағы жастар өздерінің алғашқы қызықты қалыптарынан ажырап, тонала береді. Шынайы жалынды махаббат алысушы жанды бейне болудан қалады да, ерлі-зайып тірліктің жансыз ғана үлгісымағын көрсеткіш плакатқа айналып кетеді. Осылайша әр ұлттың әр алуан жазушылары, үлгілі адамдардың бейнесін жасамақ асыл ниет жолында бола тұра, бірыңғай схемаға түсіп кетеді.

Әрине, бұл жайларға көркемдік мәдениеті толыса алмай жүрген жас әдебиет шалалығы да әсер етпей қоймайды. Ұлы дәуірдің эпосы – біздің халқымыз бен тарихымыздың көркем әдебиеттен талап еткен үлкен өрі, қалаулы биігі. Ал ондай ұлы дәуір эпосы ешуақытта схеманың ешбір элементін қабыл ете алмайды.

Шынайы үлкен, кесек шығарма мол характерсіз жасалмайды. Кесек характер кең, терең сезімсіз болмайды. Әрбір ұлы терең сезім ғана ұлы тартысты туғызады. Ал совет адамын алсақ, оның басында осы қасиет бар. Бірақ, сонымен қатар, жаңа тарих, жаңа дәуір жасаушы, сол үшін алысушы совет адамдарының өзі де дәл бүгінгі шағында бар тараптан түп-түгел толық жетісіп тұра бермейтін болады. Ондайлық адамды, бар сипаты барынша келісіп біткен қалпындағы адамды, біз алдымызда арман еткен коммунизм заманында қалыпсыз толық тұлға түрінде табатын болармыз.

Біздің дәуіріміздегі геройдың ұлылығы оның бойында бірде-бір ақау, сәл ғана мін болмауында емес. Оның өзінің айналасындағы ортада немесе тіпті дәл өзінің ішінде де боларлық ескілік қалдығымен тынымсыз, бітімсіз күйде ерше алыса білуінде.

Халықтар эпосы тудырған алып бейнелерді еске алсақ, олардың көпшілігін ұлы тартыс, зор қасиетті сезімдері қатты көтеріп, өсіре түскенін байқаймыз. Көп үшін, халқы, Отаны үшін алысам деген әділ армандары оларға алып қуатындай қуат, қайрат бітіріп отырған. Адамзат нәсіліне от әкеп бергені үшін Прометей құдайлардың өзімен жауласып, соларға қарсы қарысып алысқан еді. Өз халқын

жат, жау басқыншылардан құтқару арманы орыс батыры Илья Муромецті отыз жыл отырып, мешел боп жатқан қалпынан секірітіп, ыршытып тұрғызған еді. Сол арман-сана оның білегіне де қаһарман қуатын бітірген болатын. Батырлар мен алыптар кешіп өткен жолдай жолдарды, белдерді басып өткен совет адамы аз ба екен? Тек Қазақстан, Орта Азия республикалары сияқты өлкелердің өзінде туып-өскен орта жасты азамат атаулыны алсақ, солар қандайлық дәуірлерден өтіп, бүгінгі өріске жетіп отыр? Олар феодалдық-рушылдық құрылысты, капитализм және социализм формацияларын бастан кешірді. Бүгін енді коммунистік қоғамды құрушылар қатарында тұрған жоқ па?! Тіпті сол адамның өзінің де өмірі мен тартысы, өсу жолы анық эпостық бейнеге сай емес пе?!

Бірақ бұл адамның бойында, ой тірлігінде, сезім-санасында кез-кезеңдерде болып өткен ғасырлар қайшылықтарын оп-оңай сыпырып тастап, жеңілейте суреттесе, көркем бейне болып шыға ала ма? Әрине, шыға алмайды. Қайта оның орнына сол адамның адал ниетпен коммунизм үшін алысқан шыншыл бейнесін, дәл болмысын бейнелесе, анық өскелең образ сондай жаннан туар еді.

Қазір барлық отаншыл қайраткер халқымыз қатарында партияның XX съезі белгілеген үлкен жолмен алтыншы бесжылдықтың жемісті табыстарына жетіспекпіз. Қаһармандық қайрат ететін халқымызға жәрдем етерлік, дәуірлік ұлы образдар тудыру — біздің барлық туысқан әдебиетіміздің алдында тұрған қасиетті міндеттері.

Одақтағы туысқан елдер әдебиеттерін салыстыра тексеріп тануда жоғарыда айтылып өткен мысалдар көп зерттеулерді талап етеді. Біздің нақтылы шолу тексерулеріміз бүгінгі тақырыптарға жазылған актуальды шығармаларды талдауға арналды. Сол алуандас және одан да гөрі тереңдей, өрістей түскен салыстыра тексеру, зерттеу мысалдары: туысқан елдеріміздің көп жанрлы, көп үлгілі әр дәуірдегі әдебиеттік ескерткіштеріне де арналуға тиіс. Сол жөнде прозалық шығармалардың едәуір үлгілерін осы мақаланың алғашқы кездерінде салғастыра тексеру мысалдарымен шолып өттік. Кейін аталатын топтар, әр әдебиетке бөлек арналып айтылған тұжырымды шолулар

алда болатын салыстырып тексерудің материалдарын нұсқау ретінде ғана көрсетеді.

Туысқан әдебиеттер тарихын тереңдеп таратып, тексеретін шақтарда осы мақала соңында аталатын топтардың бәрінің де бір-бірімен ұқсастық, жалғастық жайлары толығырақ және нақтылы күйде талдануға тиіс. Бұл жөнде, әрине, айрықша баса айтатын бір жай әр әдебиеттің орыс әдебиетімен байланысты болған ұқсастық өзгешеліктері жөнінде. Сонымен қатар өзге туысқан әдебиеттермен болған байланыстар да толық бағаланып, салыстыра тексеріліп отырады.

Россиядағы халықтардың революциядан бұрынғы тарихының өзінде де орыс халқының озғын мәдениеті мен әдебиетінің әсері зор болған. СССР-дағы халықтар достығының тарихтық тамырлары сол ертеден басталатын. Кейінгі зерттеулерде барлық халықтарымыз әдебиеті мен мәдениетінде Октябрь революциясының алдында болған қарым-қатынасты айқын көрсетуге тырысу керек.

Осы тұрғыдан қарағанда, Россиядағы туысқан елдер әдебиеттерінің бірлігіне арналған тартысты Горький бастады. Туысқан елдер әдебиетінің өсу негізі Коммунистік партияның ұлы басшылығына сүйенетінін, Ленин туы астында орыс жұмысшы табының революциялық тартысынан басталатынын ашу керек. Туысқан халықтар әдебиетінің көлемінде реализмнің қалыптасуын айқындап ашу үшін әр халықтың фольклоры мен әдебиеттік мұраларын бағалау шарт. Соның үстіне, орыс классиктерінің және орыс совет жазушыларының нәрлі әсері мол болғанын ашу қажет.

Одақтағы халықтар әдебиетінің өсу жолына, мысалы, Пушкиннің еткен әсері бір төбе. Пушкин шығармаларының туысқан халықтар тілдеріне аударылуының өзі де ерекше ескерілу керек. Жалпы Пушкин шығармалары жиыны 76 тілге аударылған деп саналады. Пушкин шығармаларының аудармалары біздің Отандағы әр елдің әдебиет тілі өсуіне, әдебиеттік стилі баюына мол әсер еткен.

Туысқан елдеріміздің тіліне Лермонтов, Гоголь, Тургенев, Л. Толстой және Чехов шығармалары да көп аударылған. Ол аудармалар да жаңа әдебиет тілдері мен көркем прозаның мәдениеті өсіп, дамуына көп көмек етті.

Горький шығармалары да Одақтағы әлденеше халықтар тіліне аударылды. Жеке әдебиеттер мен Одақ елдеріндегі жеке жазушылардың творчестволық өсуіне де Горькийдің ұстаздық әсері мол болған.

Туысқан республикалар ақындарының творчестволық өсу жолында Маяковский әсері де сондайлық өзгеше зор болды. Маяковский поэзиясындағы коммунистік идеяның басымдығы әсіресе ең үлкен өнімді үлгі берді. Бұрынғы үйреншікті әдебиет түрлерін күйретіп, жаңғыртумен де Маяковский барлық республикалардағы совет ақындарына өзгеше тың үлгі танытқан.

Маяковскийдегі публицистикалық лирика да ұлттар поэзиясына көп әсер етті. Оның тақырыптары да барлық совет ақындарына бүгінгі тақырыптағы баураудың асыл өнегесін аңғартқан. Маяковский шығармаларының туысқан халықтар тілдеріне аударылып, сол аудармалардың поэзия мен әдебиет тілін өсіруге, өнерлендіруге ірі әсер еткені айрықша ескерілу керек.

Социалистік реализм жайы мен мол жанрлар жайы да Одақ халықтарының әдебиетінде біркелкі болмаған. Қазірде де бірқалыпты қатар ғана күйде емес. Бұрын жазба өнері болмаған бір ұлттардың әдебиеті фольклор дәстүрінен енді-енді ғана асып, ұзау кезеңінде. Бұл елдердің ең алғашқы жазба түрде туған шығармалары, өлеңдер мен ән текстері, бір жағынан, фольклор әдістерін қолданса, екінші жақтан, газет тіліне жақын боп қалыптасатын. Сондай өлеңдер мен ақындық жанрларға ілесе ұлттар тілдерінде жаңа драматургия туа бастайды.

Музыкалық драмалар мен комедиялар жаңа ұлттық операларының алғашқы либретто-пьесалары есебінде жарыққа шығады. Ұлттық театрлардың пайда болуына осы репертуарлардың көп сеп, көмегі тиеді.

Поэзия мен драматургияның соңынан сол әдебиеттерде әр үлгілі көркем проза туа бастайды. Бұрын жазу таңбасы болмаған немесе жазу дәстүрі жас болған халықтарда алғашқы он-он бес жыл көлемінде жаңа туған совет әдебиеті көбінше әр алуан өлең-поэзия түрінде болған.

Социалистік реализм әдісінің туысқан елдерде өсу шарты әсіресе жаңа мазмұнды шебер баурай алуға байланысты. Социализм үшін болып жатқан күресті

және сол күрестің қаһарманын социализм үшін алысушы қайраткер етіп көрсету шарт. Осы жайлардың көбі ұлттық дәстүр үлгісінде жеке ұлттық ерекшеліктермен байланысты да болады. Сондай тақырыптарды, идеяларды толық баурап өсу шарттары ең алдымен схематизмді, натурализмді, құрғақ көп сөзділікті жоюға байланысты болады.

Осылайша кейде нақтылы салыстыра тексеру жасап, кейде ғылымдық зерттеу проблемаларын (жаңағы, соңғы беттерде айтқандай) топтай атап отырып, осы очеркіміз көлемінде енді туысқан әдебиеттердің біраз көркем ескерткіштерін қысқа, нақтылы түрде шолып өтеміз. Бұл шолуда біз осы тараудың басында аталған топ-топ туысқан әдебиеттердің тарихтық жеке-жеке ескерткіштері мен жазушыларына, кейде нақтылы шығармаларына айрықша тоқтап өтеміз. Осылайша Одақтағы көп туысқан елдердің революциядан бұрынғы аз дәуірлерден қалған асыл мұраларын және совет дәуіріндегі ірі шығармалары мен жазушыларын қысқаша топтап та, жекелеп те таныстырамыз. Бұлай шолу біздің очеркіміздің көлемінде көбінше жоғарғы мектептерде оқылатын лекция-курстарының программалары қалпында: қысқа, тұжырымды ғана аталып өткені бар. Сондықтан бұл тараудың бұл материалдар жөніндегі деректерін толық мәлімет деп санамаймыз. Бірақ бұл күнге шейін қазақ тілінде туып, тарап жүрген орта мектеп оқу құралдарында және жоғарғы мектептер программаларында қазақ тілінде осындай да болса әр туысқан әдебиетке арналған шолу деректер болмағандықтан, төменгі мәліметтерді беруге бекіндік. Қысқалығын, толық еместігін біле тұрсақ та, аз да болса нақтылы, анық әдебиеттік факт-деректер “біздің оқушыларға, мұғалімдерге жете берсін” деген мақсатпен осылайша құралған алғашқы шолуды әдейі арнап беріп отырмыз.

Украина әдебиеті

Алыс ескілік мұраларын атап өтсек, “Игорь полкі турасындағы сөз” барлық Русь атанған славяндарға ортақ ескерткіш еді. Сол ұлы, көне мұрадан бастап, беріге созылатын халықтық ауызша шығармалар бергі замандардағы Украина халықтарының жалпы поэзиясы өсуге

көп қор, нәр қосқан. Ұлан-ғайыр тарих бойында Украина әдебиеті орыс халқы мен белорус халқы әдебиеттерімен ұдайы туысқандық-жақындық қалыпта айқасып өседі. Украинаның ұлы философ ағартушысы Григорий Сковорода (XVIII ғасырда тірлік еткен қайраткер) украин әдебиеті мен орыс әдебиетіне де әсер етеді. Ол Л. Толстой, Лесков шығармаларына да әсерін тигізген.

XIX ғасырдағы украин әдебиетінің өсу жолы да өзгеше қасиеттерін танытады. Бұл дәуірде ұлы революцияшыл-демократ Тарас Шевченко шыққан. Ол Украина жаңа әдебиетінің іргесін қалаушы және Украина әдебиет тілін жасаушы деп танылады.

Шевченконың өмірбаяны мен творчестволық еңбектерін Одақтағы барлық әлем біліп, құрмет тұту шарт. Оның өмірі, өзі айтқандай: “Менің өмірім менің Отаным тарихының бір бөлімі” болатын. Шевченконың революцияшыл әрекетін де тану, білу қажет.

Патшалық өкімет революцияшыл ақынды қуғынға ұшыратқан. Шевченко жөнінде Герцен, Чернышевский, Добролюбов айтқан пікірлер көп. Шевченконың өз уақытындағы орыс мәдениет қайраткерлерімен нық байланысты, олардан алған көмегі де көп болған. Тарас Шевченконы құл-крестьян халінен орыс мәдениет қайраткерлері Брюллов, Жуковский және Сошенко бірігіп, ақы төлеп азат етіп алған.

Шевченконың алғашқы балладалары мен поэмаларында және барлық творчествосында реализм мен жаңашылық басым. “Қатты дауыл” мотивтері халық жырларының мотивтері болатын. Оның шығармасында құл-крестьяндардың реалистік бейнелері көрінеді (“Катерина”, “Гайдамактар” атанған тарихтық поэмасы). “Ұйқы”, “Кавказ” тәрізді революцияшыл сатирасы да болған. Зұлымдықты әшкерелеу жолындағы өлеңдері мен поэмалары көп. “Өлілер мен тірілерге” деген сияқты, патшалық әміріне қарсы және либерализмді әшкерелеген, батысқа бас июшілікті шенеген шығармалары да бар. Шевченконың тіл мен поэтикасындағы көркемдік шеберліктер айрықша бағаланады.

Ақынның Қазақстанға арналған шығармаларының бағасы мен сапасы зор болған.

“Кімде-кімнің отанына махаббаты болмаса, ол жүрегі қайыршы кемтар”. Шевченко туралы Горький сөздері мен Ленин сөздері айрықша еске алынады. Осы аталған жайлардың барлығы да украин әдебиетінде шевченколық бағыт пен Шевченконың демократтық дәстүрлері сияқты тақырыптарды туысқан әдебиеттер фактілерімен салыстыра зерттеуге мол мүмкіндік береді.

М. Коцюбинский өмірі мен творчествосының елеулі кезеңдері. Оның “Күлкі” және “Аттар жазалы” деген әңгімелерінде буржуазиялық либерализмнің сыналуы. Революция жайындағы көркем документ есебінде туған “Фата Моргана” повесі – Коцюбинский шығармасындағы жұмысшылардың бірінші образдары. Оның сыншы реализм үшін алысуы, Горькиймен достығы, одан алған әсері, Горькийдің Коцюбинский жайындағы айтқан сөздері – бәрі де салыстыра тексеруге тиісті жайлар.

Украинаның советтік жазушылары: Украина ақыны Павло Тычинаның “Күн кларнеттері” деп аталған алғашқы өлеңдер жинағынан бастап “Партия бастап келеді” деген кітабына шейінгі творчестволық жолы нақ пролетариат ақынының іздену, өсу, өрлеу жолын аңғартады. “Бір семья сезімдері” деген кітабында ақын совет халықтары достығының жыршысы боп танылады. Отан соғысы жайындағы жырлары, “Досты жерлегенде” деген поэмасы, соғыстан кейінгі жырлары – бәрі де ақынның өрлеу жолындағы ірі асулардағы табыстары. Тычинаның көркемдік шеберліктері өлеңіндегі күйкілік халық шығармаларының мотивтеріне сарындас келетін қасиеттер.

Украина жазушысы Александр Корнейчук – көрнекті совет драматургі және қоғам қайраткері. “Эскадраның күйреуі” деген пьесасында Украинада болған азамат соғысы геройларының бейнелері көрінеді. “Правда” пьесасында партия тақырыбы көркем әдебиет өрнегінде көрінеді. “Богдан Хмельницкий” пьесасында украин халқының орыс халқына қосылып Польшаның пандарына қарсы алысқаны көрсетіледі. Жаңа совет интеллигенттерінің озғын қасиеттерін сипаттайтын пьесасы “Платон Кречет”, “Украина сахараларында” деген пьесаларында жазушы біздің Отанның коммунизмге қарай өрлей басып келе жатқан қалпын көрсетуді мақсат еткен. “Майдан”

пьесасында кертартпа әдет-дағдыларды жеңіп, жаңа қаһармандық әдіспен жауды жеңудің үлгісін танытқан. “Макар Дубрава” пьесасында совет халықтарының еңбек ерліктерін сипаттайды. Жалпы барлық шығармаларын алғанда, Корнейчук – украин халқының совет дәуіріндегі ерлік қайратын сипаттаушы суретшісі.

Украин советтік поэзиясына көп еңбек сіңірген Максим Рыльский, Миколо Бажан шығармалары да салыстыра зерттелуге тиіс. Көркем прозада украин совет әдебиетіне жаңа тақырыпты романдармен елеулі үлес қосқан прозашы Олесь Гончар, Натан Рыбак тудырған “Переяслав радасы” атты роман да жалпы совет прозасының қатарында көрнекті орында бағаланады.

Белорус халқының әдебиеті

Белорус халқының ауызша шығармаларының орыс халқы мен украин халықтары шығармаларымен идеялық көркемдік байланыстары. Революциядан бұрынғы және Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін туған Белоруссия ауызша поэзиясындағы ерекшеліктер де салыстыра тексеруге көп деректер береді.

Францишек Богушевич – белорус халқының революцияшыл-демократ ақыны. Жалпы белорус халқының көрнекті классигі. Оның өмірі мен еңбегі жөнінде түсініктермен қоса, Богушевичтің үлкен шығармасы – “Белорус сырнайы” айрықша талқылауды талап етеді.

Белоруссия советтік жазушылары: Я н к а К у п а л а – белорус әдебиетінің іргесін қалаушы есебінде танылады. 1905 жылдың революциясынан бастап Ұлы Отан соғысына шейін кешкен барлық тарихтық дәуірлердегі белорус халқының ой-арманы, тартыс-талабын жырлаушы ақын Янка Купала. Ақынның революциядан бұрынғы шығармалары тексерілгенде, оның белорус крестьян бұқарасының қасіреті мен тартысының жыршысы екендігі айрықша ескеріледі.

Горькийдің бағалауы бойынша, оның “Мұжықтың көрген күні”, “О келе жатқан кім!” деген поэмалары революциядан бұрынғы белорус халқының ұраны деп саналған. Купала шығармалары Некрасов үлгісіне жақын, орыстың революцияшыл-демократ поэзиясымен тығыз

байланысты. Октябрьден кейінгі Купала поэзиясы – жеңіп шыққан белорус халқының шаттығын, творчестволық еңбегін күйлеген поэзия.

“Орес өзенінің үстінде” деген поэмасы жалпы совет әдебиетінде колхоз жайындағы ең тұңғыш поэмалардың бірі. Колхозды, бақытты Белоруссияның жайын жырлаған Купаланың өлең, жырлары бар совет поэзиясы көлемінде ірі орын алады. Отан соғысы мен белорустың герой-партизандары турасындағы Купала өлеңдерінің де жөні бөлек. Осындай ұзақ уақытқа созылған зор жемісті еңбектері арқылы, жалпы совет поэзиясының даму жолындағы Купаланың бағасы зор саналады.

Якуб Колас – белорус халқының жаңа әдебиетінің іргесін қалаушы. Октябрьге дейінгі дәуірдегі Коластың әдебиеттік, қоғамдық еңбегі алдымен бағаланады. Революциядан бұрынғы Колас поэзиясы – мұжықтың басынан кешкен күн мен күйдің поэзиясы. Және патшалық үстемдігіне қарсы күреске шақыратын поэзия.

“Өмір өрістерінде” дейтін кітаптағы Коластың әңгімелері белорус деревнясының революциядан бұрын өзгеріске түсе бастаған қалпын баяндайды. Және ескі деревняның бейнесін де танытады. Совет дәуіріндегі Колас поэзиясы Отан үшін алысып, қайрат еткен халық қаһармандығының жырына айналады. “Жаңа жер” поэзиясында тоғай бағушының өмір тарихы суреттеледі. Қанаушы қоғамда арманы мен ырысы қорлыққа түскен белорус адамының тірлігі суреттеледі. “Ұйыма” атты повесте азамат соғысы кезіндегі белорус партизандарының қайраты сипатталады. Отан соғысы кезінде туған өлеңдерінің қатарында Москва турасындағы шығармасының өзгеше бағасы бар.

Купала тәрізді, Колас та белорус жаңа әдебиетінің іргесін қалаушы. Сонымен қатар ол оқымысты және публицист.

ПРИБАЛТИКА ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІНЕН ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Литва, Латвия, Эстония әдебиеттері

Кристионас Донелайтис – Литва халқының XVIII ғасырдағы ұлы ақыны. Оның мұралары сол дәуірдегі саяси-қоғамдық мәдениетті жайлардың айнасы. Донелайтис – Литва әдебиетінің іргесін қалаушы. Донелайтистің мұрасын орыс халқының прогресшіл қоғамы қорғап-сақтаушы болған. “Жыл маусымдары” атанған поэмасы XVIII ғасырдағы Литва крестьяндарының тірлігін көрсететін эпостық кең, көркем шығарма боп бағаланады. Донелайтис – неміс барондарының өктемдігіне қарсы алысқан ақын. Ол және немістендіру саясатына қарсы шығып, Литваның ұлттық мәдениеті үшін күрескен. Бірақ қарсылық әрекетінің ішінде қайшылықтар мен тар көлемді түсініктер де болған.

Литва әдебиеті үшін Донелайтистің орны мен бағасы өзгеше саналады. Ұлы Отан соғысы дәуірінде әдебиетте Донелайтис бейнесі жаңаша, өзгеше баға, қасиетке ие болды.

Прибалтика елдеріндегі демократтық реалистік әдебиеттің өсу жолы да айрықша тексеріледі. Литваның сол бағытта туған жаңа әдебиетіне ірге қалаушы жазушының бірі – Юлия Жемайте. Жемайте әңгімелерінде алпауыттар мен дінбасылардың (ксендз) бейнелері қатты әшкереленеді. Шаруа тіршілігінің ауыртпалығы мен қараңғы күні қатты сыналады. Бұл ретте айрықша бағаланатын әңгімелері: “Балалар”, “Әулие Юргиске құрбандық” деген тәрізді әңгімелер елеулі шығармалар болады.

Жемайтенің реализмінде сентиментальдық сипаттар, оның халықтық қасиеттері өзгеше орын алады.

Латвия крестьяндары туралы жазған демократ жазушылардың мұралары да зор орын алған. Рудольф Блауманның “Шырағдан жарығымен” деп аталған әңгімелер жинағы ерекше бағаланады. Бұнда пролетарлық қозғалыстың ішкі күйін білдіретін, орыс классик әдебиетінің әсерінен туған жаңа реализм жайы айрықша ескерілу керек.

Ян Райнис – латыш халқының азаттық арманын жырлаушы ақын (1866–1919). Ян Райнис (Плиекшан) – Латвия еңбекшілерінің жыршысы. Революция дауылын көксеуші ақын. Райнистің Петербургте тәрбиеленген жайы, Пушкиннің “Борис Годуновын” аударуы, Райнис бұрынғы тас тылсымдай түйіліп қалған жынысшыл ұлтшылдыққа қарсы шыққан жаңа ағымның бастаушысы. Райнисті патша үкіметі түрмеге салып, айдауға жібергендігі, содан оның шетелге қашуы, “Дауыл егістері” аталған жинақты Райнис 1905 жылдың революциясына арнаған. “От пен түн” деген драмасында Райнис романтикалық бейнелер арқылы латыш халқының өз азаттығы үшін алысқан жайын бейнелейді.

“Баяу кітап” аталған өлеңдер жинағында, 1905 жылдың революциясы жеңілген соңғы реакция жылдарында ақын қайрат, қажырға шақырады. “Аяқтау мен бастау” деген кітаптағы өлеңдері пролетарлық сарынға, жеке жұмыскерлерге арналады. Райнистің орыс әдебиетімен байланысы зор болған. Орыс әдебиеті үлгілерін аударуымен қатар, оның “Илья Муромец” деген драмасы да бар.

1921–26 жылдар арасындағы еңбегі мен тірлігінде Райнистің творчестволық өсу жолындағы қайшылықтар да болған. Латыш әдебиетінің өсу жолында Райнистің бағасы зор. Горький сол үшін оны ірі бағалаған. Райнистің кейбір образы советтік кинода көрінеді.

Эдуард Вильде – эстон халқының реалист жазушысы. “Доктор Граунфельд” деген әңгімеде Вильде 1905 жылдың революциясын суреттейді. Және сол революцияның еңбекші бұқараның жауларына қарсы шығатын алыс-тартыс жайын баяндайды.

Прибалтика елдерінің советтік жазушылары. Литваның атақты ақын әйелі Саломея Неристің творчестволық жолы өзгеше бағалы. 1931 жылы Нерис буржуазиялық искусство жолынан түңіліп, ескі байланыстарын үзіп, пролетариат әдебиетінің негізіне ауысады. 1940 жылы Литва халқының өкілдерімен бірге Нерис Москваға сапар шегеді. “Көсем туралы” деп жазған поэмасы Неристің жаңа бағытты ақындығын танытқан.

Отан соғысы кезінде туған Нерис өлеңдерінің ішінде “Ленин өлмейді”, “Волгоград түбінде”, “Мария Мельникайте” деген сияқты өлеңдері өзгеше көркемдік, идеялық зор сапаға жеткен-ді.

Питрус Цвирка – Литваның көрнекті әңгімеші, роман жазғыш шебер жазушысы. Цвирканың “Депутат”, “Бұлбұл”, “Сүю” атты әңгімелері советтік тақырыпқа арналған.

Андрей Упит – латыш халқының жаңа әдебиетінің іргесін қалаушы. Ол еңбекші бұқараның жоғын жоқтаушы атақты пролетар жазушысы. Өзі редактор болған шағында латыш әдебиетінің прогрестік күштерін маңына жиып, басшылық еткен еңбегі де ерекше бағаланады.

Упиттың орыс әдебиетімен байланыс-жалғасы да мол болған. Ол Пушкиннің “Полтавасын”, Гогольдің “Ревизорын”, Грибоедовтың “Ақыл азабын”, А.Н. Толстойдың “Бірінші Петр” сияқты романын да аударған. Упит – драматург және ақын-жазушы. Оның “Жасыл жер” атты романы – латыш деревнясында болған таптық тартысты және өсе бастаған пролетарлық күйді кең көрсететін көлемді шығарма. Бұл роман социалистік реализм үлгісіндегі шығарма ретінде танылады.

Вилис Лацис жазған “Дауыл” атты тарихтық эпопея латыш халқынан шыққан большевик, ер қайраткерлердің 1940–1948 жылдардағы үлкен тартыстар тұсындағы бейнелерін танытады. “Жаңа жағаға” деген романы турасында 25 февраль 1952 жылда “Правда” газетінің бетінде берілген баға жалпы Лацис еңбегінің үлкен бір түйіні есепті болатын.

Август Якобсон – эстон халқының бүгінгі драматургі. Оның “Қоршаудағы өмір” және “Фронтсыз соғыс” дейтін пьесалары эстон интеллигенциясында болған дарашылдық, кертартпа мүдделерінің жеңіліп, озғын сананың үстемдік алғанын баяндайды. “Шие бөрілер” деген пьесасы Американың соғысқұмар жендеттерін әшкерелейді. Жалпы Якобсон шығармаларының ең зор қасиеті – батыл жауынгерлік сана мен партиялық сана көрнекті боп келеді.

КАВКАЗ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІ

Грузия әдебиеті. Грузия тарихында халықтың ауыз әдебиетінің көп ғасырлық дәстүрлері мен маңызы мол болған. Сонымен қатар ауызша әдебиет пен жазба

әдебиет дәстүрлерінің алғаш дәуірде тығыз байланысты болғандығы ескеріледі. Грузия эпосы “Амиран” жайы бөлек орын алады. XIII ғасырдағы грузиннің ұлы ақыны Шота Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” атты поэмасы – аса зор ескерткіш. XII ғасырдағы Грузияда болған қоғамдық-саяси жағдай, мәдениет жайы да сол поэмадан айқын аңғарылады. “Вепхис – Тхаосани”, “Жолбарыс терісін жамылған батыр” поэмасында заман шындығы кең суреттелген. Дантеден жүз жыл бұрын шыққан Шота Руставели “Қайта туу” идеясының алғашқы жаршысы болған.

Ақын Грузияда бытыранды бөлімдер орнына жиын бір мықты мемлекет жасау санасын жақтаған. Руставели поэмасының геройлары – Таризель, Автандил, Ростеван өз замандарындағы саяси армандардың жоқшылары боп суреттеледі. Поэмада феодал ақсүйектер мен саудагерлер бейнелері көп көрінген. Руставели көзқарасының негізі гуманизм болған. Әйел, еркек теңдігін түсінуі поэмадағы әйел образдары: Нестан, Дареджан, Тинатин, Фатима бейнелерінен айқын танылады. Поэмада геройлық дәстүр махаббат пен достықты қадірлеуге байланысты. “Вепхис – Тхаосани” поэмасының отаншылдық пафосы да зор. Оның көркемдік ерекшеліктері, шеберлігі және халықтық қасиеті поэманың тілінен де мол көрінеді.

Поэманың жалпы Грузия әдебиетінің өсуіне еткен әсері ірі болған.

XIX ғасырдағы әдебиеттің өсуі. Бұл кезде Илья Чавчавадзе және Акакий Церетели сияқты ақындардың творчествосы жарыққа шығады.

Белинский мен Чернышевскийдің жолына түскен 60-жылдардағы Грузия қайраткерлері осылар болған.

Илья Чавчавадзе – Грузияның жаңа прозасын бастаушы жазушы. Чавчавадzenің “Адам ба сол” және “Қайыршы хикаясы” деген повестері Грузия жаңа әдебиетінің барысы мен бағытын белгілеген. Чавчавадзе шеберлігінің ерекшеліктері әсіресе оның идеясы озғын болуында.

Акакий Церетели поэзиясы да Чернышевскийдің соңына ерген 60-жылдардағы қоғам қайраткерлерінің (Грузиядан шыққан) еңбегі мен өнерін танытады.

Творчествосының ерекшеліктері мен идеялық мазмұны айрықша бағаланады. Акакий Церетели поэзиясының халықтық, патриоттық қасиеттері күшті.

Россия халықтарының достығын Церетели үлкен арман еткен. Чернышевский, Шевченко, Ахундов, Ованес Туманян, Габриэль Сундукян, тағы басқалар турасындағы оның берген бағасы басқаша. 1905 жылдың революциясы жөніндегі Церетелидің өлеңдері де өзгеше үлкен орын алады.

Коста Хетагуров – осетин халқының ірі ақыны. Оның жолы барлық Россиядағы ұсақ елдерден шыққан ақын-жазушылардың халін, тағдырын танытады. Ақынның өмір кезеңдері мен еңбектерінен соны айқын аңдауға болады. Хетагуров озғын саналы, революцияшыл бағыттағы шебер ақын болғандықтан, патша үкіметі оны көп қуғынға ұшыратқан. Соған орай орыс мәдениеті мен әдебиетінің демократтық, алдыңғы саналы өкілдері Хетагуровты көп сүйген. Оған Герцен, Чернышевскийдің әсері зор болады. “Осетин лирасы” деп аталған өлеңдер жинағы сол жайдың айғағы. Бұрынғы уақытта осетиннің еңбекші көпшілігі теңсіздік пен қорлық-жоқшылық халінде болғанын көрсететін өлеңдері – “Жетім анасы”, “Солдат”, “Кубалды”, “Сескену” сияқтылар болады.

Коста Хетагуров творчествосының өзгешеліктері мол. Оның поэзиясында Некрасов дәстүрімен байланысты жақындық бар. Коста Хетагуровтың орыс тілінде жазған Островский, Лермонтов, Плещеев жайындағы өлеңдерінің де орны өзгеше.

Армян әдебиеті. V ғасырда крестьян монах Месроп Маштоц армян алфавитін жазған. VII ғасырдағы Моисей Хоренскийдің армян тарихы жөніндегі еңбегі барлық СССР халықтарының көне әдебиеттік ескерткіші саналады. Армян әдебиеті – Одақтағы ең ескі әдебиет. Сондай көне мұраның бірі – армян халқының эпосы “Давид Сасунский”. Армян халқының отаншылдық қасиетті талаптарын танытатын “Давид Сасунский” – шынайы халықтық, геройлық дәстүрдің зор ескерткіші.

Эпостың геройы Санасардың немересі Давид барлық әрекет тартысымен армян халқының жат ел басқыншылары құлдығынан құтылуы үшін алысады. Эпостағы мифтік,

өте ескі сарындарда армян халқының араб басқыншыларына қарсы алысқан тарихтық қайраттары байқалған. Шығарманың образдық құрылысындағы ерекшеліктер халық қайратын диюлар тәрізді қараңғы қара күш иелерімен шарпыстырады. Эпостың көркемдік ерекшеліктері де өзгеше бағаланады.

Х а ч а т у р А б о в я н – армян халқының жаңа әдебиетінің атасы, ағартушы және гуманист жазушы. Абовянның “Армения жаралары” деген романы 1926–27 жылдардағы Россия – Персия соғысы тұсында болған ирландықтардың жауыз зұлымдығын көрсетеді. Ереван қамалының алынуы суреттеледі. Абовян – халықтар достығының жаршысы. Әсіресе армян-орыс халықтарының достығын көп жырлаған. “Өзге европалықтар Арменияны ойран еткенде, жермен-жексен еткен шақта, орыстар сол Арменияны қайта тірілтті. Қандай армян кеудесінен демі үзілгенше орыс достығын ұмытар емес” деген Абовян болатын.

Армян халқының әдебиеттік тілін жасауда да Абовянның ролі зор болған.

О в а н е с Т у м а н я н (1869–1923) – Арменияның халық ақыны. Әуелде “Горизонт” газетінде редакторлық еткен. Балалар мен мектептерге лайық арнаулы әдебиет тудырып таратқан. “Бір тамшы бал”, “Зұлымдық соңы” деген әңгімелерде халықтар достығы мадақталады. Жазушылығының екінші дәуірінде (1915–1923) Туманян дашнақтарға қарсы шығады. Советтік публицистиканы тудырады. Жазушының “Иесі мен малайы”, “Ит пен мысық” деген әңгімелері халықтық аңызды танытады. Елеулі өлеңдері – “Диқан жырында” және “Ануш” атты шығармасында, “Шойын жол” сияқты әңгімелерінде Туманян еңбекті қастерлейді. Ол армян тіліне Пушкин, Лермонтов, Некрасов шығармаларын аударған.

Азербайжан әдебиеті. Азербайжан халқының ескі үлкен мұрасы – “Көрұғлы” эпосы болады. Азербайжанда жазба әдебиет те ерте басталған. **Н и з а м и** сол Азербайжанның XII ғасырда шыққан ұлы ақыны болатын.

Низамидің “Сырлар қазынасы” аталған поэмасының сол дәуірде жаңа бағытты бастаған жайы бар-ды. Бұл поэмада жұпыны адамның шер-қасіреті және әкімдердің қоғамдық

тірліктегі әділетсіздік пен қаталдықтары суреттелген. Низамиде демократтық пен қоғамдық утопияның да элементтері болған. Ақын жиырма шақты әңгімеде ақыл-өсиет сөйлейді. Заманындағы хандар мен феодалдардың төкашпарлығы мен қиянат зорлығына қарсы алысады. “Хұсрау – Шырын” поэмасында ұлы еңбек ері Фархадтың образы жасалады. “Ләйлі – Мәжнүн” және “Жеті сұлу” поэмаларында ғашықтық пен тірлік тартыстардың қайшылықтары адам тағдырынан көрінеді. Әрі герой, әрі данышпан жайындағы поэма – “Ескендірнама”. Заманның жағдайы бойынша бар шығармаларын парсы тілінде жазған Низами туған Отаны Азербайжанның және өз туған халқының азабы мен тартысуының жырышысы болған.

Азербайжан әдебиетінің кейінгі дәуірлерде өсуіне Низами көп әсер еткен.

Физули (1502–1567) өзінің “Ләйлі – Мәжнүн” атты атакты поэмасымен үлкен даңқ алған ақын.

Вагиф (1717–1797) – азербайжан әдебиетіндегі реализмді бастаушы ақын. Оның шығармасында халықтық мұралардың реалистік бейнелерін пайдалану үлгісі мол болған. Вагиф зор оптимист ақын. Қоғамдық және ғашықтық лирикасында орны зор өлеңдері – “Мұхаммәс”, “Тырналар”, “Бирам Олдау”, “Кура жағасында”, “Көрдіндер ме, тағдыр мені не қылғанын бағындар” деген өлеңдері.

Мирза Фатали Ахундов (1812–1873) – азербайжан халқының көрнекті жазушысы және қоғам қайраткері. Ахундов орыс-татар мектебінде оқып, кейін Кавказды билеуші патша орынбасарының кеңсесінде тілмаш болып қызмет етеді. Ол өз халқының ағартушысы болған. Жаңа алфавитті араб жазуынша алмай, орыс-латын графикасы негізінде құру керек деп үгіттеген. “Камалуддәуле мен Жамалуддәуле арасындағы хаттар” деп аталған кітапта Ахундов мұсылман дінбасыларын қатты сынайды. Парсыдағы зорлықшыл, зұлымдық режимін және салттағы феодализм қалдықтарын әшкерелеп сынайды. Ахундовта материалистік түсінік болған.

Ахундовтың көркем шығармаларының бірі – “Алданған жұлдыздар” деген әңгімеде билеуші таптарды қатты сынағаны көрінеді. Бірақ ол сын, бейне тұспал түрінде жасалған. Ахундовтың комедиялары “Мусье Жордан –

ботаник” және “Мәсталиншах Дөрүш”, тағы да “Хажы-гарға” атты комедиясы бар.

Ахундовтың атақты шығармасы Пушкиннің өлімін естігенде жазған “Пушкин қазасы жөніндегі шығыс поэмасы” деп аталған. Уақытында Бестюжев-Марлинский орысшаға аударған болатын. Азербайжан әдебиетінің кейін дамып, өсуіне Ахундов еңбегінің әсері көп тиген.

Алекбер Сабир (1862–1911) – бұл сатираның шебері, буржуазиялық тәртіптің қатал сыншысы болған ақын. 1905 жылдың революциясы жөнінде Сабир шығарған өлеңдер “Баку жұмысшыларына”, “Диқаншы”, “Менің жаным” сияқтылар болады.

Кавказдағы совет жазушылары. Акоп Акопян – Армениядағы пролетарлық поэзияның іргесін қалаушы ақын. 90-шы жылдардан бастап жазуға кірісіп, 1937 жылға шейін еңбек еткен большевик ақын Акоп Акопян партияның адал ұлы болған. Армян халқының азаттық жолында тартысқан күресінде бұл ақын еңбекші бұқараның қайраткері, қорғаны және жаршысы болатын. 1905 жылғы революция турасында жазылған өлеңі “Тағы бір соққы” деп аталған-ды. “Революция” деген атпен өлең ұран тудырған Акопян – буржуазиялық әлемнің зұлымдығын әшкерелеуші ақын.

Октябрден соңғы Акопян шығармалары – “Кең канал”, “Волховстрой” атты поэмалар.

Наири Зарьян – Арменияның советтік ақыны. Ол драматург және көркем проза үлгісінде де жазатын жан-жақты, кең өнерлі жазушы. Наири Зарьян поэзиясының зор қасиеті партиялық большевиктік сипатында.

Лео Киачели – Грузияның қазіргі шақтағы романисі. Киачелиге Горькийдің әсері айқын болған (кейін ол Горькийдің шығармаларын грузин тіліне аударады). Грузин деревнясындағы 1905 жылғы революциясының жайын баяндаған повесть “Тариэль Голуа”. 1905 жыл революциясы жолсыздыққа ұшырағаннан кейін реакция дәуірінде Грузияда жүрген жасырын тартыс жайындағы роман “Хан” аталады.

“Гвади Бигва” атты роман Грузия колхозының адамдары турасында жазылған.

Георгий Леонидзе – Грузиннің бүгінгі ірі ақыны.

“Грузия большевиктері”, “Заводтың таңертеңі” деген шығармалары бар.

Леонидзе поэзиясында Грузия тарихы көрінеді. Отан соғысы жөніндегі өлеңдерінің ірісі – “Отанды жырлаймын” деген шығарма.

Самед Вургун – азербайжанның бүгінгі ақыны және драматургі. Ол социализм жаңғыртып, жайнатқан азербайжан халқының өткен тарихын да, бүгінгі еңбек пен соғыс майдандағы алып қайратын да жырлаушы ақын.

Вургунның поэмалары “Азербайжан”, “Колхозшы депутат”, “Басти жөніндегі сөз”, “Баку”, “Ғасырдан ғасырға” деп аталады.

Самед Вургунның пьесалары – “Ханлар”, “Вагиф”, “Фархад пен Шырын”. Самед Вургунның Отан соғысы дәуіріндегі патриоттық өлеңдері зор бағаланады. Вургунның жаңа соғысты қоздырушыларға қарсы жазған шығармалары “Негр сөйлейді”, “Муған” сияқтылар болады.

ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТИ

Тәжік, өзбек, түрікмен, қырғыз әдебиеттері

Орта Азия халықтарының мұралары. Орта Азия халықтарының көп ғасырлық көне дәстүрі бойынша ауызша халық әдебиетінің мәні аса зор болған. Ауызша халық әдебиетінде айқын білінетін халықтық-демократтық ағымдар феодалдық хандық поэзиясына қарсылыққа, тартысу қалпында туады. Бахшы, хафиз, шаир, ыршы аталған ақын топтары көне замандардан бері қарай көбінше халық мұңының жыршысы, жаршылары болып келген.

Ауызша әдебиеттің жанрлары өте көп. Бұлардың арасында қоғамдық еңбекпен байланысты жырлар, салт жырлары, ғашықтық, сатиралық жырлар, айтыстар және әр алуан эпостың орны зор болған.

Орта Азия халықтарының эпосы – Одақ көлеміндегі бай эпостың бірі. Эпостың ішінде озғын сана мен кертартпа сананың да араласа, шарпыса білініп отыратыны ерекше зерттелуге тиіс. Барлық Орта Азия халықтарының ескі

замандардан келе жатқан ауызша әдебиет қазыналарына, сол катарда эпостарына мұсылмандық, діншілік нанымдардың кертартпа әсері де көп ұшырайтынын есте тұту шарт.

X–XI ғасырдағы тәжік әдебиетінің көне мұралары есебінде Рудаки поэзиясы, Фирдоусидің “Шаһнама” поэмасы ерекше орын алады. Бұл поэманың халықтық іргесі және демократтық мазмұны айрықша бағаланады.

Әлішер Науаи (1441–1501) – XVI ғасырдағы өзбек халқының ұлы ақыны. Әлішер Науаи әрі ақын, ғалым және суретші, архитектор және де өнші, күйші болған.

Хұсайын Байқара дейтін сұлтанның сарайында Науаи мемлекеттік қызметте болған. Сол орнында көркемөнердің көмекшісі, көп ақынның тәрбиешісі болады. Әлішер Науаидің жазушылық мұралары мол. Оларға қосылатындар “Хамса” (бес поэма: “Даналар таңдануы”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Фархад – Шырын”, “Жеті жұлдыз”, “Ескендір дуалы”) және “Шардуан” дейтін өлеңдерінің төрт жинағы.

Науаи шығармаларының бас геройлары тас ұстасы Фархад, қолбасы Ескендір, сарай ортасынан шыққан әйелдері: Ләйлі, Шырын, Диларам сияқты тегіс батыл және қасиет иесі адамдар. “Адамның сүйген жаны адам болсын” (Науаи).

“Фархад – Шырында” тас ұстасы, ымарат салушы, темір ұстасы тәрізді сәулет өнерін жасаушылар бейнелері ақындық шабытпен суреттелген. Бұл сюжет ескіден келе жатқан көпке мәлім әңгіме болса да, Науаи осыны өз жаңалығын қосып көркем жырлаған.

Дәстүрге айналған парсы тілін қолданбай, Науаи өз шығармаларында ескі әдебиет тілін тудырған. “Екі тіл таласы” деген кітабы ғылымдық еңбек болатын. Науаи отаншыл ақын болған. “Жүрек соғудан тоқтағанша, отан үшін соғысу жолында соқсын” (Науаи). “Азамат арасында ең асылы – өз халқына ең көп пайда келтіргені болады” (Науаи).

Түрік тілдес халықтардың көпшілігінде әдебиеті мен мәдениетін өсіруде Науаи мол әсер еткен. Қазір Науаи шығармалары барлық Совет Одағы көлемінде зор даңқ алып, көпке жайылды.

Түркімен әдебиетінің классигі Мақтымқұлы (XVIII ғасыр). Совет Одағы көлемінде оның да шығармалары

көп жұртқа мәлім боп жайылған. Орта Азия халықтары әдебиетінде алдыңғы қатарлы орыс мәдениеті әсерін алып өскен жазушылар да бар. Өздерінің ұлттық әдебиеті көлемінде олар реалистік бағыттың бастаушылары болған.

Эпостағы қымбат мұралардың ішінде қырғыз халқының “Манас” жыры ең зор, мол, анық ірі ескерткіш саналады. Қырғыз халқының баяғы заманынан бергі көне тарихымен ілесе келе жатқан бұл поэма ерлікті, достықты, соғыс пен тыныш өмір, өнеркәсіп – бәрін де кең суреттейді. “Манас” поэмасы өзінің бар бөлімдерімен қосыла кейінгі қырғыз әдебиетіне көп қызық қосады. Әсіресе тіл қазынасын мол байытады.

Орта Азия халықтарының совет жазушылары

А й б е к – өзбектің бүгінгі романисі және ақыны. Оның бірінші романы “Құтлұғ қан” революцияның алдындағы жылдарда Ташкент саудагерлерінің салты мен мінездерін сипаттайды. Және байлар қанауында жүрген өзбек кедейінің жайын баяндайды. “Науаи” деген романда өзбек әдебиетінің ұлы атасы болған Әлішер Науаи өмірін суреттейді. Оның мемлекеттік, мәдениеттік және әдебиеттік қайратын көрсетеді.

Өзбек әйелінің азаттығына арналған поэмалары – “Кек” және “Заман қызы Ділмер” деген шығармалар.

С а д р и д д и н А й н и – бүгінгі тәжік прозасының іргесін қалаған жазушы. Айнидің қоғамдық-саяси еңбегі мол болған. Оның Бұхара әмірінің зынданында болғаны да бар. Садриддин Айнидің шығармалары тәжік халқының әр дәуір тарихындағы неше алуан өмірін суреттейді. “Құлдар” деген романы мен “Одина” деген повесте жазушы революцияға шейін тәжік халқының кедей бейнетқоры көрген ауыр халдерін суреттейді. Буржуаздық ұлтшыл-жадитшілердің азғындық ролін айқын танытады. “Дахунда” романында екі ғашық кедей диқан Ядгар мен соның жақсы көрген қызы Гүлнардың өмір тарихын суреттейді. Ол екі жас көп қорлық қысымшылықтардан өтіп, кейін Тәжікстанда Совет өкіметі орнаған соң ғана бірін-бірі тауып, еркімен қосылуға мүмкіндік алады.

Екі кітаптағы Айнидің естегілері “Бұхара” деп аталған.

Бул шығармалардағы Айнидің стилі мен көркемдік шеберлігі барлық жағынан айқын көрінеді. Орта Азия халықтарының әдебиеттерінде Айни еңбегінің әсері мол болған. Айни мен орыс мәдениеті және Айнидің Пушкин жайындағы пікірлері де зерттеу үшін елеулі материалдар.

Ақын Мырза Тұрсын-заде – тәжік әдебиетіндегі жас буындардың көрнекті өкілі. “Отан ұлы” деген поэмасы Ұлы Отан соғысына арналған. “Индиялық баллада” деген хикаялар жинағында Англияның отаршылдық әкімшілігі астында қорлық қанауда еңбек етіп жүрген Индия кедейлерінің халін суреттейді. Және соған салыстыра тәжік халқының мәдениеті өскенін айтады. Совет дәуірінде өз отаны, өз тағдырының иесі өзі болған азат халық жайын айтады.

Орыс халқының туысқан көмегі советтік тәжік халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін тудырғанын айтады.

Берді Кербабоев – түрікмен совет әдебиетінің ең көрнекті қайраткері. Ақын-жазушы Кербабоев тудырған Одақ көлеміне мәлім болған үлкен роман “Айғытлы адым” (“Батыл қадам”) және “Ақ алтын өлкесінен шыққан Айсұлтан” романы. Алғашқы романда жазушы түркімен еңбекші шаруа бұқарасының ұлы революция дәуіріндегі тірлігін суреттейді. Шиеленіскен тап тартысы үстінде өзінің бақытын, ырысын тапқан халық жайын баян етеді. Екінші романда Отан соғысынан кейінгі, түрікмен колхозында болып жатқан табыстар суреттеледі. Түрікмен әйелінен, ер-азаматынан атақты қайраткер боп өсіп жетілген Айсұлтан тәрізді адам образы бейнеленеді.

Аалы Тоқамбаев – қырғыз совет әдебиетінің іргесін қалаушы, ақын-жазушы. Октябрь революциясынан бұрын жоқтың қасында саналатын қырғыз жазба әдебиеті. 1924 жылы “Еркін тау” газетінде ең алғаш өлеңі жарияланған. Аалының соңғы жылдары шыққан “Өз көзіммен” деген жинағында жеке өлеңдер арқылы биік саналы, шебер көркемдік түрінде бейнеленген бүгінгі социалистік құрылыс, тірлік жайы баян етіледі.

Аалы – жан-жақты, кең арналы жазушы.

Түгелбай Сыдықбеков – қырғыз көркем прозасының көрнекті жазушысы. “Біздің заманның

адамдары” деген романы жалпы Одақ көлемінде және халықтық-демократиялық елдер арасына да тараған роман. Кейін туған “Тау балалары”, “Тау арасында” деген романдарында да, жаңағы аталған алдыңғы романы тәрізді, Түгелбай бүгінгі қырғыз социалистік қауымының табыстары мен қызық өрісті жаңалықтарын жан-жақты суреттейді.

Қазақ оқушы жұртшылығына тіл жағынан тарихтық көп жайлардан жақын, түсінікті болған себепті, жоғарыдағы топталып аталып өткен Одақ көлеміндегі одақтық республикалар әдебиеттерінен басқа тағы бір-екі әдебиет жайларын атай кету қажет. Олар — татар әдебиеті мен башқұрт әдебиетінің кейбір ескерткіштері мен жазушылары.

Татар әдебиетінің революциядан бұрынғы мұрасын атағанда Ғабдулла Тоқай шығармаларының орны өзгеше саналады. 1905 жылдың революциясынан кейінгі Одақ көлемінде басталған азаттық ойлар мен демократтық, халықтық сананы анық зор көркемдік түрде шебер жырлаған ақын Ғабдулла Тоқай болады. Ғабдулланың лирикасы мен сыншыл бағытында туған қоғамдық мазмұнды сатиралық жырлары қазақ әдебиетіне және башқұрт, өзбек, түрікмен сияқты түрік тілдес әдебиеттердің бөріне де тарихтық, дұрыс әсер еткен.

Мәжит Ғафури — башқұрт, татар әдебиетінің екеуінің көлемінде де алдыңғы, озғын демократтық революциялық ағымды бастаған жазушы. Екі туысқан әдебиет көлемінде де сол әдебиеттердің жаңа дәуіріндегі үлгі негізін тудырушы қайраткер боп саналады.

Совет дәуіріндегі татар әдебиеті. Қауи Нәжми — татар совет әдебиетінің алғашқы дәуірінен бері қарай үзбей жазып келе жатқан шебер прозаик. “Көктем желдері” атты романы үлкен атақ алған, ірі шығарма. Революциядан бұрынғы он, он бес жыл көлемінде татар қауымында өсіп, өрлеп келе жатқан жұмысшы табының тартыс-тағдырын баяндайды.

Ғұмар Баширов — совет дәуіріндегі тұрмысты шебер суреттейтін жазушы-романист. “Намыс” атты романы Отан қорғау тақырыбына арналған. Үлкен сын күндерінде тылдағы татар совет халқының адал қыздары мен ұлдары еткен геройлық қайратты, биік сананы сипаттайды.

Мұса Жәлил – Ұлы Отан соғысы кезінде фашистердің Моабит абақтысында азап шегіп өлген герой ақын. Совет әдебиет қайраткерлерінің қатарынан озып шыққан ұлы отаншыл. Бар әрекеті, ер қайраты, азаматтық қажыры, намысы жағынан алғанда Мұса өзгеше орынға ие. Фашистердің азап тұтқынында тозақ қинауларын тартып жатса да, қайсар түрмен тамаша жырлар тудырып, соны өз Отанына мұра ғып кеткен жалынды ақын. Мұса Жәлил бар тартысы, тағдыры, ақындық жыр шабытпен, Юлиус Фучик тәрізді, анық герой ақын болып саналады.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ

Социалистік ұлы Отанымыздың бар жиын көлемін алғанда, әр республика сол мол дененің әрбір мүшесіндей. Ол мүшелерсіз ұлы дене жарым-жарты, кем-кетік болар еді. Әр мүшенің адам денесіндегі орны құнындай, әр республиканың бар Отанымыз үшін орны толмас өзіндік қымбат қасиеттері, асыл сипаттары бар.

Мысалы, Қазақстан республикасы сондай мүшелер арасындағы үлкен тірлік тетігі тәрізді. Ұлы Одақты Украинасыз, Сибирьсіз, Орта Азиясыз, Кавказсыз түсіну қандай қиын болса, Қазақстансыз түсіну де соншалық мүмкін емес.

Ал сол Қазақстанның республикалар ішінде де неше алуан өзгешелік, ерекшелік жайлары мол. Әрине, ерекшелік әр республиканың бас-басына өзінше бөлекше, өзгеше сипат, қасиет беретіні даусыз. Олардың әрқайсысының шаруашылық, тарихтық, мәдениеттік, социалистік дәстүрлері, өз пішіндері алуан-алуан, қадірлі де қымбатты боп қалыптанған. Бұл жөнінде сондай табиғаттық, географиялық ерекшеліктермен, шаруашылық, тарихтық жағдайлармен, қымбатты дәстүрлермен және кейбір бұрынғы замандарынан сақталып келе жатқан өзгешеліктерімен алғанда, жаңағы аталған республикалар атаулының бәрі социалистік Отанның қымбатты ұлы бөлімдері болуымен қатар, революциялық, социалистік, аға-інідей туысқандық ұқсастықтары мол болумен қатар, өз өзгешеліктерін жақсы, айқын сақтап келеді, танытып келеді.

Бұл жағынан қарағанда, біз Отанымыздың барлық республикаларын қоса сипаттағанда, біздің социалистік әлем (социалистический мир) көп қырлы, сан сырлы, байлығы мол сипаттарымен бірге біте қайнасқан аса көп түр өрнекті системаның бірі дейміз.

Қазақстанның, жаңағы аталғандай, өзіне бөлек жалпы басқашалығынан өзге тағы да аса айқын ерекшеліктері бар екенін айрықша еске алмай болмайды. Бұл ретте, әсіресе, бұрынғы патшалық Россияның “Киргизский край” деп бұратана саналып, өгейлік тірлік еткен ескі тарихын алдымен еске алу қажет. Сонда, мысалы, Қазақстан жағдайының ерекше қолайсыз, өнерсіз өгейлік бір болмысы амалсыз ауызға оралады. Ол кездегі Қазақстан барлық бүгінгі Одақ көлеміндегі Октябрьден бұрынғы географиялық, шаруашылық, мемлекеттік шеңберде алсақ, ең бір артта қалған өлке болатын. Ол азиялық, еуропалық та емес, анық азиялық орта ғасырда патриархалдық-феодалдық құрылыста мейлінше молынан мекен еткен натуралдық шаруа көлемінде болған аудан еді. Бұның мол, кең далаларын, таулары мен құмдарын талай мыңдаған километрлер бойын көшпелі шаруа жайлаған-ды. Мың жылдар бойы бұрынғы дағды болған қалыпта экстенсив түрде төрт түлік малды киіз үйде өмір кешіп, көше жүріп, шаруа баққан мол халық мекен еткен болатын.

Ол бір, қалың көпшілікке жайылған, сол көпшілік шаруа елінің болмысын, тірлігін қалыптаған шындық еді. Бірақ осымен қатар сол өлкеде, сол революциядан бұрынғы заманнан қалған Россия мәдениетінің, орыс халқы өнерінің сол бұрынғы өгей өлкеге де беймезгіл заманның өзінде де әсер еткен, өзінше аз да болса, сирек те болса сенімді ұрықтар көмген әсерлері болған-ды.

Жоғарыда аталғандай, жалпы шаруашылық, қоғамдық жайы өте көне кертартпа күйде болумен қатар, сол Қазақстанда Россия мәдениетінің ерте әсері де кей жайларда көрнекті орын алған. Ерекше үздік мысалдай, әлденеше көңіл жұбатар белгілер және де бар-ды.

Үлкен қайшылықты, болмыс шындық көріністі факторлар болған. Мысалы, Қазақстанды шаруашылық, мәдениеттік, әкімдік ықпалында ұстаған революциядан бұрынғы Россия үшін едәуір елеулі мәдениет мекені болған ірі қалалар Қазақстан шеттеріне, шегіне көптен ірге орнатқан еді. Ол қалалар: Оренбург, Омск, Семей, Уральск, Троицк, Петропавл. XIX ғасырдың аяқ кезінен бастап Ташкент, Верный сияқты сахараға әр алуан үлгі, әсер таратарлық қалалар орнап, өскелеңдей берді.

Осы қалаларға советтік шығыс елдерінің көпшілігінен өзгешерек озғындап шығып, сонау көшпелі ауылдардан, алыс сахара құмдардан, қарлы таулардан, киіз үйлі ауылдардан келіп, орысша оқи бастаған қазақ жастары болған-ды.

Сондайлық көшпелі ауылдан, қыр-сахарадан келіп, Омск, Орынборларда орыс мектептерінен оқып өскен қазақ чиновниктері ғана емес, некен-саяқ та болса шыға бастаған саналы, озғын ойлы, өз халықтарының ағартушысы — оқымысты қазақтар пайда болады. Олардың алды өткен ғасырдың 50—60-жылдарынан бастап шыға береді. Мысалы, қазақ Шоқан Уәлиханов 60-жылдардағы қазақ қана емес, орыс оқымыстыларының да озғын ойлы тобының, шығыстан шыққан тәрбие-талабы, үлгі-арманы бір өкілі есепті болуға жараған. Ол 60-жылдар адамы еді. Ал ақын, педагог, қоғам қайраткері, халық ағартушысы қазақ Ыбырай Алтынсарин 70-жылдардағы россиялық қоғам қайрат-керлерінің қатарына қосылған.

Қырда тұрып, сахараның өзінде еңбек, өмір кешкен болса да, қазақтың ұлы классигі Абай Құнанбаев 80-жылдардағы Россиядағы ағартушы, қоғамдық қайраткерлердің алдыңғы қатарында, өз халқының, өз өлкесінің алып ұлы есебінде үлкен үн қосқан. Сол Абайдың 80-жылдарда жазған бір өлеңінде:

Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы... —

деген жолдар бар. Бұл сол заманда мұсылман медресесі емес, ауыл молдалары емес, жоғарыдағы аталған қалаларда интернатта тұрып, орыс мектептерінен оқып өсіп жатқан қазақ жастары барлығын дәлелдейді.

Сол аталған адамдар, бастығы Абай болып, Шоқан, Ыбырай болып, орыс оқымыстыларымен достасады. Орыс классик әдебиетінің асыл дәстүрлерін, гуманистік қасиеттерін бұрынғы азиялық қоғамдық құрылыста өмір кешіп жүрген өз орталарына, қазақ қоғамдарына таратады. Бұлар Шоқан, Ыбырай, Абайлар советтік шығыстағы ең ерте оянған, қазақ сахарасынан шыққан, өздері орыстың

гуманистік прогрестік мәдениетінің сол орыс үлгісіндегі алдыңғы қатарлы Россия дәстүріндегі үгітшілері болады.

Осы 60–70-жылдардан Октябрге дейін алыс сахаралағы қазақтың көшпелі патриархал аулынан келіп, орыс мектебінде оқитын қазақ жастары көбейе береді. Мысалы, 1917 жылда қазақ оқымыстыларының қатарында Петербургте, Москвада, Киевте, Қазанда, Саратовта, Томскіде ғылым тамам етіп шыққан қазақ инженер, агроном, дәрігер, оқытушы, адвокат адамдары едәуір мол санды болған.

Бірақ осындай орысша және әр алуан түрде ескіше, немесе кейін жадидше, мұсылманша оқыған өкілдері болғанмен, жалпы қазақ сахарасы жартылай жабайылық күйде еді. Сол сахараның мол көпшілік еңбек халқы экономикалық тұрмыстық, заттық болмысына қарағанда көне натуралдық, патриархалдық, қоғамдық шаруашылық жай күйінде болған.

Ал сондайлық заттық шаруашылық қалпы бойынша сонша артта қалған өлке енді мына революциядан бері қарай кешкен 40 жылға толар-толмас тірлігінде барлық Одақ көлемінде өзгеше шапшаң өрлеп, асқындап өскен ұлы өлке де боп шықты. Анық шаруашылық, мәдениеттілік, ғылым, өнерлік тіршіліктегі Қазақстан республикасының неден бастап неге жеткен, нені басып өткен дегендей тарихтық сапарын алсақ, күдіксіз, даусыз әрбір он жылы жүз жылға татиды. Ал 40 жылдық социалистік тарихы бұрынғы төрт жүз, бес жүз жылға, сонда да европалық дамудың төрт-бес жүз жылына жауап ұратын өсу жолын басып озып отыр.

Қазақстанның өндірісі мен ауыл шаруашылығына, мәдениеттік құрылысына Одақ көлемінде ұсталып отырған қаржы-қаражатты ғана шолып өтейік. Сонда 1953 жылы – 5 миллиард 349 миллион сом жұмсалса, 1954 жылы – 6 миллиард 913 миллион, 1956 жылы – 10 миллиард 747 миллион, 1957 жылы – 13 миллиард 342 миллион сом жұмсалмақшы. Бесжылдықтарға арнап жұмсалатын жиын сомаларды алсақ, 1951–1955 жылдарға жиыны 23 миллиард 238 миллион сом жұмсалса, енді 1956–1960 жылдар бойынша 62 миллиард 500 миллион сом жұмсалмақшы.

Қазақстанның жалпы мемлекеттік қаражат жұмсау масштабын алғанда, мысалы, 1956 жылы 10 миллиард 747

миллион сом бір осы республиканың бюджеті болғанда, сол сома Ортаазиялық төрт республика: Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан сияқты одақтық төрт республиканың бәрінің сол 1956 жылғы қосылып саналған бюджеттеріне барабар келеді.

Бұл аталған шаруашылық жағдай республиканың барлық тірлігінің мазмұнын, мәнін өзгертеді деген сөз. Шаруашылығы, заттық құрылысы өсіп, өркендеген сайын барлық жүз салалы өзге тірлік, болмыс жағдайлар енді өзгеше сапада, басқаша темппен дамиды, өркендейді. Соның әр мысалын бар саладан айқын тану оп-оңай. Әсіресе осы күйді адам өзгерісінен қызық байқауға болады. Жеке адамдардан, семьялардан құралатын қауымның өсуінен байқау қызықты. Әртүрлі қоғамдық ортаның жиынынан құралатын халықтық өсу-даму, ұлттық өсу-өркендеу жайларын да өзгеше қызықты, тартымды етіп байқататын күйлер бар. Адамның ой мәдениетінің, тірлік мәдениетінің өсуі ерекше айқын, жарқын өзгешелік аңдатады.

Қазақстандай артта қалған өлкеде Октябрьден бері қарайғы социалистік құрылыстың басқа тарихтарға, құрылыстарға мүлде ұқсамайтын негізгі бір ерекшелігі: қоғамдық, мәдениеттік шараларға жұмсалатын қаржы, қаражаттың молдығы өзгеше. Мысалы, 1923—1924 жылдардағы республика бюджеті 7 миллион 27 мың болған шақта мәдениеттік, қоғамдық шараларға 2 миллион 958 мың жұмсалған. Ал 1940 жылғы республика бюджеті 1 миллиард 645 миллион 153 мың сом болған шақта ағарту ісіне 629 миллион 998 мың сом қаржы жұмсалған. Денсаулық жұмысына 244 миллион 514 мың сом жұмсалған. Содан әрі әр жыл сайын республика бюджетінен үнемі өскелеңдеп, үнемі мол үлес алып отырған қоғамдық, мәдениеттік шаралар 1955 жылдың бюджетінде және де шырқап, үдей түседі. Бұл жылғы бюджет сомасы республика көлемінде 10 миллиард 292 миллион 766 мың сом болғанда, ағарту жұмысы мен денсаулық шарасы тәрізді қоғамдық, мәдениеттік құрылысқа 3 миллиард 85 миллион 438 мың сом қаржы, қаражат жұмсалған.

Мысалы, мектеп жайын ғана алсақ, Қазақстанда 1914—1915 жылдары 2006 мектеп болғанда, 1940—1941 жылдары — 7790, ал 1955—1956 жылдары 9187 мектеп бар.

Оқытушылар саны 1914–1915 жылдармен салыстырғанда 1955–1956 жылдары дөңгелек есеппен 22 мәртебе арта түскен. Оқушылар саны сондай есеппен 12 мәртебе аса түскен. Жоғары дәрежелі мектеп революциядан бұрын Қазақстан көлемінде мүлде жоқ еді. 1940–1941 жылдары 20 болғанда, 1955–1956 жылдары 27 болды. Биылғы жыл студент саны 49215. Осы атағандарымыз ағарту жұмысының жиыны емес, кейбір көріністері ғана деуге болады. Жалпылай айтсақ, бұл ретте, әсіресе қыруар алыс қиядан, ертегі баян ететін жапан түзден, от дариясынан алып қарақұс, самұрық қанатына мініп ұшып өткен ертегі ерін көреміз. Соның сапарындай қиял сапарын, ұлы фантазия өрісін өктеп озып өткен адам жолын көреміз. Сол адамның өзіне арнап жасаған өнер құрылысы мен тұрмыс-жай ортасын, заттық мәдениет, қалып-қабілетін көреміз.

Мысалы, Қазақстанда осы күнде қала саны – 40, аудан – 207, жұмысшы қыстақтары, кіші қалалар – 134, ауыл-советтер саны – 2085. Қалалар арасында өндіріс ошағы есепті жұмыскер қалалары бар. Революциядан бұрын тек қана көшпелі ауылдар жыл бойында 15-20 күн ғана қонып, қайтадан құлазытып тастап кететін өзен бойына, бұлақтар басына, таулар саласына қызық атты жаңағы айтқан қалалар орнады. Мысалы, сондай таза көшпелі қазақ ауылдары ғана жүрген өлкелерде туған қалалардың бірі – 600 мыңға жуық халқы бар, зор техникалық мәдениет орталығы, облыстық қала Қарағанды, жез өндірісінің орталығы Балқаш, Жезқазған, металлургия орталығы Теміртау, түсті металл өндіріс орталығы Кентау, Текелі, Лениногорск. Талай тың қала: Шолақтау, Хромтау, Ащысай, Қарсақпай сияқты өнерлі өндіріс, мәдениетті құрылыс мекендері орнады. Бұлар адам жайының да, тірлігінің де, өнер, білім тәрбиесін алатын жас буын, жаңа қауымның мәдениетті мекені де болды.

Осы алуандас соңғы жылдарда тың мен тыңайтылған жерлерді меңгеру ретінде және де көп санды өнерлі, үлгілі кішігірім қалалар, техникалы, мәдениетті орталықтар орнап жатыр. Мысалы, бүгінгі Қазақстан ауыл шаруа өлкелерінде 485 МТС бар, 797 совхоз бар, мұның 397-і астық егіс совхозы. Қалғаны көбінше мал совхозы. Осы аталған шаруа бөлімдердің әрқайсысы өз орталықтарын, қала, қыстақ мекендерін сайлы, жайлы етіп, өз орталарына

мәдениетті заттық мекен-жәйі етіп орналастырып жатыр. Соның бәрі ата, бала, немере деп аталатын қазақ халқының, Қазақстан халықтарының бүгінгі буындарына, болашақ ұрпақтарына жасалып жатқан, орнап жатқан мәдениеттік жақсы жағдайлар. Ірі өндірістің жалпылай өнімі ретіндегі өсу мөлшерін алсақ, 1954 жылдың табысы 1913 жылмен салыстырғанда 8 еседей, ал 1940 жылмен салыстырғанда дөңгелек санмен есептегенде 4 еседей аса түскен. Бұл жағдайларды жасаушы адам өзі, өзі еңбек, тірлік еткен ортасын жоғарғы цифрларда көрсеткендей өзгерткен. Сол адам өзі де, әрине, ғажайып түрде жаңғырды. Бас мәдениеті басқаша. Жаңа тәртібімен қоғамдық, халықтық, жаңа өнерлі дәстүрімен түгелдей, ғажайып шапшаң және тамаша қызық өзгеруде.

Анық азиялық орта ғасырдан, феодализмнің ең ескі және тұрпайы, жабайылығы мол әдет-заңынан шығып, сол қоғамдық құрылыстың ең көне, ауыр түрінен бастап мәдениетті XX ғасырдың ортасына өктеп өтіп келген елді көреміз. Ерекше ұшқыр тездікпен аттап өткен жолды аңғарамыз.

Қазақ жайлаған құмдар мен сахаралар, есіз таулар сонша көп болғандықтан, адам сирек ұшырап, шашырап қана жүргендіктен, кешегі бір замандарда әр сапар өзгеше ұзақ көрінетін. Сондықтан қазақ халқының революцияға шейін айтып келген ертегілерінің бәрінде ең ауыр жай – жол сапар жайы болатын. Ұшқан құстың қанаты талатын, жүгірген аңның аяғы талатын ұзақ далаларын халық адам тағдырының ауыр болмысындай баяндаушы еді. Немесе ыстық шөл, құмдарды кезген өз күндерін азап, сор шағындай қиялдап баяндағанда сол “ұшқан құстың қанаты күйетін, сол жүгірген аңның тұяғы күйетін” от дариясындай, иткешудей баяндайтын. Сондықтан да оптимистік ел қиялы көп арманының ішінде ең зор арманы етіп, жаңағыдай ұзақ жол, қиын сапарларды шапшаң кешіп өтетін көлік-күліктерге, ғажайып сиқыр мүліктерге құштар болатын.

Сондай қиял ертегілік, эпостық, аңыздық тұлпарларды тудырған. Бұрынғы қазақ батырларының өздерінің аттарынан даңқы кем емес тұлпарлары және де ерекше сүйікті болатын. Асқар-асқар тауларды аттап өтетін. Алты айлық жолды алты күнде басатын тұлпар Тайбурыл, Тарлан,

Қарақасқа ат, Байшұбар сияқты жүйрік пырақтар анық Қазақстан жолдарының шынайы ұзақ шексіз иен өлкелері тудырған заттар еді. Кейін шығыстан, орыстың халық қиялы тудырған өзі ұшатын кілем ертегіге араласып, қазақ сахарасына жеткенде, қазақ халқының сүйіп, құштарланып, құмарта тыңдайтын қымбат қиял бұйымдарының бірі болған. Араб, Иран, Индия ескілікті қиял аңыздары, әпсаналары әкелген самұрық құсқа қазақ халқы өз қиялы тудырған адам досы, алып қарақұсты қосқан еді. Бұлар да өзі ұшатын кілемдей, еңбек адамын, ертегі ерін асқар-асқар таулардан, шексіз ұзақ сахаралардан, от дариядай құм кешулерден тез алып ұшатын, еңбекші ел қиялының серіктері, сенімді қанаттары болатын.

Бұл күнгі Қазақстан қатынас құрылысын алсақ, сол ежелден ел көкейін тескен жол жағдайын өзгеше сапаға ауыстырғанын көреміз. Мысалы, 1912 жылмен салыстырғанда тек қана жол министрлігінің өзі салған шойын жолды алсақ, дөңгелек есеппен 1954 жылы бес есе молайғанын көреміз. Бұл есепке сол 1954 жылдан бері қарай мол көлемде қосылып жатқан тар колея жолдары мен тарау жолдар (подъездные пути) есебі кірмеген. 1940 жылмен салыстырғанда 1955 жылы жол өндірісіне жұмсалған қаражат дөңгелек есеппен 4 есеге жуық. Сол ретте, мысалы, совхоздарда 11 есе, МТС-терде 4, 5 есе мол қаражат жұмсалған.

Аз жылдарда Қазақстанның алыс терістігі мен түстігінің араларына құмдарды, далаларды, тауларды басып өткен жақсы асфальт жолдар салынбақшы. Қазір машина қатынасы барлық Қазақстанның облыстарын, аудандарын, өндірістерін бір-біріне қосып, құмдардан, далалардан, Алатау, Алтай, Сарыарқа сан тауларынан асып өтіп жатыр.

Революциядан басталған социалистік құрылыс, әрине, бұрынғы барлық Россияны өзгеше жаңғыртқаны, қайта тудырғаны даусыз. Бірақ сонда да өсу жолын осы Қазақстан республикасынан айқын, өзгеше аңғартатын Одақ өлкелерін атау да қиын деуге болады. Сол жөнде қазіргі соңғы жылдарда Қазақстанда салынып жатқан бірнеше үлкен құрылыстарды бүкіл Одақ көлеміндегі алдыңғы қатар ең зор құрылыстардың тобында санаймыз. Сол ретте Ертісте, Бұхтармада салынатын электр станциясы ерекше.

Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай тау металлургия комбинаты өзінше ең мол да, өнерлі зор құрылыстың бірі болмақ. Павлодар қаласында салынып жатқан комбайн заводы қазір әлем жүзіндегі ең үлкен комбайн заводының бірі болады. Оның өндіретін комбайн саны бүгінгі күнде барлық Одақтағы комбайн заводтарының біріккен күші қосыла шығаратын өніммен тең болады.

Ертістегі бір электр станциясы салынып болды. Ал “екінші Днепрогэс” деп аталатын Бұхтарма электр-станциясы екі миллион киловатт-сағат беретін болады.

Қазақстанның өткен 1956 жылғы ауыл шаруа егіс өніміндегі бір-ақ цифрының өзін еске алу да жетерлік. Екіжарым жылда Қазақстанның колхоздары мен совхоздар жиыны 20 миллион гектар тың және тыңайған жерге егіс екті. 1956 жылы 1 миллиард пұттан артық астық берген Қазақстан бұрын 10 жыл бойындағы беретін жиын астығының санына тең астықты осы өткен бір-ақ жылда берді.

Қазақстанның 30-дан аса ауданы биыл астықты дөңгелек есеппен 10-12 миллион пұттан жинап берді. Сонымен, Одақтағы астық алтын қорының бірі болып бәйге алған, Ленин орденін алған Қазақстан бар Одақ көлемінде екінші орынға шықты. Бұрын Одақтың астық қорының молы саналатын Украинаны басып озып, тек жалғыз РСФСР-ден соңғы екінші орынға ие болды.

Бұл соңғы аталған деректер мен фактілер Қазақстан сияқты социалистік республиканың сол қысқа заман ішінде анық социалистік жол кешуінің себебінен табылған. Ертегі алыптарының жүрісіндей, жеңісіндей табыстарға таңғаларлық шапшаңдықпен жеткенін, жетіскенін көрсетеді.

Бар социалистік системаның өзге системалармен салыстырғандағы ардақты, озғын, игі мысалының сан үлгілерін және де Қазақстаннан көру, көрсету даусыз ұтымды, сенімді боп танылмасқа ерік жоқ. Бұған сөз шешендігі өте аз керек. Оны статистика беретін көрнекті де салмақты сандар, сан алуан цифрлар өздері айғақ боп, мың тілмен дәлелдей алады.

Бұрын адам саны аз да сирек болған Қазақстанда қазір халық саны да мол өсті. 1956 жылдың 1 апреліне 8 мил-лион 490 мың адам санына жеткенін көреміз. Осы адам санына

орайлаған тұрмыс мекені, ең әуелі сол молайып өскен адам санына лайық құрылысты аңғартады. 1951–1955 жылдарды алғанда барлық Қазақстан бюджетінің жыл сайын 15-16 проценті тек тұрғын үй құрылысына арналған. 1951 жылы 642 миллион сом қаражат шығарылса, 1955 жылға дейін сол сома молая келе, дәл 1955 жылда 1 миллиард 626 миллион сомға жеткен.

Сол халықтың соңғы жылдағы ағарту ісіне арналған мемлекет шаралары төмендегідей: мысалы, 1956–1957 оқу жылының бас кезін алғанда Қазақстанда барлығы 9 мың 297 мектеп бар. Соның бастауышы – 5224, орталау мектебі – 2819, орта мектебі – 1231. Барлық оқытушы саны 77 мың 685. Барлық оқушының жиын саны 1 миллион 294 мың 642 адам. Бұрынғы заманмен салыстырса, 1914–1915 жылдары мектеп саны 2 мың 6 болғанда, оқытушылар 3 мың 319, оқушылар 105 мың 59 болған екен.

Қазақстандағы ғылым қызметкерлерінің мөлшер санын атасақ, 1940 жылы 1727 болғанда, 1955 жылы 4817 адам болыпты. Докторлар, ғылым кандидаттары 1940 жылда жоқ. Ал 1955 жылы докторлар саны 131-ге жеткен, ғылым кандидаттары 1555 адам болған. Бұл аталған сандардың бәрі де халықтың өсуі, сол халықтың жалпы мәдениетінің, әсіресе оқу-ағарту ісінің, ғылым жөніндегі ісінің өсуімен қатарлас. Иық сүйесіп үдеп өріс алып отырғанын байқатады. Сондайлық бүгінгі біз орнатқан социалистік құрылыс атаулының заттық қымбат мүліктері, құрылыс объектілері және де жүздеген, мыңдаған, сан мыңдаған деректерімен қостай, құптай алады.

Социализм құрылысы Қазақстан республикасында не істеді, не тудырды дегенде, ең алдымен тағы бір еске алатын нәрсе, табиғатты өзгерткені өзгеше елеулі көрініс береді. Табиғатқа деген қарым-қатынас өзгеруі көп жайларды алып қуат араласқан жаңалықтарға ауыстырды. Жер үстіне орнаған ауыл шаруашылық, өндірістік ұлы техникалық өнерлі кәсіп орындарын ауызға алғанда, біз Қазақстанда жер астындағы кен байлығының иен мол түрлерін тауып, мейлінше мол пайдаланып отырған өнер табысын атаймыз. Алтай тауы, Орталық Қазақстан, Жоңғар Алатауы, Терістік Алатау сияқты бұрынғы иесіз, иен жатқан сараң табиғат, суық сырлы табиғат арасында ғаламат зор кендер мол

жатқаны ашылды. Қазақстанда темір, көмір, мұнай, мыс, қорғасын, қалайы, марганец, алтын, хром, никель, сынап және басқа да талай сирек металдар атаулының мол запастары ашылып, көптеп пайдаға асып жатыр.

Бүкіл Одақ көлемінде түсті металл жөніндегі табыстарды алсақ, соның ішінде Қазақстаннан алынатын кен байлықтар да мол. Бұл Қазақстанның бүгінге шейін табылып, пайдаға асып отырған табиғат байлығы жөніндегі жайлар. Соңғы жылда Қазақстанда ғылымдық ғажайып үлкен сырлы бір мол табыс бар. Ол – өткен бесінші бесжылдықта, 1956 жыл қарсаңында Қазақстанның бір топ ғалымдары, геолог-өндірісшілері жасаған комплекстік металлоген картасы. Бұл – Орталық Қазақстан көлемінде жер астында жатқан, жақында ашылатын мол байлық – кен байлығын түгел атап, санап, картаға түсірген ғылымдық ғажайып табыс.

Қазақстанның ғылым зерттеу ұйымдары мен Қазақстан Ғылым академиясының тобын бастап, осы картаны жасаушы – Одақтық академияның мүшесі, Қазақстан Ғылым академиясының президенті, өзі бүкіл Одақ көлеміндегі зор ғалым-геолог Қаныш Имантаевич Сәтбаев басшылығымен орындалған жұмыс. Орталық Қазақстанның осы аталған комплекстік картасы қаншалық қымбатты табыс екенін білу үшін төменгі біраз сандарға, цифрларға көз салу керек.

Соңғы 200 жыл бойында ашылып, анықталған 3500 жердегі кен байлығы жаңағы картаға түскен. Соның 700-і архив пен ауызша деректер бойынша ашылып танылған кен ошақтары. Ал 2800 кен орындарын соңғы 25-30 жыл ішінде жиналған фонд деректерінен қорытып анықтаған. Орталық Қазақстанның 0,7 миллион шаршы километр жерінің аумағында жер астында жатқан әртүрлі кен байлықтарының, жеке орындарының сандары мынадай: жез – 1498 орында бар, темір – 348, марганец – 156, полиметалл – 332, қорғасын – 217, молибден – 164, вольфрам – 130, қалайы – 60, никель мен кобальт – 67, алюминий – 91, сурьма – 29, хром – 18, ванадий – 6, висмут – 7, сынап – 3 жерде бар болып шыққан. Бұларға сол Орталық Қазақстандағы жағармай кендерін және басқа қосымша кендердің және де көп табылған орындарын қосқанда, жиыны жаңағы геологиялық картада 5500 жердегі кен байлығы анықталып отыр.

Осы аталған байлықтардың өзі Орталық Қазақстанда жақын заманда қатты молайып өсетін тау-кен заводтары өндірісінің өрісін аңғартады. Бұл өлкеде қара металл, түсті металл, сирек металл, алтын өндірісі және өзгеше келешегі бар алюминий, никель және кобальт өндірістері қатты ірілеп, күшейетіндігін көрсетеді. Сөйтіп, Орталық Қазақстан комплексті кен байлығының ғажайып мол ордасына айналмақшы.

Бұнда да ертегілік заманнан келіп, бүгінгі XX ғасыр ортасының социалистік дәуірінің ғажайып күшті ғылым құралын қолына ұстап, сиқырлы, жұмбағы мол жеті қат жер астына түсіп, ырыс тапқан, қазына тапқан халық ерлерінің құдіретті ісін, табысын көресің. Жердің астына құралсыз, әлсіз жалғыз-жалқы ертегі геройын жіберген адам қиялы, өзі де осы жұмбақ жердің астында нелер сырлар бар-ау деген бала қиялмен көп түртініп, тімтініп жүрген тәріденетін. Сонда сол қиял-ғажайып ертегілерде жеті қат жер астына түсіп кеткен адамзат: “жүрген аяққа жөргем ілінеді” дейтұғын. Талапкерді қанаттандыратын халықтың оптимистік ұғымы бойынша, жер астынан алтын қазына тауып қайтатын. Немесе өмірінің тағы бір ырысындай, ғажайып сұлу жар құшып келетін. Осындай қиялды сол Орталық Қазақстанның асты емес, үстін шала-шалағай пайдаланып жүрген қазақ шаруалары кешегі революцияның басына шейін тек ертегілеп, әңгімелеп қана келген-ді.

Жоғарыда аталған баға жетпес ғылымдық зор жаңалық – кендер картасын жасап отырған қазақ инженерінің өз әке-шешесі, тіпті бала кезінде өзі де сондай жер астының қиял тудырған байлығын аңыз әңгіме етіп келген еді. Бүгін ертегінің қиялынан да, “Сүлеймен қазынасынан” да бай, ырыс қазына байлықты социалистік құрылыстың табиғатты бағындыра жеңген, білімді адамының еңбегінен көріп отырмыз.

Ауыл шаруашылығында, өндірісте заттық негіз дүниесі мүлде жаңаша өнермен өзгерді де, жаңа әлем байлығы халықтікі болды. Халық үшін, адам үшін, совет адамы үшін деген ұлы ұран бойынша біздің барлық құрылысымыз, табысымыз өзгеше боп жарастықты жаңалығымен жаңғыра түседі. Адам үшін істелетін социалистік Отандағы ең үлкен шаралардың бір түрі денсаулық сақтау ісіне жұмсалған күш-қаражаттан аңғарылады. 1913 жылы бар Қазақстанда

дәрігерлік-емханалық орындар саны 98 еді. 1940 жылы 630 болса, 1954 жылы – 1187-ге жеткен. Аурулар төсегі 1913 жылы 1800 болғанда, 1940 жылы – 25446 болған, ал 1954 жылы – 49146-ға жетті. Дәрігерлер саны 1913 жылы 196, 1940 жылы – 2439, 1954 жылы – 8299 ға жеткен.

Сол заттық байлық іргесі өзгеріп, өнерлене күшею нәтижесінде халықтық, социалистік қазақ мәдениеті туды. Бұнда мол салалы мәдениет мағынасында ағарту істерін, денсаулық шараларын, тұрмыс, мекен жағдайының жаңғыруын, өмірлік тірлік салты мүлде өзгергенін еске аламыз. Әсіресе осы жөнде рухани мәдениеттің діңгек тіректері оқу-ағарту мәселесі, ғылым саласының өсуі, көркемөнердің дамуы, көркем әдебиеттің өнерленіп өсуі – бәрі де социалистік ұлт, қазақ халқының ғажайып табыстарын, шапшаң жеткен биіктерін аңғартады.

Барлық рухани мәдениет байлықтары басқаша боп туды да, анық алыптың өсүінде тездікпен сол алып сипатында өрге басты. Осы мәдениет майданының әр саласында сан деректер қандай цифрлар атай алатынын төменгі жайлардан аңғарамыз. Баспа жайын алғанда 1913 жылы 13 кітап басылған екен, 1955 жылы 1184 кітап басылған. Тиражы 1913 жылы 4 мың болғанда, 1955 жылы 13 миллион 189 мың болған. Журналдар, жинақтар, бюллетеньдер санын алсақ, 1940 жылы 38 болса, 1955 жылы – 71 болды. Оның қазақшасы 1940 жылы – 9, 1955 жылы – 23 болған.

Газеттер 1913 жылы бар Қазақстанда 11, 1955 жылы – 373, соның қазақшасы – 148.

Театр, клуб санын алғанда 1921 жылы клуб саны – 177, театр саны – 2 болған. 1955 жылы клуб саны – 5812, театр – 24 болған. Кітапхана 1914 жылы 146, 1955 жылы – 6068. Кино орындары 1941 жылы 1270, 1955 жылы – 2024 болған.

Басылып шыққан кітаптың тиражы 1955 жылы 13 миллион 189 мың болғанда, осы санның өзінде көп мән, көп тарихтық табыс жеңіс жолы жатқанын айрықша ескеру керек. Бұл ең алдымен қазақ тілінде Маркс, Энгельс еңбектері, Ленин шығармаларының толық жинақтары шыққан фактілермен басталады. Қазақтың тілінде революциядан бұрын аударма жайын алсақ, өлеңмен жасалған Крылов, Пушкин, Лермонтов шығармаларының қазақ ақындары аударған сирек түрлері ғана болушы еді.

Бүгінгі қазақ совет оқушысы орыстың классикалық көркем әдебиетінің көп томдарын өз тілінде оқиды. Енді поэзия ғана емес, романдар, повестер, әңгімелер, пьесалар да қырық жыл бойында аударылып, қазақ оқушысының көркемдік тәрбиесінің көптен бергі құралы, серігі болған.

Совет дәуіріндегі орыс әдебиеті, туысқан елдер әдебиетінің классикалық және социалистік дәуірдегі қымбат үлгілерінің көптен-көбі қазақ тіліне аударылған. Олар ғана емес, арнаулы көркем әдебиет баспасы қазақ тілінде дүние жүзі әдебиетінің классиктерін аударып басып, қазақ оқушысына тарата бастағанына 30 шамалы жылдар болды.

Демократиялық елдердің көркем әдебиет үлгілері де қазақ тілінде біздің оқушылардың қадірлі кітаптары боп саналады.

білдірмейді. Неге? Себебі қатерді түсінбегеннен емес, жолсыздық та емес. Өзі қаруға әзірленуі сондықтан. Шабан, амалсыз, еріксіз қабыл алды. Міне, осыны жастар естісе болып отыр. Осыдан ығысып отыр. Конференция адамдары шын пікір алысады. Конференция қабылдаған қаулыда көп жан білсін деген. Ең үлкен жәрдем сол қаруды тыю болмақшы. Бірінші табыс – құрбандықтарға көмек ету қаулысы. Жапон сөзін өлеңдей ырғалып, толқытып сөйлейді. Атом құралын құртып, мен тірі қалдым дегізетін болайық, қызметін сынайық. Құралдарды құртайық. Ең үлкен жәрдем бұл емес – сіздердің жәрдеміңіз, бізбен бірге алысуыңыз. 43 жаста.

Обата Хиса – әйел, орта жаста, сырт ажарында белгі жоқ, 900 метрде болған. Жарам болған жоқ. 40 жаста едім дейді. Өңі әлі жас. Есімде – қара таңбалар шықпады. Бір жұмадан соң бас, шаш, қас жара.

Миами 43 жаста, еркек. 6-сында қалада жоқ едім. Жәрдем отряды жасалып, мен сонымен келдім, 40 шақырым жерден. Ойранның мөлшерін тіпті түсінбейсіз. Отряд 50 кісі еді. Қаза көргендерге жәрдем еттік. 150 метр жерде (ортадан) ыстықта көмекке кірістік. Үш жүз кісі болдық. Келесі күн тағы адам құтқардық. Құтқарғандарымыздың көбі өлді. Қазір бұл да көмек... Кейде әлсіз тартам. 4-марттан бірінші июльге дейін больницада жатқам. Кеудем жақсы емес. Болмас үшін алысайық, келіндер.

С 6-го по 20 августа Хиросима. С 9-го по 23 в Нагасаки в радиусе 2 километров – закон осылай. Кейін кеп бір жұма тұрғандар да құрбандық саналсын.

19/VIII.

Біз кешке түнде сағат 12-де Хиросимадан поезбен жүріп, таңертең сағат 6^{1/2}-да Осакаға келдік. Жол, жанда тау-таулар. Бірақ жақын маңда бөлек-бөлек қалалар да мол екен. Осыдан Токиоға дейін қала үзілмей отырады. Осакада “Жаңа Осака” деген гостиницаға түсірді. Аса жақсы жай. Таңертеңгі асты іштік. Қаланы араладық. Осака аса үлкен қала. 1955 жылдың есебі бойынша 2^{1/2} миллион халқы бар. Токиодан соңғы зор қала. Тоқыма өндірісі, ауыр өндірісі мол бай қала. Киото – осының қасында, одан бұл қалаға келіп-қайтып тұратын кісілер болады екен. 25-30 шақырымдай. Бүгін кешке Осакада митинг болады. Күндіз

гостиницада демалдық. Көк шайды пұлсыз әкеп береді. Онда тек көк шайды көп ішеді екен.

Таңертең қаланы аралап жүріп, біз сыра ішпек боп, бір кішкене лапкеге кірдік. Өзінде әрі сатады, әрі ішінде бір түрлі тамақ беретін, сыраны іште ішкізетін орын-жай бар. Бір топ әйел-еркек жабыла қызмет қып жүр. Бұнда құрқылтайдың ұясындай орында телевизор, морожний істейтін мұз машине. Ас пісіреді. Үске, ішке кететін басқыш пен есіктер. Бәрі алақандай жерге сыйғызылған. Керек болса, кештерде жоғарыға осы басқышпен әйел алып кететіндер де болады деседі. Жастау күлегеш әйел жаңа вывескасын ағашқа орнатып, жаңадан ілді. Ақ шүперекте жапон жазуы, көкпен жазған. Міні, вывескалар осылайша аз дегенде, күнде жаңа жуылған, боялған түрде шытырдай болып тұратын тәрізді. Адам да бұл қалада өте таза, әппақ киінген әйелдер, іс істесе – лифтерге дейін ақ перчатка киеді. Үстері күнде ауысатын әппақ жұқа жаз киімдері. Әсіресе еркектер әппақ таза көйлек киген. Не галстук, немесе көбінше шытырдай крахмалды апаш. Бүкіл халық таза боп көрінеді екен. Күнде көйлек ауыстырады. Күнде жуынады. Жапонның баяғыдан келе жатқан ежелгі тазалығы енді техниканы бытқа, салтқа мол кіргізіп, адам жағдайын өте таза бап, жайлы етіп алған. Түндегі вагон іші өзі соны байқатты, екінші класс вагоны бұнда стандарт емес. Алғашқы күн мінген вагоннан артық. Төсектер кең, барқыт, жұмсақ. Көрпе-жастық әппақ. Бас жақ, аяқ жақта полочкалар. Бас киім, ұсақ заттар қоюға айна, кіп-кішкене тоқыма жасыл қалта. Купе ішінде екі шам, киім ілгіш, бәрі аса ыңғайлы. Таңертең кондуктор аяқтағы бөтеңкені шүперекпен ысқылап, тазартып берді. Біз рұқсат еткеміз жоқ.

Осаканың көшесінде велосипедпен жүрген рикша бар. Бұнда метро бар екен. Екі жерде мініп, түстік. Дәл біздің метро сияқты, бірақ вагонда, вокзалда ешбір әшекей, көркемдік жоқ. Сыпайы, сұрлау ғана рең. Көшеде, кей тұс тротуарда қиқым, қоқым барырақ, таза еместеу. Айтпақшы, енді күнде тайфун болады. Бұл қалаға екі күнде жетеді дейді. Алдын ала газеттер, радио хабарлап отырады екен.

Адрес: м-р Цуруго. Токио. Шибуюку, Сендагая, 3/511, об-во Япония – СССР, Цуруго-сан, Суэсси.

Алдағы екі күн планы. Ертең таңертең біз моңғол делегаттарымен бірге Нара қаласына барып аралаймыз. Сағат 12-де мұнда қайта ораламыз. Сағат 2–4-ке дейін об-во адамдарымен әңгіме. Кешке машинамен Киото қаласына жүреміз. Ол ең үлкен қаланың бірі. Жүріс күні 21-де, күндіз Киотоны аралаймыз. Сағат екіде одан шығып, Нагоя қаласына барып, кешкі сағат 6¹/₂-дағы митингте сөйлейміз. Сол күні түнде 11-де поезбен Токиоға жүреміз. 22 күні таңертең сонда болуымыз керек.

Сөз.

1. Поздравление.
2. Третья конференция – междунар. значение.
3. Мы проводим первое собрание – найдет отклик в мире.
4. П.ч. решения реальные, жизненные, конкретные, ясные для всех – кому дорог мир.
5. Заслуга яп. народа.
6. Сов. народ оценивает – это очень широко знаком ...
7. П.ч. сам сов. народ месяцами, годами – борется. За эти же ясные, конкретные меры – запрещения и т.д.
8. Еще дружнее будем трудиться дальше, крепче... ради миролюбивого человечества, еще больше приумножим ряды наши.
9. Желаю успехов вам, борцам за мир, патриотам Японии, борцам Осаки.

Митинг.

1) Сағат 7-де митинг ашылды. Либерал партиясы өкілі сөйледі. Қытаймен, Моңғолиямен қатынас түзелу керек, өкіл өзі келгені жақсы болды.

Рождество аралының жайын айтты. Атомды тыюды халықтар тілейді. Токио декларациясына қосыламыз бәріміз. Независимо от всего алысуымыз керек. Жапон үкіметі атомды тыюға қаулы алсын.

2) Соц. партиядан өкіл сөйледі. Дипози.

3) Жапон компартиясынан Ямадары Току-Зайло. Ямада (Франция): народы стран Азии особенно должны бороться, п.ч. в их районах проходят. Наши азиатские народы единогласно должны бороться. С этим вооружен. базы испытания почему больше борются, больше страдают. Призывы профсоюзов правильны.

4) Читается декларация. Просят их (документы) принять, читают их поочередно. Об Окинаве японцы на конференции приняли декларацию без иностранных делегатов.

Ортада мол су – митинг бассейнде болып отыр. 20-25 мың адам сыяды. 20 мыңдай кісі бар.

5) Енді концерт басталды. Сөздер осымен аралас жүреді, кезек. Ескі қытай өні. Ғаламат үлкен амфитеатр.

6) Қытай делегатының орнына сары Будда қоғамының бастығы сөйледі.

7) Жапон биі.

8) Жапонның биі.

9) Тағы әйел биі.

10) Тағы би (төрт қыз әнмен биледі). Айз тауы туралы.

11) Моро сөйледі.

12) Америка өкілі Хома Жак сөйледі.

13) Хор.

14) Австрия өкілі сөйледі.

15) Мысыр делегаты сөйледі.

16) Ән, би (орыстың биі).

17) Тағы да би.

18) Моңғол Дамион сөйледі.

19) Мен сөйледім. Қатты қол соғып, жақсы қарсы алды.

20) Көл жағалай... Мыңға жуық әйелдер биледі.

21) Не допустимо. Пантомима су аралас, суда да батып жүреді.

22) Интернационал. Жырлау.

Соңы ғаламат болды. Қызыл су, таулар. Бар стадион “Интерн.” жырлап, жауға қарсы басты. Жауларды қуып, ысырды. Запрет яд. оруж. деп тұрып ұран салысты. Студ. молод. рабоч. мол орысша білетін жас қыз, аты Араки Эйко, 28 жаста, Аня деп те айтады.

Қаза көрген әйелдер шығады, сөйлейді. 400 метрде едім. Өзім қазір белокровие. Әуелі қан кетті. Екі балам бар, екеуі де ауырады деп, жылап жіберді. Жан-жақтан қатты қоқыраған айқайлар шықты. Әйел еңкейіп, басын иіп сөйледі.

Еркек құрбандық сөйледі, қатты сөйледі, жұрт қызу қарсы алды. Стадион әлі қаралы, су жағалай ғана сәуле бар. Тартыс күреске көмек еткендер 15-20 мыңдай халық болды.

Би болды. 10 шақты қыз-жігіт бір бөлек, екінші топтағы бір буын боп билейді. Көпшілік биі, мені де, жастарды билетті. Бүгінгі жастар өте жақсы. Тек Осакада компартия аса күшті екен.

20/VIII.

Біз Нараға 2 сағат машинамен жүріп келдік. Ең әуелі қызық пагода. 1) Алты қырлы пагода. 2) Биік, көп шатырлы пагода – шатырлары іші фарформен жабылады екен. Бұл – храм (әуелі жайымызды білдіру үшін муниципалитет үйіне келіп тоқтадық). Қазір деді пагодада намаз болады.

Мәрдің сөздері. Біздің қаламыздың ескерткіші көп, сондықтан соғыс бізге керексіз. 3 мыңнан Нара тарихы басталады. Мәдениет қазір осыдан басталады деп санаймыз. Будда ескерткіші және үйдің өзі дүниедегі ең ескі ағаш сына. Өрт болған еді. Осы үй 600 жыл бұрын салынған. Будда бронза, жез, алтын қорытқан... Ертеде ол да сәл бүлінген, ремонт (международный соғыстарында), основные памятники больше ста... көрдік, ең алдымен:

1) Храм Касуга в парке. Нары синтоист. храм. 2) и будд. храм. 3) Монг. делегатом два места.

Парк ішінде 500 шұбар маралдар жүр. Соғыста бұлар да қырылған екен. Қолдан жем жегіздік. Жолда екі жақта шырақ жанған тас бағаналар. Мейрамда жылына 4 рет жағылады.

Храмдар, барлық қымбат ескерткіштер осы үлкен парк ішінде. Тас бағаналар ойылған. Өздерін мүк басқан өте көне үйінділер. Салқын жел соғады. Цикадалар (бұрынғыша) ызындайды. Бұнда Синтоист храмы. Соған келдік. Іші бөлек-бөлек, біріне-бірі жалғасқан қабырғалар, ашық жайлар... жосадай бояу – храм Касуга Коноэ – ескі фамилия. Соның аталары салған.

1) Мүж – бұнда төрт құдай. Фудживара. 2) Әйелі – бүгінгі әйел тобы – Коноэ нәсілі. 1230 мың темір аспалы фонарьлар. Тас фонарь 2 мың, февраль, август – екі рет жандырылады. Бір жағу үшін 50 гарон май керек. 1200 жыл бұрын салынған. Әрбір 20-30 жыл жаңғыртылып отырған. Былтыр 52 рет реконструкция болды. Фонарьларда жазулар жылдарды көрсетеді. Кейбірі 800 жылдан қалған.

Барабан 8 жүз жылдан қалған. Екі барабан мейрамда соғылады (музей), ескі дүниелер (храм музейі).

Парк ұзын тауда – өрлей келеміз, машинамен де жүрдік.

Храм март, храм февраль өттік. Зер қоңырау 1200 жыл бұрын болған жапонда, екінші орындағы қоңырау. Бөренемен соғады. Ағаш қорғанына 8 жүз жыл болған. Соғып та көрдік.

Великий Будда храмына келдік (атақты 16 метр Будда). 200 жылдан ары қайта салынған. Бұрынғыдан үштен бірі кем түскен. Бірақ дүниедегі ең үлкен сына ғимарат. Шатырына дейін 8 этаж үймен тең, өте әсем. Нара қаласында 120 мың халық бар қазір. Бұрын 30 мыңдай халық болған. Будда бұтханасындағы бронза 500 тон. Дүниеде ең үлкен бронза ескерткіш. Басы өзінен соң қайта жасалған. $\frac{1}{3}$ -ін жаңадан істеткен. Шашының әр түгі жарым адам басындай. Сол 966 ж. бұрын алтын жалатқан еді.

1250 жыл бұрын ең алғаш жасалғаны, үш жыл жасаған. Пропорция жағынан бас жағы төменгі жағынан молырақ.

Алғаш шіркеу тас іргеге қондырылған. 200 жыл бұрын салынған екі жақта екі статуя – Будданың күзетшілері. Гүлдің диаметрі бір метр. Бетінің ұзындығы, мұрын биіктігі 48. Қол $2\frac{1}{2}$ метр, иықтар 1,6.

Легенда бар. Қарашығы ішіне кіріп кетіпті. Оны қойған кісі өзі шыға алмай, тесік бітіп қалған соң танауынан шыққан.

Жапон-совет достық қоғамының жиылысына келдік. Қоғам бастығы Хасимото. 1) Алғыс айтады. Хмар жазушы, американ делегаты өтірік айтты, әрең жауап берді. Былтыр Сафронов болды, биыл Әуезов. 2) Советті оқыттыру жоқ. Канда былығы. Әдебиет, табиғат, педагогика, социологияны оқыды. 40 кісі мүшесі. 3) Мен сөйледім. 20 минуттай. Сұрақтар:

1) О школе-интернатовах (вопрос).

2) О недостатках видела в ваших глазах. В речах правду – я еще больше удовлетворена.

3) О пострадавших – недостаточно единства методов лечения, помощи жертвам испытаний – как с вашими людьми.

4) Что значит “Абай”? Романды оқымаушем, “Тихий

Донды” оқығалы қызықтым. “Абай” аударылса, неғылса да оқимын дейді. Гонорары Цуругаға болсын дейді. Мен құптадым.

5) 7 сағаттық еңбек күші туралы

6) Көзiлдiрiктi күлiп отырып (күлкiсi зиялы сияқты) сұрақ бередi. Рок-н-роллды жапон жастары онша жақсы көрмейдi. Рок-н-ролл бiзде билемейдi.

7) Не только матер. богат-ва нужны, нужны и духовные богатства.

8) Студенттер – шетелден оқымыстылар бар ма?

9) О живописи – об индивидуальном облике художника.

10) О портрете Сталина Пикассо.

Менiң сұрағым: соңғы жылдағы жапонның ең жақсы романы? Әйел жауап бердi. Алғаш сұрақ берген сол едi. Жауап:

1) “Синхей” (истор. роман) Кемуногатори, но с “Тихим Доном” несравним ни в каком качестве.

2) Нараямо Бусоко.

3) Возражает совсем не антирел... (түсiнiксiз. – Т. Ә).

4) “Юаки май” – Тосан, “Анякоро” – Сиганов и “Синдицино Танню” – Симаки Кенсаку.

20/VIII.

Кешке бiз Киотоға келдiк. Гостиница бiр топ сый адамдарды қарсы алды. Амели бiзбен таныстырды. Кейiн оларды – дiнбасы адамы таныстыра бастады.

1) Профсоюз Крула.

2) Накай әйел, член педагог. ком-та.

3) Профсоюз Хачимото. Мәдениет бөлiмi.

4) Из профсоюзa ж/д участ. III конференции.

5) Модик студент, об-ва студентов.

6) Суну Хара. Екi жыл Уолат Банорда соғысқан.

7) Депутат парлам. Осака.

8) Шигахара. Св. буддист қызмет ететiн ата-аналардың балалары осы кiсiде болады.

9) Окаб. За освобожд. женщин, за мир; юридич. консультация о запрещении продажи женщин.

10) Мива.

11) Профессор Квабара – много научных трудов – в делегац. деятелей науки был в Китае, Союзе.

12) Об-во мичуринцев. Ямоно Посикихо, в част. университете преподаватель.

13) Қызы в предисполкоме. Третьей конф., из района Киото, по форме одежды буддист. Шашы жоқ, қолында сағат. Секта начирен – буд., самая первая выступила член этой секты. Работаю в совете за мир. Өзінен қала тарихын сұрадык.

1) Ун-т Киото. Студентов 6000.

2) Досиса – 10 тыс.

3) Буддийский храм.

4) Киото – достопримечат. 1200 лет назад был столицей. Кейито – спокойный город. Город науки, город религии. Всего вузов – 15. Студентов 45 тысяч.

21/VIII.

Кеше кешке астан соң сағат 9 1/2 -да шығып, біз түнде қаланы араладық. Машинаға мініп, тау басындағы “Миако” отель-гостиницасынан шығып, тағы да өр, тау жолымен қаланың биік төріндегі парк – Марьяну бағына келдік. Халық көп емес. Бірақ салмақты, жай демалған жұрт, жарықтар онша шақыраймайды. Жайлы, содан кейін үлкен көшеге келдік. Үлкен көше шамдары, түнгі жарығы ғаламат десе болады. Бұнда жоғары-төмен көшенің екі беті сығылысып асылған вывеска, реклама – бояулар қызыл, көк, жасыл, әппақ (күндіз жарық) қызыл, көк – неше түстер тойдай таласады. Сәтте жанып, сәтте өшіп, құбылып, жайнап көз тартады. Әріптері стандарт емес. Жүз түрлі иероглиф, осы түнде өте жарық пен әшекей жарқырап үлкен оригиналдық танытады. Түнгі көше ғажайып, екі жақ үнемі үзілмес лапке, магазиндер, сағат 11-ге дейін сауда жасап жатқан жекешенің дүкендері көп-ақ.

Біз бұл кеште олжалы болдық. Ойда-жоқта “Кабуки” театрының қуыршақ бөліміне ұшырастық, театрға кіріп, бір сағатта бір спектаклді көрдік. Театрда тағы да салқын ауа, орындықтар ылғи пластмасса, қаптар шыт, қызыл барқыт орындықтар. Екі ярус бар, ағаш әшекей, оюлар көп, бояулы емес. Сахнада оркестр, әншілер ескіше жақсы киінген. Домбыра тәрізді аспап, түгел бір өздері, бір-ақ үнмен тартылады... Әншілер дауыстарына қарай отырған, ортада бастар, қобызшысы біздікінен басқа. Үлкен адам,

ойнатушы адам қатар жүреді. Қара киімдер беттеріне шейін жапқан, кейде ескерілмейтін көмекшілер.

Театрдан шығып, біз жайнаған көшемен жүріп кеп, енді бір тамаша тар көшеге кірдік. Бұл нағыз жабық базар. Төбеде биікте шатырша, онда ұзыннан ұзақ әппақ неон жарығы ұзын ақ сызықтай созыла береді. Базар тіпті ұзын. Екі жақ үзілмейтін дүкен-магазиндер, дүниелер жайнап тұр. Бәрі ашық, жайып тасталған. Осы ұзын жабық базарда үш жерде кинотеатр. Бұнда кино көп болады деседі. Кино афиша рекламалары жаныңнан әсте қалмайды. Кейде қала мен қала арасындағы жолда да кино героинясы тұрады. Осака мен Киото арасы жақын. Киотода тұрып, анада қызмет істейтіндер көп. Екі арада электр-ка, одан басқа трамвай да жүреді. Киото – аристократ, көне қала. Үйлер бар көшелерде екі қабат, жапон ғана стилінде. Бұл өте сирек, әр тұста банк, больница, сірә, кино сияқты үлкен европаша үйлер ғана ұшырайды, сирек ұшырайды. Біз таза көшені, жабық базарды ұзақ араладық.

Қазір енді қаланы таныстырады. Сағат бірге дейін қыдырамыз да, Нагояға тартамыз.

Ас бөлмеде отырмыз. Терезеден, биіктен қаланың көп бөлімі көрінеді. Бұл жақта тау-таулар, қалың тоғай басқан бау-бақша, қаланың шеті сұр тауларға шыға түскен. Көшелер квара талдары, сол жас ағаш, көркем бақтар – парк қала. Ортада бір төбені ағаш басқан. Сол төбе басында храм пагода көрінеді. Осы залда бүгін бірінші рет үш әдемі жапон әйелін көрдім. Біреуі – тамақ беруші, екінші – жас американдық кеше машинада түнде жүрген жас әйел. Таңғы асқа бір топ қытай әйелдері (бір қартаң әйелмен) келіп шықты.

Таңертең. Киотода 1200 жыл бұрын падиша тұрған. Анау тау – Хией. Онда Будда храмы бар. Ол заманда Будда әкімінің қатты күші болған. 3 мың дінбасы болған. Ол заманда ғылым, дін бір болған. Қаланы қорғау да дін, храм қолында болған. Стратегиялық жерлерге храм қойыла берген. Заман өтіп, тартыс, қайшылықтар өседі. (Киімдер таза, әппақ, қасымдағыларды айтам.) Өзен Каса бойы тар, сына болған, жазалыларды сонда жазалаған. Көп, күшті адамдар, лидерлер осында үйлер салып, ескерткіштер көп қалдырған. До эры Эйки 1868 г. императ. резиденция была

здесь. Дворец императора Ткилье Писидзы – фарфоровые изделия, крашение, производит чай, пудру, вееры, япон. вино.

Проф. Суегава келді. Всемир. Совет мираның мүшесі.

Менің сұрауым: Буддизм заңда қандай орында болды? Суегава жауап берді: Бізде басқарылу ертеде бөлінген, саясат, дін екіге бөлінген.

Жоғарғы мектепте осы оқыла ма? (және сұрауым). Кафедралар бар, кейінде, мысалы, өзі не оқиды? Өзі юрист.

1. Факультет юрид.

2. Эконом.

3. Лит-ра.

4. Физика, тех.

Әдебиетте қандай дәріс?

Философия, история, әдебиет.

История Запада, Востока, Японии. Лит-ра япон., англ., амер., китайская, русская. Три года лекции, после один год семинар.

Атақты Хэйан. 60% – жалпы буддист. Киотода 16 жоғарғы мектеп, 13 мың студент. Киотода Синк храмы қызғылт, жоса. Хэйан храмдары сұлулық үшін. 30 мың адам сыятын топ-топ, бөлек-бөлек жайлар. Пагода, жоса түсті намаз-жайлар. Бұрыштарында көп пагодалы храмдар. Бұл жаңа храм Мейдзиден бері туған.

Патша Каммо – бұл храмның покровителі құдайы, әруағы саналады. Каммо осыдан мың жыл бұрын болған. Әр храм өзінің жебеуші құдайын, әруағын сақтайды. Төрт бұрыш қораның айналасы храмдар.

Шие ағашы, бұл жапон вишнясы тора, көлде лотос өсіп тұр. Балдырғанды, салындалы папайя. Айнала цикада ызындайды. Бақша нашар күтіледі. Жапырақтар оңалмаған. Цитадалар түрі кейде кедр сияқты ағаш.

Ситадел ағашымен аралас цитадалар қоры кейде өте мол, жиі. Қалада ұсақ көлшіктер көп бақ ішінде. Көпір пагода суы үстінде. Гармоничное сочетание с архитектурой и природой.

Бүгін кешке буддист жас, әсем, кербез жігіт, солай киген. Көл үстіндегі сұлу көпірге кірдік. Мынау храмда некелер церемониясы болады.

Муниципал үйі аса сұлу, биік. Замок – 350 ж. Ниде де крепость, Тойотоми салған. Қыз жайды айтады. Временная резиденция Токугава – полководец, XVI век.

1) Комото – прием.

2) Звук эхо шыңғырлап тұрды. Сахна үшін.

3) Қонақтар жайы.

4) Аң, жолбарыс суреттері.

5) Место встречи состава штаба.

6) Үшінші зал. Тауыс суреті бар ағаш. Тауыстар оюлы ағаштан, тұтас ағаштан көп тауыс ойылған. Ағаштары – кедр, қарағай.

7) Токугава сиогун – елді қабылдайтын зал.

8) Қабылдау сағаты бәрі тізесіне иілген. Төрде Сиогун, жерде отыр. Терезе жазылып, ашылып кеткенде көл, тастар, бір топ аттары бөлек аралшалар бар. Су тасқыны, көлшік, Тасбақа аралы, Қарағай аралы.

9) Қыз – әрі жақындары болады...

10) Неофиц. қабылдау жайы. Бұрышта есік. Онда жеті есіктер...

11) Қатындары жататын бөлмелер, бақшадан әйелдерді жүргізіп, таңдап отырған әр күн.

12) Төртінші зал соғыс құралдары болған. Қарағайды атақты суретші салған. Бағана тасы бір ағаштан ойылған, тауыстардың екінші жағы гүлдер.

13) Елшілер бөлмесі ішінде тек жарық аз, қоңыржай көрініс күйі.

Тағы бір храмға келдік сағат 11-де – Ро Куондзи алтындаған, Кинкакудзи позолочен. Храм 10 жыл бұрын өртеніп, қайтадан салынды, өз қалпына келді. Алтындайды, айналасы көлшік-аралдар, тас қойылған аралдар – бұл стиль (парк могол) аралдары Жапонияны миниатюрада танытады дейді.

Жаңа храмға келдік. Мың бір құдай әйелдер храмы деп аталады. Толған тіреліп тұрған құдайлардың алтындалған, тұрған бойлы бұттары.

Сандзю сан зал двухсот метров – “Мың бір құдайы әйел” залы храмы қоңырқай ағаш, кей шамдар... Ортада үлкен Будда, көп қолдары бар, асатаяқ – әкімнің белгілері.

Арта бұттар. 1) Жол құдайы. Көп сондай құдайлар...

өздері көп. Садақ ататын далан. Қазірде де бар, о да салт. 120 метр – 33 ген. Отыз үш ген залы үлкен, содан. Бұл ғимаратты 400 жыл бұрын салған. Көркемөнер музейіне келдік. Тағы да бұттардан басталды. Фарфор табақтары, шөңгелер. Бір табақ Мин династиясынан, худож. тканье шебер, эдо дәуірі. 200 жыл бұрын.

1300 жыл бұрын черепица, адам беті. Алғашқы ақша (иен) 1300 жыл бұрынғы. Қабір ұрасы. Жез, қола. Қабір қақпағы, 1500 жыл бұрын.

21/VIII.

Кешке Нагояда көп қабылдау, кездесулер болды. Мен үш рет сөйледім. Сағат 6¹/₂-да митинг жасалды. Мың кісі болды. Мен сөйледім. Осы жиылыста басына қызыл шүберек байлаған жас шықты. Қызыл шүберегінде “Против военных баз” деген жазу бар. Бұл сондай қоғам бар да – соның өкілі. Бүгін обед үстінде социалист сөйлеп, Советтің бомба жасағанымен, соғысқысы келмейтініне сенуге болады, сену керек деді. Бұл бір жақсы белгі – интеллигенцияның көбі де сенетіндікті білдіреді. Мына маңдайына қызыл шүберек байлаған жас – қызық. Халықтағы сол ашу, бекініс, жарақ белгісін, жігерін айқын аңғартады. Алысамыз базаларға қарсы, құралдарға қарсы тыйым, бейбітшілік үшін алысамыз дейді.

Проф Сикади: Осы қаулыларға селқос қарайтын ағымдар бар, осы жолда алысуды ұсынды. Шетел делегаттары айтқандай, біз де міндет ала кетуіміз керек.

Осы жиылысты бастаған профессор, генерал. секретарь жиылыс аяқ кезінде бізге үлкен құрмет көрсетті. Біздің сағат үштен жолдан келіп, талмастан күнұзын және мәжіліс соңына шейін қатынасқанымызды, сөйлегенімізді құттықтады. Мәжіліс атынан, Нагоя халқы атынан, префектураның 4 миллион халқы атынан алғыс айтты. Содан кейін совет-жапон достығы деп жұрттың бәріне ұран тастап, үш мәртебе “банзай, банзай, банзай” дегізді. Кейін жапон-моңғол достығы үшін және солай еткізді. Жиылыс аяқ кезінде біздің бақыт үшін лозунгіні жапонша айқайлады, ұзақ шуылдап қол соқты. Кейін поезға 3 сағаттай уақыт болғандықтан, жапон киносын көрдік. Күндестер ұлдары деуге болады. Реалистік, қызық семьялық драма. Поезға

әлі де екі сағат уақыт бар еді, “шай бөлмесі” деген бір жай бар екен, соған кіріп, жарым сағаттай шай іштік. Содан түн бойы тағы да 2-класс вагонына мініп, жол бойы жайлы орналасып ұйықтап, таңертең Токиоға қайттық. Бүгін сағат бірде Токионың синегамасын көрмекке уәделестік.

Бұл жиында “Новая лит-ра” журналының редакторы Канако да болды. Бұл қызық, жақсы сұрақтар беріп, әзіл айтып, ақындар аудармасын аударушыларды сынап, қағытып отырады.

Байлаулы форма жоқ. Ескі формамен аудару лайық емес. Бүгінгі жапон жырында ұйқас жоқ деседі кейбірі. Тсэбой қартаң жазушы көп, жақсы сөйледі, аударма туралы. Майковты та түсінемін, аудармадан солай өзгелер де аударылса екен дейді. Бұл жазушы ниеті аса дұрыс.

Әйел (жазушы) сөйледі. Біреу сөйледі. Аударушылар саудагерлерге жуық, ақындықты аудармайтыны – ақындар ортасынан бұлар жырақ. Майков ақша жағынан да аударылу керек болды.

Дудинцев туралы көп сөз. Жапон герой өмірін біздей көрсетеді. Жапон әдебиетін өсірді. Ақындарды неге аз аударасындар? Нашарлығынан ба, өздеріңе пайдалы емес пе? – деп, жапон адамы сұрады. Қызық сұрақ, аударушылардан сұрады. Жауап: 1) Изд-волар прозаны алғысы келеді. 2) Тілдер алыс, аудару қиын.

Майков аударылған. Кемн жас ақынға әсері де болды. Ұлттар ақындарын білмейміз. Твардовскийді аудару жапон өлеңінің ритмі келмейтіні болса керек. Солай ма деп сұрасады өздерінен.

Қазіргі жапон поэзиясында нақтылы сөйлеп, ашық пікірлер айтса екен дейді. Менің өмірбаянымды айтты. Иенова Бэстен мәлімет алған. Мен сөйледім. Аудармалар туралы кейін Кудреватых сөйледі. Кітаптар сұрады.

Ионеночучи пишет по англ. Екі отанды адам деп жазған. Корей жазушысы Ли Кин. Накано Кубокаба, Кубой – поэт. Шал қасымда отырды, Эйкино...

23/VIII.

Сағат 3 1/2-да қоғам адамдарымен ұшырасу. Кудреватых екеуміз келдік. Құттықтау болды. Қоғам бастығы Иокемура сөйледі.

- 1) Об-во новых лит-ров Япон.
- 2) Об-во изучающих СССР.
- 3) Об-во переводчиков.

Жапон әдебиетіне орыс әдебиеті аса көп әсер еткен. Орыс әдебиетінің әсері деп қана айтуға болады, бір-ақ ұқсастық бұл.

Жұрттың бәрі бірдей ойламайды. Соц. реал. туралы да бірдей ойламайды. Шындықпен өз сезіміңді көп айту арасында жапон жазушысы түсінбейтін қиындықтар бар. Бұл Иокемуры сөзі. Ашық пікірлермен ауыса аламын.

24/VIII.

Біз Уцуномидеміз:

1) Көпірін; 2) Ниабасын; 3) Ниаба бейітін. Бастық жапон-совет достығы қоғамының бастығы. 220 мың халқы бар, универ-т бар, с/х ин-ты бар, префектурада 1 млн 500 мың жан бар.

Бастық бізді мәжіліспен таныстырды. Конф. туралы, қатынас керек, білісу үшін керек. Мен сөйледім. Сұрақтар. 60 шамалы адам жиылған.

1) Атом бомбасы туралы: испыт. болады ғой, соны біржақты бітірсе деп айтсаңыздар екен.

2) Сұрау: о територ. водах – біз жауап беруіміз қиын дедік, шынды айттық.

3) Жазушы Эгуцы Кан (Эгуси Кан). 1) “Любовь и тюрьма”, 1927 ж. Ленинград. Московский рабочий. 2) “Невеста и одна лошадь”. Таныс болды. Маған соңғы кітабын өзі сыйлады.

4) Дін туралы сұрақ болды. Зернов жауап берді.

5) Шіркеумен социализм арасында не ортақтық бар және социализм отанына не пайда келтіресіндер? Жауап – дін бай, кедей болмасын, өлтіру болмасын, татулық болсын дейді. Коммунистер санасы бұл жағынан капиталистен көп жақсы.

6) Мен студентпін. “Оттепель” сын бола ма? Шын әдебиет бола ма?

7) Студенттер еркіндігі қандай?

Біз биіктеміз, жол ғажайып, көп айналып-айналып тау басына шықтық, содан лифтпен астыға түстік, туннельмен жүрдік. Ақыры кеп тамаша водопадқа келдік – Кегон, 97 метр. Төменде көп водопад қатар ағады. Осы жерде

самоубийство көп. Былтыр 47 кісі өзін-өзі осыдан лақтырып өліпті.

Лифт 100 метр. Туннель ішкі жағы (төбесі) ақ, жарық. Екі қабырғасы ағашпен шегенделген. Асты тас жол. Тасқын қайнар айтарлықтай ғажап. Халық көп, тау басында көп үйлер, екі қабат әдемі үйлерде көп ел тұрады. Лапкелер бұнда да көп, жайнап тұр. Халық көп-ақ, жауынға қарамайды.

Ғажап көлге келдік. Водопад осында ағады. Алғашқы қақпаға келдік. Көлде көп қайық, әсіресе пароходтар көп. Айналасы 32 километр Чуден дико – көл аты. Айналасы ылғи бөлек-бөлек тоғайлы тау. Жағалай қалашықтар.

Храмға әкелмек Чуден дико. Бұнда мың қолды Будда бір ғана тастан ойылған. 1200 жыл бұрын жасалған. Мемлекет қазынасы саналады.

1) Будда – ұрлыққа қарсы, жаманшылыққа қарсы Будда. Кішілеу, алысырақта. Үйде ұстаса бақыт келеді, тыныштық келеді үйге. Хасыдай кукте аталады.

“Дезертирді ұста”, “Ұрыға қарсы алыс”, босануды оңайлатады.

Жолбарыстар бар. Будда достары емес пе екен? Төбелері үлкен жапырақтарша ойылған. Ағаштарға әлем еркі көп байланған.

Храм 50 жыл бұрын тасқын боп осында көшірілген. Айнала тау-таулар ғажап. Пароходтар жиі жүреді. Адам тығыз, көп. Аквариум да бар екен. Гостиницада да болды кішкене аквариум. Қайықтар да көп. Масобо қайықтар кішкене. Көл жағалай қыстақтар, бәрінің тұсында пристань.

Храм Втараяма, Диндя Сипто храмы. Айнала үш-төрт – батыс Жапонияны тудырған құдай. 8–1000 айрықша сан бар.

Көл 1380 метр биікте. Ең биік тау 2500 метр. Соның басында да храм бар. Жол 30 айналды қапталдап. Тамаша асфальт, екі жағы өте сенімді, берік. Бұнда осы тау құзында охота болады екен. Аралдағы храм – ең үлкен белгі осы. Мұнда бес шатырлы пагода. Храм Тошогу. Храм өзі әсем алтындалған, оюланған. Пагоданы феодал Сака салдырған. Бірінші храм. Төбесі алтындалған, ғажап дракондар бар. Художник Кано, екі мың жыл бұрын жазылған өлең бар.

Әрі бір адам суретін патша салған. 300 жыл бұрын салған. Тоса Мицуоки.

2) Тас бөлме – тұтас бір тас, алтынмен, сырмен безелген бақыт сарайы, молитва счастья. Түйе құс – фантаст. бақыт құсы.

Храм 322 жыл бұрын осылай салынған. Бояуын жаңғыртып отырады Танью. Арыстан жауыздыққа қарсы күзетші. Жалғыз мүйіз – еркек, мүйізсізі – әйел. Көзі Голландиядан әкелінген тас.

Жоғарғы карниздің бәрі алтын. Ою – бір-ақ тақтадан ойылған. Мемлекеттің үш қазынасының бірі осы. Жрец жас, әппақ киім киінген.

Иемицтің немересі салған, атасының әруағына арналған. Алтын бәйтерек суреті есік жанында. Аса қымбат, 300 жыл болған. Алтын.

Намаз таңертең күнде болады. Айына үш рет үлкенірек намаз болады. Бұл смешанный храм, қазір көбінше Синто. Сыртынан қораның ішінен бір қабырғасы ғажап, бай көрінеді. Музейді ремонтқа жапқан. Алтын, қара сырмақ.

Бір жерде ұйықтап жатқан мысық (ер мысық), скульптор Хидара Жингоро, спящий кот. Айналасы мол көркем шығарма есебінде қымбат. 300 жыл болған. Теңбіл мысық, қара, ақ аралас. Едендері қалың қызыл сыр, жолдар көк-жасыл, жол линолеум. Мысықты сол қолымен салған. Маймылдар әңгімесі де ғажап. Ең ескі храм деген храмға келдік. 1200 жыл бұрын салынған бұтханалары. Өзі бұл жерге жүз жыл бұрын көшірілген. Храм аты Дин Нодзи. Алды бір бөлек жай.

Сакромото Ин аты, священник. Көл жанында мың қолды Будда храмының кескіні. Мың қолды Будда алтын осында. Мың қол мәні – кіндігінде. Өз қолдары – одан жоғары ашылмаған лотос, 40 қол және бар. Бір қолында бес тары ұрығы (өзі үлкен алтын бұт). Өмірі ұзақ – бес тілек, бір қолында лотос, аспаптар – бәрінің мәні бар.

Басында 4 адам фигурасы – шатпандар, дьяволдар. Алты жерде шатпан бар. Осыларды жеңу белгісі үшін тұр. Ең жоғарыда тағы Будданың басы, ол жеңген шағы.

Екінші бұт – батыстағы жұмбақ Буддасы – саусақтарында мән бар. Тоғыз саты сипат.

3) Бато... Жылқы, сиыр, бұт құдай үш жүзі бар. Құдай әйел.

Алты қолда және де мөндер, қуаттар, құдіреттер бар. Бұларға 300 жыл. Жылқы басы – жауыздықтың белгісі. Жанталасқан плодоядное вожделие. Құдай әйелдің пішінінде ашу бар. Образ внушает к добру. Мынау үшінші бөлме (актердің), есіктің ар жағында құдайлар бұттары бар. Жцедайши: пештер, оттар болады.

25/VIII.

Біз ұлт музейіндеміз.

I. 1) Век периода неолита. 2) Бронза. 3) Мұнара бронза. 4) Ваза – күштірек отпен істелген. 5) Короналар. 6) Айналар бронзадан. 7) Урналар жанындағы заттар, ат...

II. 1) Бөлме – айналар. 2) Алтын әшекей короналар, Кореядан табылған сырға алтын.

III. 1) Айндардың қару-құралдары. 2) Окинава киімдері. 3) Тайван киімдері. Тоқымалар, төсек-орын. Корея заттары, тоқымалар.

IV. 1) Декорация (жезден)... Буддизм белгілері – өнер туа бастаған. 2) Қытай династиясы Тан дәуірінен көшті. Орта Азия шеберлері жасаған аспаптар. 3) XI ғасыр жездері – суреттер жезден ойылып құйылған. XI–IX ғасырдан. Терезеден бақ, көл көрінеді. Жапон бағының мақтаны осындайлар. Айнала жақпар тас. Қарағай, көлшік.

V. Кұнаһар әйел – Август. Жасалған жақпар тастағы әйел Родепа.

VI. Трубкалар – алғаш темекі тарта бастағандағы трубкалар. Айналар, шөңгелер, әскер киімі, сапылар.

VII. Жапон сапы, қылыштары, қанжарлар, аса үлкені де бар.

VIII. 1) Хан династиясы дәуірінен фарфор, алғашқы Қытай, Орта Азия қалай өскені көрінеді өнерде. 2) VII–X ғасырлар фарфоры. 3) Жапон өнерінің басталуы. XII–XIV–XVI ғасырлар. Қытай Цин династиясынан.

IX. Бұттар. Әйел құдай, сұлу бойлы. 552 жыл.

X. Бұттар – мың қолды Будда.

XI. 1) XII–XIII ғасыр, эпоха Камакура. 2) Борец – бұлшық еттері ғажап жасалған. XIII ғасыр – ағаш бұт өте шебер. 3) Поп – әдемі жасалған. Ағаш XII ғасыр, аса шебер

дәлдік – реализм. 4) Және бірі – поп тамаша істелген, мінезіне шейін көрінеді. Поптар көп – бәрі әр басқа, жақсы, жоғарғы темір суреттер.

I. Жапон суреттері 300 жыл бұрынғы алтын аралас. Адам, пейзаж, жапондар 300 жыл бұрынғы. Тушь – қағазға таулар, ағаштар салынған. III–IV ғасырдағы шыны форфор.

II. 1) Тушь – шебер пейзаждар. 2) Аңдар – маралдар. Суреттер – аңшылар. 3) Суретші Маруяма. Эра Токугава – 250 жыл бұрын – қарабайлар, ағын тасқын бұлт – қарға суреттері шебер – қарабай ұшқан суреттер бар. Әйел суреті бояп тоқығандай. 4) Суретші Хиросие, бояулар акварель – су ағысы, ғажап үйлер.

III. Сандықшалар, ерлер, жарақ сауытша, қайысты заттар. Сандықшалар өте шебер безелген. Инкрустация. Тағы сандықшалар, ерлер, ыдыстар, эскиз. Тамаша іші – алтын жауып істелген оюлар.

XII. Музыка аспаптары, халық аспаптары.

4) Суретші Сибата Дзеси. Алтын аралас бояу, әсем ұсақ құстар ғажап.

5) Суретші Косака Сидеп. Пейзаж.

6) Иокама Тайкан. Жасыл бояуы көп есек, әйел, ағаш. Қалың, жұқа жасылға жасырынған үйлер жартылары.

7) Сакая Муги. Әйелдер сүт әкелгені – Аран Кампо. Ақ өгіздер алтын мүйізді. Әппақ қыздар.

26/VIII.

Соңғы мәжіліс. Конференция орталығының жиыны. Иашуи сөйледі. Ақылдасатын мәселелері:

1) финанс мәселесі; 2) ендігі қатынастар жайы; 3) ендігәрі қалай істейді. Перспектива жайы (Муто).

Бірінші мәселе жөнінде Муто мырза қысқа баяндама жасады. Расход: кіріс-шығыстары 46 миллион иен. Жапон 24, қалғаны сырт елдерден 21, 800. 18 шет елдерден және 10 млн екі жүз жинайды.

46 миллионнан 40 миллионға экономия жасадық. Енді 5-4 млн жетпейді (жапон иені бойынша).

Бірнеше мемлекет дау етеді. Үш млн Совет Союзы уәде етеді. Румыния, Египет жарым млн бермекші. 3 млн 800 мыңға уәде бар, енді $1\frac{1}{2}$ – 2 млн ғана керек. Жетпейтіні бір млн иен. Моңғол делегаты алады. Барлығы 14 млн түсті.

Сұрағанымыз 22-дей. Жапон 24, сол 22-дей, біз 14 млн жидық шеттен, жапон 24 орнына 21 жидық. Сондықтан расходты азайттық та. Енді екі сомнан жасаған соң, жалпы сметаны азайттық. Ғафу өгінем, біздің өкімет виза берді бүгін. Соған қарамағаны үшін көп алғыс (Моңғол делегациясына).

2-мәселе – қатынастар жайын көп талқылау болды. 3-мәселе – о перспективе, о помощи дальше.

Кешке. Жұмыстар бүгін бітті. Енді ертең ерте жүрмекпіз. Соңғы күндерде жазылмай қалған аз жайларды санайын.

Қосымшалар. Соңғы күндерде біз Токионың синерамасын көрдік. Самолетпен өзіміз көріп келген аралды, шөлді, таулы, тоғайлы, әсіресе мол мұхитты, көк теңізді, дүниелерді ілгері қарай соза түскендей әсерлер алдық.

Бұнда Н-Йорк, Вашингтон, Азаттық статуясы... Жапония (баяулы-гүлді), Африка, Мысыр, Оңтүстік Африка үріккен бегемоттары, самолетте құтыра қашып, суға шоршып түсіп жатқан крокодилдерімен көрінді... Индия мангус пен көп жыланның күресін көрсетті. Тәж-Махалда болды. Мысырдың пирамидалары Сфинксті көрсетіп өтті. Афина акраполи, Рим Петр соборы, әсіресе Папаны көптен көп мадақтады, аса көп көрсетті. Бағынған, намазға иілген діндарлармен, Рим монашқалармен қабаттас көрсетті. Колизей қорымы да көрінді. Бірақ “Пьеттаны” көрсеткен жоқ. Стамбулды шолып өтті. Осылайша “Жеті ғажап” әлемін аяқтады. Сонау тамаша ашық, анық көзбен қолма-қол сол дүниені өзің көріп шыққандай әсер етті. Ленталардың сыпаты өзгеше.

Келесі күні, 23-інде біз “Кабуки” театрында болдық. Екі спектакль көрсетті. Алғашқысы тағдыр жарлығынан туған жазалар. Бір адам сүйген әйелінің әкесін өлтіріп, кейін өзін өлтіреді. Әйел түсі оған дьявол боп көрініп кетеді. Екінші қытай өмірінен алынған пьеса – берірек кезді аңғартады. Балташы мен сүйген әйелі, биші қыз арасындағы ауыр күйлер. Қастардың себебінен екі ғашық қосыла алмай қаза тапқаны көрінеді. Бұл спектакльде “Кабуки” театры өзіне азырақ ұқсайтын тәрізді. Тегінде, “Кабуки” театрының репертуары аса бай, мол болған тәрізді. Көп ғасырлар ішінде үндеспейді. Хаяси мырзаның айтуынша, 500 спектакль болуға мүмкін дейді. Музыка, музыкант

әншілер жеке-жеке дауыспен кезектей оқылған өлең-ән қосып отырады. Кинода біз көрген қуыршақ театрындағы әншілер, күйшілер сол аспаптармен, медиаторларымен (піл сүйегінен істелген) түгел осында отыр. Музыкасы жай, салмақты қозғалыстар... Көп үнсіз паузалар – баяу ритм. Бірақ әсерлі, есте қалғыш қозғалыстар – бұл театрдың ерекшелігі... Адам жүзі бояу арқылы ішкі мінез, жаратылыс өзгерістері ерекше жат құбылыстарын танытып отырады. Маска тәрізді.

Кешке 25-інде күндіз ұлт музейінде болдық. Кеше Хаяси, Като мырзалардың көмегімен тағы бір театрды көрдік. “Хиеза” деген драма театры. “За театр” деген сөз. Хиенің театры дегені – Хие артист болса керек. Бұнда “Отты тау” атты бүгін өзі тірі, қартаң жазушының пьесасы қойылды. Алғашқы сахнада екі әйел тауда ойлап жатып ішкі сырларын, өз жайларын айтысады. Таудан от атылып, соның буынан уланатын екі жас – бір қыз, бір жігіт. Екеуі де үнемі сахнада жатып арпалысады. Қыз истеричный, үнемі нажиммен ойнайды. Жігіт ролінде артист любитель спектаклдерінің ойнаушыларынан жоғары емес. Әсіресе көңіл қалдырған екінші акт. Ол бір акт еді, бір сағат елу минут жүрді. Алғашқы екі адамның бірі – қыз. 12 жылдан кейінгі өмірі көрсетіледі. Жігіт соңғы 1,50 м-тың ішінде оқиғада мүлде жоқ. Көп орын, уақыт – қызға жәрдем, қолы жаралы композитор алады. Ол тек сөйлей-сөйлей береді. Ұсақтау қозғалыс, құбылыс жоққа тән. Алғаш қыз кейін кеп араласады. Бұл ана жігітке тиген, бірақ ертеде мынау композитормен де болған екен. Бұл оған ең үлкен әнші боласың дейді екен. Сондағы қиналыс – іздеп келеді. Тағы истеричный. Композитор феодал сияқты. Қатал, сұйық, әділетсіз. Бүгін ол бір жас қызды алып, сонымен тұрады. Бар жанға әділетсіз, өзімшіл. Тас қаракөңіл, пәс адам тәрізді. Өзі сонымен қатар аса скучный образ. Осы ортадан қосылған адам бар. Бір сағат елу минуттық актыны алды. Қатты сынасып, спектакльден біз кейін қалдық. Бірақ жастар көп, өңшең қыз-жігіт.

26/VIII.

Күні таңертең Жапонияның коммунистік газеті “Ака-катидың” екі сотруднигімен ұзақ пресс-конференция жүргіздім. Үш мәселеге жауап бердім:

1) Советтегі жазушылар одақтарының достық қарым-қатынасы арқылы көрінетін әдебиеттегі достық жайы.

2) Жапон-совет әдебиетінің қатынастары туралы.

3) Совет әдебиетіндегі соңғы жаңалық жайлар жөні. Дудинцев жайы жөніндегі мәселелер. Дәл бір сағат. Екі корреспондент, аудармашы үшеуі менің сөздерімді тыңдайды, аударылуы үстінде тек жазып берумен болды, екеуі қатар жазды. Қатынас (екінші мәселе) жөнінде біздің жапоннан аз аударғанымызды кемшілік деумен бірге жапондықтардың 176 кітап ішінде бірде-бір ұлт әдебиет үлгісі аударылмағандығын айттым. Сөз көп, хаты бойынша үш жазушы шақырылғаны сөз болды. Адам қатынасы керек. Жапон жазушылары бізде болғаны дұрыс болар еді дестік.

Осы күндерде Токиода қонақта, үш жиында болғанымызды айта кетейік. Үшеуі біріне-бірі ұқсамайтын жайлы кездер.

25-і күндіз біз Харис екеуміз профессор Ояманың әйеліне, үй іштеріне барып амандасып шықтық. Ояма қайтыс болған. Қадірлі ғалым, бізге дос адам болған. Бар халықтар салты бойынша совет елі-жұртым атынан үлкен профессордың орнына барып, көңіл қос айттық. Дәстүріміз бойынша үй іштеріне, сіздерге дос көңілімізді білдіргелі келдік деп ек. Бәйбішесі (оның бәйбішесі) сондайлық мінезді, дана, байсалды, байыпты адам екен. Үнемі жымыып, сыпайы ғана рақымды, мейірбан жүзбен сөйлейді. Бейне бір Ұлжандар дерсің. Ұлы профессор, жас ғалым — әдебиет оқытады. Неміс әдебиетінің маманы екен. Келіні бар. Ол кішкентай (бір жасар) ұлын арқасына екі аяғын салақтатып таңып алып жүрді. Пәтері жеке, әдемі особняк болғанда алдыңғы бөлме европаша диван, орындықтар қойылып, кілем, үстелдер жасап жиылған. Арғы бөлмелер жапонша болса керек. Пәтер жарымы үстіңгі үйінде. Бізге мороженный қосқан арбуз қойды (ұрығы тазартылған). Жапон мороженныйын берді. Фрукты, жүзім, шабдалы әкелді. Кейін екеумізге екі-екі бөлектеген сыйлар әкеп қойды. Совет елінен келген сәлем бейіл, жеке адамдар мені, бала-шағамды айрықша қуантады. Жақсы достық, айнымас тұрақты достық сезем дейді бәйбіше. Ұлы әкесінің бюстін көрсетті. Жібекке, мауытыға орап

койған екен. Атақты суретші Ояманы көрмеген адам болса да, көп фотоларға қарап отырып салды дейді. Аса шебер істеген. Қоңыр реңді көркем бейне. Адамның (Ояманың) жаратылысқа сенуін салған. Ойлы рең, қайрат ақыл, үлкен парасат иесі адам екенін аңғартады. Профессор баласы да, ананың өзі де үнемі Ояманы еске алумен болысты. Кішкене немересі бар. Соның атын Ико деп бастайды екен. Оның мәнісін, тарихын айтты бәйбіше мен ұлы. Ико қытай иероглифінен алынған. Атасының, әжесінің екеуінің де өз аттарының басы Ико-дан, сол иероглифпен басталады екен. Мына кішкене үшінші буын Оямаға да атты сол ретпен берісіпті. Аса жақсы, мәнді, көңілге сондай әсерлі сәт болды. Әркімнің артында осындай тәрбиелі, сезімді, үлгілі достары, жақындары қалғаны қандай бір қымбат ескерткіштей жұбанышты, мерейлі және өзі келісті бір кез-кезеңдей – тағдыр дейтіннің ұнамды бір сағасындай сезілді.

23 күні кешке біз қала сыртына, Масахара Танакидың өз үйіне қонаққа бардық. Жазушы Кудреватых, фотошы Козловский төртеуіміз бардық. Өзі салдырған, теңіз жағасына жақын, кішкентай бақшалы, баулы жайы бар екен. Екі үйі екі бөлек жалғас. Үлкен үйінің жарымын пәтершілерге беріпті. Өзінің бөлмелері жапонша. Бірақ кітаптар, үстелдер бар, аласа үстелдер көп, бар бөлмеде төсеніш. Аяқкиімді тастап кіресің. Келісімен суға түстік, киімді соларша кидік. Суреттерге көп түстік. Масахара әйелі кішкене тотыдай сүйкімді, ашық мінезді, жақсы үй мен өте қонақжай, әдемі ортаға келдік. 12 жасар қызы, одан кіші ұлы бар, кейін келісті. Енді оның екі келіні, екі кішкене қыз немересі бар. Бәрі аса мейірман, көңілді, жатырқау жоқ. Бауырмал, өте сыпайы жандар.

Жерге отырар болса, аппақ тыстармен қапталған көрпешелерді құшақтап әкеле қойысады. Киотода жапон ресторанынан сыра ішеміз деп кіргенде де, осындай әппақ көп көрпешелерді әйелдердің (күтуші) құшақ-құшақ алып шыққанын көріп ек. Түнде қондық. Бақшада отырып ас іштік. Балықтардың неше атасы, әсіресе магура дейтін сүйегі жоқ, қызыл балық тамаша екен. Соған тағы ұқсас ақ балық. Өте қызыл күрең балық бар, түрі тіпті ерекше. Асты хасымен (екі таяқша) жедік. Пісірген вобла сияқты бір

балықтар аса дәмді екен. Және жылытқан ақ шарап іштік. Оны оймақтай кішкене шынымен береді екен. Кейін Танаки өз үйінен бізге арналған сыйлар әкеп ұсынды.

Тағы бір осы алуандас оқшау есте қаларлық кездесу кеше, 25-і күндіз болды. Ұлт музейінен шыққан соң театр-ға барар алдында бір жарым сағат уақыт қалып еді. Хаяси Кано мырзалар бізді қонаққа шақырды. Жапон ресторанына барып, жапонша кешкі ас іштік. Аз отырып шығайық деп едік. Біздерді қаланың дәл орта тұсындағы жапон ресторанына алып келді. Ішкі бөлмелерге кірерде ботинкаларды тастадық. Екі-үш ықшам, әр компанияға лайық төрт қабат бөлмелер екен. Ортада компания шағын болса жетерлік аласа, дөңгелек қызыл үстел, сырлаған, шеттерін оюлаған қызыл үстел. Айнала көп көрпешелер, қатар бөлме де сондай, ол бос тұр. Бұл баяғы Семей қымызшыларының үйін еске түсірді. Онда да осындай әр компанияға бөлек бөлме тиіп қалатыны болатын. Қызметші көзәйнегі бар әсем, сыпайы жапон әйелі. Жерге қасыңа отыра қап, не керегін сұрайды. Тізерлеп отыра қалып қызметін атқарады. Ресми ресторан жағдайы емес, кәдімгі бір орнықты бапты, жеке таныс, дос-жар үйінде отырғандай. Уют, удобство, семейный быт жасайды. Әйел керек болғанда “ай, пәленше” деп үй адамын шақырып алғандай, мойын бұра дауыстай салады Хаяси. Анау елендеп аласұрып, өзір бола қалады да, қасына отыра беріп (сәл сыртын ала отыра беріп), бұйрықтар алады. Сәтте бұлжытпай орындайды. Тегі, жапон әйелдері басқаша сыпайылық, нәзіктік танытады. Осыны бір жапон жігітіне (алған әсер қандай деп сұрағанда) айтып ем, қатар отырған жапон жайын жақсы білетін орыс адамы айтты. Бар европа адамдары да жапон әйелдері туралы осыны айтады деді. Майдалығы “сүзгіңе жеткендей болсын үңіліп” деген беташар сөз сияқты. Сондай нәзік мамырлап, балқып, толқып тұрады. Сергектік бейне тұмса жас маралдай. “Қай-жай” деп елең етіп, елп етіп күліп, майда ғана үн қатып тұрады. Әлде әйелде “тексіздің күйі күшті болғандықтан” солай да мекен. Әйелі көбінше жаны ашып, мүсіркетіп тұрғызады. Бұл қонақ-жайда біз жеген тамақтар 7-8 түрлі болды. Акула қанатынан істеген сорпадан бастадық. Содан бірінен соң бірі дәмді боп келіп, отырған тағамдарды тегіс хасымен ішіп-жедік. Аса бір есте қалар

қызық отырыс, әдемі отырыс болды. Қазір 26 августың түні, сағат 12-ден асты. Енді осы түнді өткізген соң, таңертең сағат 8-ге дейін аэропортқа жетіп, сағат 9-да қайтадан сапар шегеміз. Қайта мінер самолетіміз “Сас” емес, “Эйр Франс”, барлық Парижге шейінгі сағат сапар саны келгендегіден едәуір қысқарақ болса керек. Қайырлы сапар.

27–28 күндері ұзақ жолмен ұштық. “Эйр Франс” самоләті Манилаға дейін 7¹/₂ сағат, Сайгонге 5 сағат, Бангкокке 2 сағат, Карашиге дейін 9 сағат, Тегеранға дейін 4¹/₂ сағат, Римге дейін 9¹/₂ сағат, Берлинге дейін 3 сағат ұшып, аман-есен Парижге 28 күні түнде сағат 10-да (Париж уақыты бойынша) алып келіп түсірді. Жолда Карачиде, Тегеранда тамақты аэровокзалдан іштік. Жол әсерін айтқанда, Филиппин аралы – Оңтүстік Вьетнам (Сайгон), Бангкок – бәрі де жапон аралдары сияқты тоғайлы, таулы. Мұнар тұман ішінде бұлыңғыр-бұлыңғыр көрінген, бірақ аса құйқалы жерлер – жылы, ыстық болуымен қатар, тым қауіпті, суы көп болғандықтан, ырыс теңізі қасында болғандықтан бай, өзгеше өлкелер көрінеді. Көп нәрсе айтуға, суреттеуге болатындары: Нара табиғаты гүл, жемісі желкіл қаққан ырысты жерлер. Әсіресе бұл сөзді Карачиден Тегеранға қарай ұшқан сапардағы шөл тастардан үрке қараған көңілмен айтасың. Анық мұз кешулер осы Карачи, Тегеран арасы тәрізді. Бұнда картада, дәл самолет жолында болмаса да, жақын маңдарда Қорасан, Шираз сияқты уәлаяттар қалып жатыр. Дәл Тегеранға тақағанда бір үлкен көл көрінді. Бірақ сол көлмен қатар, дәл Тегеранға шейін самолет астында қызыл шақат жат-жалаңаш, қатпар-қатпар тақыр тастар үзілмеді. Осы тастар, тақыр өлкелер күйіп жатқан от дариясы, түксіз, түйірсіз ұзақ-ұзақ өлке үңгірлер жан түршіктіреді. Рендері мыс, лай тәрізді көкшіл, шымқай сұрғылт ұзақ бір үңгірлер кетеді. Немесе нақ бір мыстың татындай у ренді, залалды жасыл шөлдер көрінеді. Жер атаулы ыстық шөл демінен, зәрінен түршіге шошығандай, кейде қарс жарылып-жарылып, тарам-тарам, айғыз-айғыз шұбырынды тәрізді тақырлар тармақ-тармақ құр тамырлар қалдырған. Дәл Тегеранның түбіне дейін қызыл шақат құз жартасты биікше тау қанат астында қалмай жарысып келді. Қала осы тәрізді биік, сұп-сұп қылтанақ өспес тас тылсымның етегінде екен. “Кімнің жері?

Қандай сорлы адамзат мекен еткен?” деп келесің. Қаланың шатырлары жалпақ, үйлер сүп-сүр балшық. Тоғай жоқ, бақтар да сараң шыққан. Ал қалаға, аэровокзалға келгенде киімдері, ажарлары жақсы фарсылар көрінеді. Әйелдері ала көздеу болса да, мұрынды, ерінді келсе де, аса тартымды, кесек сұлулардай.

Бақшада балалар ойнап, әйелдері шаштарын (қара шаштарын) қызғылт күреңге, жез рендес сарыға бояған. Ерлер жақсы мода киген. Ойнаған ер, қыз балалар арасында Хамид деген баланы Хамиджан деп шақырысады. Линда деген құралай көздес сарғыш қоңырқай шашы бар, әдемі қыз бала – Хамидтің қарындасы ойнап жүрді. Шешесі европалық болғандай. Шашы сарғыш бозғыл, бірақ жас, көзі қара. Көздері үлкен-үлкен парсы балалар болды.

Түстен кейін (28) Тегераннан Римге қарай ұштық. Тоғыз жарым сағат жол. Бағдадты баспай, Анкараға қарай тартты. Біз түрік Анкарасын басып, Стамбулдан өттік. Кіші Азияның жері түгі мол, орташа биіктігі бар адыр таулар екен. Әуелі шөп, өсімдігі қалың шыққан адырларды көп кездестірдік. Ауылдар көп, бірақ түрік ауылдары әсте көше жасамайтын тәрізді. Анкараға шейін солай болды. Егіс көптен көп, қарадай жыртылған жерлер көп ұшырайды. Тау-тау адыр жоталарын, беттерін, дөңгейлерін өте жиі пайдаланған. Өзендер, таулар биік, кішігірім көлдері ұшырай бастады. Көлдер жиектерінде тағы да ауылдар көп. Тоғайлы, аз үйлі (көбінше) ауылдарда жемісті бақтары тегіс бар деуге болады. Кейінірек табиғат реңі тіпті жақсы бола бастады. Тауларды көбіне тоғай басқан. Стамбулға, Анкараға ауысқан жақтардың бәрі тегіс қалың жыныс, бұйра тоғай басқан өрлі, биік таулар, адырлар, қырқалар, араларында көлдер, өзендер, бұлақтар жиі көрініп қояды.

Анкара маңында бір тамаша көл бар екен. Жағалары таулар болғанда, көл өзі оралып-оралып қызық, көрікті шимай салып жатыр. Кей тұсы тарыла кетеді, бұрылады. Онда екі жағасынан таулар қоса оралып ілеседі. Көл мен тау бұралып, оралып аймаласқандай. Саяхатқа, қызықтауға пароход қайықтар жүр кезіп. Туристер жүргізуге мейлінше қызық болғандай. Оригинал көл мен тау сирек, ерекше бітімдері бар. Сол көлден кейін тау, тоғайы ғаламат

молайып, жыныс боп жүндес таулары үзілмей барып теңізге, Мрамор теңізіне тіреледі. Стамбулға, кейін одан ары грек жеріне, Кариод аралына асады екен.

Түнде Римде болып, түнгі асты аэровокзалдан іштік. Енді үш сағат ұшып, Парижге кеп түстік. Түн Парижде “Рояль Монсо” ателіне түстік. Қаланың тап ортасы – Елисейские поля, Триумф аркалардың қасындағы жақсы отелінің бірі осындай гостиница 5-6-ақ десті.

29-ы күндіз Парижде болған бар сағатты барлығымыз мол пайдаландық. Талай ғажайып сұлулықтар көрдік. Әзірше ұмытпас үшін тек көргендерді санап қана қояйын: елшілік машинесін күні бойы пайдалану көп дүниені оңай, шапшаң аралатты. Парижге келетін күні мен программ (аралаудың программын) айтамын. Түнгі сағат 12-де гостиницаға қайтқанда, біз бар программды асыра да орындадық деп, қуана ырза боп қайттық. Қысқа ғана санағанда кеше, 29 күні көргендеріміз: 1) Эйфель мұнарасы; 2) Марсово поле; 3) Нотр-Дам; 4) Площадь Свободы (обелиск); 5) Мост Алек. III; 6) Жанна д’Арк (алтын мүсіні); 7) Граф Балас; 8) Балас көрмелер болатын...; 9) Парламент үйі (Ұлт ассамблеясы); 10) Пер-Лашез зираты. Бальзак, Дюма, Коммунарлар, Барбюстер қабірлері; 11) Лувр. Онда ван Дейк, Троус, Давид, Делакруа, Леонардо да Винчидің ғажайып Мона Лизасы, әсіресе Венера Милосская, Афродиталар – ғажайып инкрустация, хрусталь гобелендер көрдік. Аттың статуялары ерекше. Нотр-Дам ғажайыптары ішіне кіріп араладық; 12) Пале Рояль; 13) Булонский лес; 14) Сорбонна; 15) Пантеон; 16) Монмартр (Мулен Руж), Храм Сердце, атақты площадь барып көрдік; 17) Кешке синерамада болдық. Күндіз көзбен көрмеген әйелдерін бар өнерімен сонда көрдік. Парижді тағы айлап көріп шыққандай болдық.

Қысқасы, Париждей мол дүниенің шынайы ең сұлу, ең ұлы қаласын аз уақытта мейлінше мол көрдік. Әрине, бұл көру аз, тіпті аз. Бірақ жалпы түсінікке көп әсер берді. Парижде бес миллион халық бар. 2 миллиондай машиналар көшелерде, түндерде де керуен-керуен боп тіркесіп, далада тұрады екен.

Монмартр – тау. Сонда қаланың үлкен бөлімінің бірі, ең биік шоқысында жоғары аталған “Жүрек” атты шіркеуінен

Парижді жақсы көруге болады екен. Біз ішін де көрдік. Сыртынан да айналып көп болжадық.

30 күні аман-есен Прагаға келген едік. Сол күні кешке көптен құмар болған “Ту-104” самолетіне мініп, Мәскеуге ұштық. Бір сағат ұшқан шамада Варшавадан өтіп барамыз, енді бір сағатта Мәскеуде боламыз деп борт-механик әйел жариялап еді. Бірақ артынан тағы қайта оралды. Мәскеу тұсында ауа райы қолайсыз, нажағай бар екен, сондықтан Прагаға қайта қайтамыз деді. Бір сағатта қайта Прагаға кеп түсіп қалдық. Артынан қырық минуттан соң тез қайта мініңдер, ұшамыз деп еді. Бірақ және де ұшпады. Қайта хабар болып, Мәскеу қабылдамайтын болды да, біз түнде Прагаға барып, “Дружба” деген үлкен гостиницаға қондық. Таңертең сағат 9-да, Мәскеуше сағат 11-де қайтадан екінші мәртебе ұшып, енді екі сағатта аман-есен Мәскеу аэропортына (аэродромына) кеп қондық. Қайырлы сапар қайырлы боп аяқталды. Бар жүріс жолға дән ырзамын. Көрген мен білген, сезген – баршасы қосылып, өзінше біралуан байытып қайтарған тәрізді.

**Ғылыми
түсініктемелер**



**“Выступление Ауэзова”
(Конференция по изучению “Манаса”
в 1956 г. 8 июня во Фрунзе)**

М. Әуезовтің 1956 жылы 3 шілдеде Фрунзе қаласында өткен “Манас” эпосының біріктірілген (сводный) нұсқасын талқылаған жиналыста сөйлеген сөзі. Стенограммада “Тов. Ауэзов М.О.” – деп барып, стенограммалық мәтін берілген. Түсірілмей қалған сөздердің орнына қойылған көп нүктелер, кейбір стильдік ерекшеліктер жұмыстың жиналыс үстінде сөйлеген сөз екенін көрсетіп тұр.

Қырғыз халқының ұлы эпосы “Манастың” тағдыры кеңес өкіметі жылдарында қиын болып, көп рет талқылауға түскені белгілі. “Манасты” кітап етіп (көп томды) басып шығару мәселесі 1930 жылдардың ортасында көтеріліп, бірнеше талқылаулар өткен. Бұл М. Әуезовтің 1935–1936 жылдары баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларынан да көрінеді. Отызыншы жылдары алғашқы екпінмен “Манасты” түгелдей шығару туралы шешім де қабылданғанмен, сол жылдардағы солақай идеологиялық саясаттың салдарынан қозғалған игілікті жұмыс іске аспай қалды. Бұл мәселені қайтадан көтерген 1952 жылы да идеологиялық саясат қайтадан ушығып тұрған мезгіл болатын. Манастану ғылымында ерекше тарихи оқиға болып есептелетін 1952 жылы 8 шілдеде өткен конференцияға да М. Әуезов қатысып, идеологиялық ахуалдың ыңғайына құлаған баяндамашылар мен сөйлеушілер “Манастың” жариялану мәселесін тағы бір қиып жіберуге шақ қалғанда, өзінің терең ойлы, ғылыми дәлелді сөзімен бүкіл конференцияның бетін оңға бұрып, “Манастың” біріктірілген нұсқасын шығару туралы шешім қабылдауға ықпал еткен. Бұл шешімнен кейін қырғыз ғалымдары мен әдебиетшілерінен, одақтық деңгейдегі бірер ғалымдардан арнаулы топ құрылып, эпостың біріктірілген нұсқасын жасауға кіріскен. Іс жүзінде “Манас” эпосының жариялану хақысын алып берген М. Әуезов бұл жұмыста да шешуші, ақылшы тұлға ретінде қабылданды. Қырғыз жазушысы Түгелбай Сыдықбеков 1952 жылдың 17 сәуірінде жазған хатында: “Қадірлі Мұқа! Хат жазғаныңыз үшін үлкен рақмет! Дұғай сәлемдерден бұрын Сіздің сұрауларыңызға

жауап берейін: – Мен білген хабарларға караганда, Сіз “Манас” редколлегиясының қатарында барсыз. Денсаулығыңызды шыңдап, “Манастың” шоң томдарын оқуға қамданып тұрыңыз. Қысқартылғаннан кейін оның үш бөлімі сексен мың жолдан аз асады...” – деп жазған. 18 сәуірде Қырғыз КСР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінен келген хатта: “Уважаемый Мухтар Омарханович! Решением бюро отделения общественных наук Вы утверждены членом редколлегии по изданию трилогии “Манас”. Главным редактором редколлегии назначен академик АН Киргизской ССР Б.М. Юнусалиев, который в ближайшее время согласует с Вами содержание и сроки работы”, – деп, М. Әуезовтің ресми түрде “Манас” эпосының біріктірілген басылымына редколлегия мүшесі болатыны хабарланған. М. Әуезовтің манастанушы-ғалым ретіндегі бүкіл Кеңес Одағы деңгейіндегі беделін төмендегі құжат та дәлелдейді.

“16 июня. Письмо из Института мировой литературы им. А.М. Горького:

Глубокоуважаемый Мухтар Омарханович!

Институт мировой литературы им. А.М. Горького АН СССР, развертывая работу по проблемам эпоса народов СССР, хотел бы укрепить научные связи и взаимоотношения с Вами как с крупнейшим знатоком и исследователем эпоса народов Средней Азии. Ваши исследования в области эпоса пользуются заслуженной известностью, к сожалению, написанная Вами ценная работа об эпосе “Манас” до сих пор не опубликована. Мы хотели бы издать книгу “Киргизский эпос “Манас”, в которую вошло бы Ваше исследование и известное Вам исследование В.М. Жирмунского “Введение в изучение “Манас”. Такое издание может выйти под совместным грифом ИМЛ и АН Киргизской ССР.

Предложение издать Вашу работу В.М. Жирмунского мы послали в адрес президента Академии наук Киргизской ССР и члена-корреспондента АН Кирг. ССР тов. Б.К. Керимджановой...

Эти мероприятия – издание книги о “Манасе”, проведение совещания по “Алпамышу” и текстологическое совещание 1957 г. – ближайшие по времени выполнения их и, как нам кажется, имеют большое значение для углубления всей работы по эпосу. ...Надеемся в скором времени получить от Вас положительный ответ на наши предложения...”

Искренне уважающие Вас
Заместитель директора Института,
кандидат филологических наук

(А. Петросян)

Заведующий Сектором фольклора
Института, доктор исторических наук (В.И. Чичеров)
(РФ НКЦ “Дом Ауэзова”, п. 585, л. 77).

М. Әуезовтің бұл жиналыстың алдында “Манас” эпосының біріктірілген нұсқасын дайындаған жұмыс тобының материалдарын алғаны Т. Сыдықбековтың хатынан және өз сөзінен көрініп тұр. Бұл жиналысқа мұқият дайындалғандығын келтірілген сандық, пайыздық деректерден көреміз. Бұл жинақты дайындауға 1952 жылғы конференциядағы Әуезов сөзінің мазмұны негізінде жасалған шешімнің жетекші әдістемелік ұстаным етіп алынғаны анық байқалады. Мұнда “Манас” эпосының мәтінін қайта қарап шыққаннан кейін айтқан бірқатар ұсыныстары мен ескертпелері бар. Олар: “Манас”, “Семетей”, “Сейтек” эпостарынан тұратын трилогияның “Манас” бөлімін мүмкіндігінше толық сақтап, көлемді сақтау үшін қажетті қысқартуларды “Сейтек” пен “Семетей” мәтінінен жасау; біріктірілген нұсқаны жасау кезінде эпостың пайдаланылып отырған нұсқаларының ең көркем, орынды бөліктерін пайдалану; алынған бөліктердің басты идеяға сай келуін; оқиғаларды сұрыптағанда мотивке қайшы келмеуін қатты қадағалау керек дегенге саяды.

Шағын сөзінде “Манас”, “Семетей”, “Сейтек” бөлімдерінің өзіндік ерекшеліктерін көркемдік-поэтикалық тұрғыдан айқып ажыратқан. “Манас” бөлімі ірі, халықтық сипатта болса, “Семетей” махаббат, тұрмыстық сипатқа ойысып, “Сейтекте” ауқымы, мәселесі шағындалғанмен, қайтадан халықтық тұрғыға көтерілгенін айтады. Терең тақырыптық-идеялық талдаулар, сюжеттік-композициялық құрылымдық тексерулер бар. М. Әуезовтің тағы бір байқаған кемшілігі – соғыс сахналары көлемінің аздығы. Соғыс сахналары жайлы осы ұсыныс-ескертпені 1952 жылғы конференцияда айтқан болатын.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде жарық көрген алғашқы көлемді басылым манастану саласындағы кезеңдік еңбек болып шықты. Ішінде М. Әуезов бар жұмыс тобы сол кездегі идеялық жағдай мүмкін ететін ең жоғары деңгейдегі басылым дайындаған.

Сөз “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорынан (181-бума, 25–34-бб.) алынып, сол күйінде беріліп отыр.

Р. Әбдіғұлов

“Наши творческие замыслы”

Бұл – М. Әуезовтің “Наши творческие замыслы” деген айдармен 1957 жылы 5 қаңтарда “Литературная газетаға” Жаңа жылдық анықтамалық сұрауларға (анкета) берген жауабы. Онда О. Гончар, А. Караваева, Н. Михайлов, Ю. Нагибин, К. Наджми, Н. Никитин, М. Рагим, А. Саксе, И. Сельвинский, Я. Брыль, тағы бірнеше жазушылардың жауаптары берілген.

Бұнда М. Әуезов 1956 жылы атқарған жұмыстарын қорытындылай отырып, Индия елінде болған сапары жайында “Индия очеркін” жазғандығын, онда оқырман қауымға барлық көрген, білгенін жеткізуге тырысқанын көрсетеді. Сондай-ақ “Еңлік – Кебек” пьесасының соңғы нұсқасымен жұмыс жасағанын айтқан. Пьеса 1957 жылы Қазақ академиялық драма театрында М. Гольдблат пен Қ. Қуанышбаевтың режиссурасымен қойылып, 1958 жылы Москвада өтетін қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінің бағдарламасына енген.

Жазушы Жаңа жылда, яғни 1957 жылы Қазан төңкерісінің 40 жылдығына орай “В дни Октября” деген тақырыпта жаңа пьеса жазуды жоспарлаған. Бірақ қаламгер бұл жоспарын іске асыра алмады. Сонымен қатар анықтамалық сұрауда социалистік құрылыс тақырыбына арналған жаңа кітап жайында айтылған. Ол жазушының “Өскен өркен” романы турасында болатын. Осы жылдары Оңтүстік Қазақстан өңірін аралап, деректер жинастырған. 1957 жылы “Абай Құнанбаев” монографиясын аяқтауды жоспарлады. Монография кең көлемде, бірнеше тарауларға бөлінді. М. Әуезовтің бұл зерттеу еңбегі алғаш рет “Әр жылдар ойлары – Мысли разных лет” деген атпен, ғалым Ысқақ Дүйсенбаевтың жалпы редакциясын басқаруымен 1959 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан жинақта (7–190-бб.) жарық көрді.

А. Болсынбаева

“Ана тіл әдебиетін сүйіндер!”

Жазушының қазақ мектептерінде ана тілі мен әдебиетін оқыту мәселелеріне арналған республикалық кеңес алдында сөйлеген сөзі мақала болып алғаш рет “Қазақстан мұғалімі” газетінің 1957 жылғы 28 наурыздағы санында жарық көрді. Осы мақаланың орыс тіліне аударылған мәтіні “Любите родной язык, родную литературу!” деген тақырыпта “Учитель Казахстана” (1957. 28 наурыз) газетінде басылып шықты. Екі газеттегі мақаланың мәтіндеріне текстологиялық салыстырулар жасағанда: “Орыстың, Европаның интеллигент аталатын адамдары, тегінде, кітапты көп оқиды” (411-б.) – “Интеллигентные русские люди, как правило, много читают книг”; “Кей уақыттарда оқытушылар арасында әдебиет тіл жайы емес, математика, физика сияқты сабақтарды оқытатын қазақ мұғалімдері арасында да ана тіл әдебиетін онша біле қоймайтын жайсыз көріністер байқалатын тәрізді” (411-б.). – “Иногда встречаются казахские учителя математики, физики и других предметов, которые совершенно не интересуются литературой на родном языке. Спрашивается, как же они объясняют учащимся учебный материал на казахском языке, если они сами не владеют им?” – болып аударылған сөз тіркестері болмаса, қысқартылмай толық берілгені анықталды.

Мақаланың газеттегі қазақша нұсқасы негізінде жиырма томдық шығармалар жинағының 19-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 19-т. 380–385-бб.) “Ана тілі әдебиетін сүйіндер” деп жіберілді.

Бұл томға газетте шыққан алғашқы мақала мәтіні “Ана тіл әдебиетін сүйіндер” деген тақырыппен, кейінгі басылымда жарық көрген материалмен текстологиялық салыстырулардан кейін өзгеріссіз, ішінара түзетулермен толық жіберіліп отыр.

С. Майлыбай

“По поводу новой книги Д. Икрами”

М. Әуезовтің тәжік жазушысы Ж. Икрамидің “Признаю себя виновным” деген кітабына қатысты жазған бұл пікірі “Коммунист Таджикистана” газетінің 1957 жылғы 24 сәуірдегі санында жарық көрді. Бұдан кейін еш жерде жарияланбаған, жазушының елу томдық шығармалар жинағының осы томына газеттегі басылымы ұсынылып отыр.

1957 жылы 9 сәуір күні Мәскеуде тәжік әдебиеті мен өнерінің онкүндігі ашылып, 11 апрель күні Кеңес Жазушылар одағында тәжік прозасының талқылауы болды.

Рудаки, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Жами сынды классик ақындардың шығармаларымен кеңінен танылған тәжік әдебиеті Қазан төңкерісінен кейін жаңа даму сатысына көтеріліп, кеңестік дәуірдің өкілдері: С. Айни, Мунзини, Хамди, Сүлейманилердің социалистік заман шындығын жырлаған туындыларымен өрісін ұлғайтты.

Онкүндікте тәжік әдебиетінің белгілі прозаиктері С. Ұлұғзаденің “Жаңарған жер” (“Обновленная земля”) романы, “Біздің өміріміздің таңы” (“Утро нашей жизни”) повесі мен Жалил Икрамидің “Өзімді кінәлі сезінем” (“Признаю себя виновным”) романдары талқылауға ұсынылды. Ж. Икрамидің кітабы жайында И. Брагинский, өзбек әдебиеттанушысы И. Сұлтанов пікірлерін білдірді. Тәжік әдебиетінің көркем прозасы жөніндегі талқылауға арнайы дайындалған М. Әуезов те Ж. Икрамидің романына қатысты ойын, біраз ескертпелерін ортаға салды.

Мақалада М. Әуезов романның жетістіктерін айта отырып, басты кейіпкердің іс-әрекеті бір сарынды екендігін, баяу, күрделі тартысқа құрылмағандығын, кітаптың аты да сюжеттік, психологиялық тұрғыдан ақталмағандығын көрсеткен. Сондай-ақ жазушы Ж. Икрамидің кейіпкер жан толғанысын табиғатпен астастыра суреттеуін ерекше атап өткен.

Икрами Жалил – тәжік жазушысы. Ол – “Регистандағы түн” (1927 ж.) әңгімесінің, “Жылан” повесі, “Дұшпан”,

“Махаббат өзегі” пьесалары мен “Шәди”, “От қызы” романдарының авторы.

“Шәди” романында Тәжікстандағы колхоз құрылысын бейнелесе, “От қызы” романында революциядан бұрынғы тәжік әйелдерінің өмірін көрсеткен.

А. Болсынбаева

“Свет зари негасимой”

Бұл мақала тұңғыш рет “Советский Казахстан” журналының 1957 жылғы 11-санында (5–9-бб.), жиырма томдықтың 19-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 19-т. 217–222-бб.) жарық көрген. Аталған екі жарияланымды өзара текстологиялық салыстырулардан өткізу барысында 19-томда “Я назову еще одно – совсем неизвестное имя” деп басталатын абзацтың соңғы “Большим тиражом издали эту книгу... при изучении философского труда Мао Цзэ-дуна “Относительно практики” сөйлемі түсіп қалғаны анықталып, қалпына келтірілді.

Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Бірақ мұражай қорындағы 228-бумада бұл мақаланың “Правда” жарияланған газеттік нұсқасы сақталған. Қиындыда “Правданың” саны, жылы белгісіз болып, табылмады. Сондықтан 228-буманы басшылыққа алдық. Себебі “Советский Казахстан” журналы, жиырма томдықтағы (19-т. 221-б.) басылымдар мен “Правда” газетінде жарияланған нұсқалар арасында қысқартылған, түзетілген тұстар кездесті. Бұлар негізінен “Правда” екені байқалды.

Бұнда “...и дочерей” сөзі қосылса, “...чья юность совпала с 1917 годом” – “которые юношами встречали 1917 год” боп түзелген, “в том числе” сөзі қысқарған, “совершенной под руководством Коммунистической партии во главе с ее основателем и вождем В.И. Лениным” деген сөйлем енгізілген. “...на границе с Тибетом” – “Таджикистана”; “она” – “и”; “назвать” – “сослаться” деп өзгерген. “Я думаю, что призыв “Догнать и перегнать” – “Нет сомнения в том, что призыв партии – догнать” болып түзетілсе, “Близость к жизни в такой же мере...”, “Писательская общественность...” деп басталған екі абзацтың сөйлемдері түгел қысқартылған. “...высказывание” – “выступление”; “как внутренняя программа творчества” – “как программа действия, творчества...”; “с большими массами” – “с массами” деп өзгертілсе, “В Японии...” деп басталатын үш абзацты сөйлемнің бәрі қысқартыл-

ған. “...московского и международного фестивалей” — “на фестивалях”; “еще реалистических” — “еще таких реалистических” деп өзгерсе, осы сөйлемнің соңғы “...к каким относится помянутая нами пьеса Абишева” деген сөйлем де қысқарып кеткен. “...герои-целинники” — “герои поднятой целины”; “...если широкое развитие в народе получало” — “если и раньше было широко развито в народе”; “были у нас” — “остались нам” болып түзелген. “...ученые всей страны” — “ученые нашей страны”; “Работа наших геологов” — “Работа казахстанских геологов”; “...прогнозная металлогеническая” — “металлогеническая прогнозная” деп жөнделсе, “Вправе мы гордиться и тем, что у нас создан институт ядерной физики, возглавляемый молодым ученым Джабикеном Такибаевым, одним из способнейших учеников академика Скобельцына” деген жаңа абзац қосылыпты. “...совсем неизвестное имя” — “совсем малоизвестное имя” деп түзетілсе, “...том, уже вышедший из печати и опередивший стоящие на очереди тома, посвященные фольклору и XIX веку” және “Идет интенсивная работа и над первым у нас толковым словарем” деген сөйлемдер қысқартылған. “...в иртышской степи” — “в прииртышской степи” деп жөнделген.

Біз “Правдадағы” өзгертілген және қысқартылған әрі қосылған жерлерге жазушының қатысы бар ма, әлде редакциядағы газетті дайындаған редактордың өзіндік түзетулері ме, міне, бұл жағын ашып айта алмаймыз. Өйткені, біріншіден, мақаланың қолжазбасы жоқ дедік және басқадай қосымша дәлелдер табылмады. Екіншіден, кейбір сөйлемдерге қарағанда, М. Әуезов “Правдаға” берер кезінде қайта қарап, түзеткені байқалады. Бұлай болғанда, мақала “Правда” газетіне “Советский Казахстаннан” кейінірек шыққан сияқты. Үшіншіден, редактордың да қосымша түзетулері бар. Осы аталмыш жәйттерді ескере отырып, жазушы шығармаларының елу томдық академиялық толық жинағына, әуелгі жарияланым болғандықтан, “Советский Казахстан” журналындағы (1957. № 11. 6—9-бб.) нұсқасын негіз етіп алдық.

1. 27-б. “**Коненков**” — Коненков Сергей Тимофеевич (10.7. 1874, Караковичи деревнясы, қазіргі Смоленск облысы — 09.10.1971, Мәскеу) — совет мүсіншісі, КСРО Көркемсурет академиясының академигі (1954). Социалистік Еңбек Ері (1964). “Автопортрет” (1954) картинасы үшін 1957 жылы Лениндік сыйлық берілді.

2. 27-б. **“Ермек Серкебаев”** – Серкебаев Ермек Бекмұхамедұлы (4.7.1926 ж.т., Петропавловск қаласы) – әнші, Қазақ КСР-нің (1956) және КСРО-ның халық артисі (1959), Социалистік Еңбек Ері (1986). 1953 жылы Бухаресте өткен жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалінің лауреаты.

3. 28-б. **“Найля Базанова”** – Базанова Нәйлә Оразғұлқызы (11.11.1911, Фрунзе – 11.1.1993, Алматы) – көрнекті физиолог, ҚазКСР ҒА-ның академигі (1951), қазақ әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы (1945).

4. 28-б. **“Нагима Мұсабаева”** – Мұсабаева Нагима Әбдірахманқызы (1.5.1918 ж.т., Петропавловск қаласы) – қазақ совет философы, философия ғылымдарының докторы (1972).

5. 28-б. **“Мао Цзэ-дун”** – Мао Цзэ-дун (26.12.1893, Хунань провинциясы, Сянтань у., Шаошань деревнясы – 9.9.1976, Пекин) – Қытай саяси және мемлекет қайраткері. ҚКП ОК-нің председателі (1943–1976).

Е. Қанькейұлы

“Советские люди о независимости Индии”

Бұл лебіз осындай жалпылама атпен “Новое время” газеті 1957 жылы 8 тамыздағы (№32 (638) санында жариялаған пікірлер шоғырынан орын алған. 16-беттегі топтамада академик Николай Боголюбовтың, жұмысшы Николай Чулковтың, суретші Виктор Климашиннің, кинорежиссер Василий Прониннің сөздері бар. М. Әуезов ойлары “Мухтар Ауэзов, писатель” деген анықтамамен ең жоғарыда берілген.

Гуманист-суреткердің Индия сияқты аса ірі мемлекеттің азаттық туын қолға алуына қуанышы – шынайы сезім көрінісі. Үнді елінің кешегісі мен қазіргі ахуалы қарама-қарсы қойылып, салыстырылады. Бұрын отар болған саны мол халықтың аштықтан құтылуын ең басты жетістік санау бар. Бұл ретте Индия экономикасы мен мәдениетінің дұрыс өркендеу жолына түсе бастауына зор сенім артылады. Рабиндранат Тагор жазған өлеңнің гимнге айналуына мән беру арқылы еркіндікке жеткен жігерлі халықтың асқақ рухы мен болашағынан үміт күту сезімі бой көтеріп, барша бостандық сүйгіш адамзат мұратының әділетті өмірді қалайтыны ашық түрде жарияланған.

Б. Майтанов

“Өнер алғысы”

М. Әуезовтің бұл мақаласы “Қазақ әдебиеті” газетінің 1957 жылғы 7 қарашадағы санында жарияланды. Кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 19-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 378–379-бб.) енді. Жазушының бұл шығармасы “Қазақ әдебиеті” газетінің Қазан төңкерісінің 40 жылдығына арналған мерекелік санында бас мақала ретінде алғашқы бетінде жарық көрді. Сондай-ақ осы санда Т. Жароковтың “Таң жыры”, З. Жұматованың “Сүйемін Октябрьді” атты мерекеге арналған шығармалары қатар жарияланды. Соның алдында ғана өзінің 60 жылдық мерейтойын Одақ көлемінде атап өткен М. Әуезов сол кезеңдегі айтулы мереке тұсында орыс классикалық әдебиетіне “біздің әдебиетімізді бауырына алып бастаған, ағалық асыл үлгі берген – ұлы орыс әдебиеті” деп, қазақ әдебиеті мен өнері атынан алғысын білдіреді.

М. Ахетов

“Истоки творческой силы”

Жазушының аталмыш мақаласы “Литературная газета-ның” 1957 жылғы 7 қыркүйектегі санында “Кеңес Одағы жазушыларының лебізі” атты айдармен басылған мақалалар қатарында жарияланған. Бұдан кейін баспасөз беттерінде жарық көрмеген. Мақаланың түпнұсқасы сақталмаған. Елу томдық шығармалар жинағының осы томына мақаланың газеттегі нұсқасы беріліп отыр.

Мақала негізінен Н.С. Хрущевтің “За тесную связь литературы и искусства с жизнью народа” атты тақырыппен 1957 жылғы 28 тамызда “Коммунист” журналының 12-санында жарияланған үндеуіне (Октябрь мерекесінің 40 жылдығына орай, мамыр айында жазушы, композитор, өнер қайраткерлерімен кездесуіндегі сөйлеген сөзі) қолдау көрсету іспеттес.

Қаламгер мақалада Н.С. Хрущевтің өнер адамдары мен әдебиет қайраткерлеріне “Әдебиет – халық өмірімен тығыз байланыста болуы, әдебиеттің халыққа қызмет етуі керек” – деген үндеуін қолдай отырып, халық алдындағы суреткер жауапкершілігін басты мәселе етіп қозғайды.

Бұл үндеуге М. Әуезовпен қатар Кеңес Одағының бір топ жазушылары пікірлерін білдірген. Олардың қатарында латыш Арвид Григулис, литван Тефилис Тильвитис, эстон Рауль Рулемо, т.б. жазушы, әдебиеттанушылар бар. Барлық авторлар әдебиеттің халықпен бірге екендігін, әдебиет халық рухын өркениетке көтеру құралы және Кеңестер Одағы тұсындағы әдебиет әрқашанда Коммунистік партия ұстанымдарының қолдаушысы екендігі жайлы қысқаша айтып өткен.

А. Пірімбетова

“Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы”

Мақала “Қазақстан мұғалімі” газетінің 1957 жылғы 5 желтоқсандағы санында жарияланған. Бұдан кейін еш жерде жарық көрмеген. Жазушының елу томдық академиялық басылымының осы томына газеттегі нұсқасы беріліп отыр.

Мақаланы М. Әуезов белгілі тілші-ғалым І. Кеңесбаевпен бірлесіп жазған. 1958 жылы тіл білімінің маманы, түркітанушы, педагог-ағартушы Құдайберген Жұбановтың (1899–1938) қайтыс болғанына 20 жыл толған.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов қазақ лингвистикасын дамыту жолында үлкен еңбек етті. Қазан көтерілісіне дейінгі газет-журналдарда “Шекті”, “Қараша бала” деген лақап атпен алғашқы мақала, фельетон, өлеңдерін жариялаған жас ізденуші ірі түркітанушы-зерттеуші дәрежесіне көтерілді. Орыс совет түркітанушылары С. Малов, К. Юдахин, А. Боровков, А. Самойлович сынды ғалымдар оның еңбектерін жоғары бағалады. Қ. Жұбанов – қазақ тілі мамандарының ішінде Абай тілі жайында алғаш терең әрі дәлелді пікір айтып, талдау жасаған ғалым. Оның 1934 жылы “Абай – қазақ әдебиетінің классигі” деген еңбегі жарық көрді.

Мақалада М. Әуезов пен І. Кеңесбаев Қ. Жұбановтың қазақ лингвистикасының негізін қалап, оны қалыптастырудағы еңбегін, оның қоғамдық, педагогтық қызметін, ірі зерттеуші ғалым екендігін сөз еткен.

Сондай-ақ 1957 жылы 5 желтоқсанда “Қазақ әдебиеті” газетінде “Ірі оқымысты” деген атпен М. Әуезов пен І. Кеңесбаевтың Қ. Жұбанов шығармашылығына арналған тағы бір мақаласы жарық көрген. Екі мақаланың мәтіндеріне текстологиялық салыстыру жасалды. Ішінара ұқсастықтар болғанмен, мәтіннің мазмұны өзгешелеу. Сондықтан бұл мақалалар нұсқа ретінде осы томға қатар беріліп отыр.

А. Болсынбаева

“Ірі оқымысты”

Қазақ совет тіл білімінің негізін салушы ғалым профессор Қ. Жұбановтың туған күніне орай І. Кеңесбаевпен бірігіп жазылған мақала алғаш рет “Қазақ әдебиеті” газетінің 1957 жылғы 5 желтоқсандағы санында жарияланды.

Кейіннен газеттегі нұсқасы негізінде жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 20-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 358–363-бб.) енгізілді.

Қ. Жұбановтың лингвист ғалым ретінде қазақ тілін зерттеу саласына қосқан үлесі, жаңалықтары жайында кеңінен сөз болатын мақаланың қолжазба нұсқасы мұражай қорында сақталмаған. Бұл томға шығармалар жинағында жарық көрген мақала мәтіні газеттегі нұсқасымен текстологиялық салыстырулардан кейін ішінара түзетулер енгізіліп, толық жіберіліп отыр.

1. 42-б. **Қ. Жұбанов** – Жұбанов Құдайберген Қуанұлы (19.12.1899– 25.2.1938). Ақтөбе облысының Темір ауданында туған. Қазақ совет тіл білімінің негізін салушылардың бірі, түрколог, педагог, ағартушы ғалым, профессор.

2. 42-б. **Рефлексология** – И.П. Павловтың анықтамасы бойынша, “мидағы орталық нерв жүйесінің қатысуымен болатын сезгіштік шартты іс-әрекеттері – шартты рефлекс деп аталады”.

3. 42-б. **Павлов** – Павлов Иван Петрович (14(26). 9.1849– 27.2.1936) – орыс совет физиологы. Жоғарғы нерв қызметіндегі шартты рефлексстерді ашып, адам мен жануарлардың жоғарғы нерв әрекеті туралы ілімнің негізін қалады.

4. 42-б. **Бехтерев** – Бехтерев Владимир Михайлович (20.1(12). 1857–29.12.1927) – орыс ғалымы, рефлексстер туралы ғылымның негізін салушылардың бірі. Адамның кеңістікте жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауы мен дұрыс бағдарлануының анатомиялық, физиологиялық негізін және көздің көру қызметіне байланысты ғылымда белгісіз болып келген ми жүйесі құрылымдарының қызметін ашқан. Сонымен қатар

жүйке ауруларын тудыратын рефлекстер мен синдромдарды (белгілі бір ауруға жатпайтын бірнеше ауру белгілерінің қатар кездесуін) анықтап, сол ауруларды емдеу жолдарын көрсеткен.

5. 43-б. **Поливанов** – Поливанов Евгений Дмитриевич (1891–1938) – шығыстанушы ғалым, профессор. Жапон, қытай, өзбек, дүнген тілдерінің маманы.

6. 43-б. **Богородицкий** – Богородицкий Василий Алексеевич (19.4.1857–23.12.1941) – совет тіл маманы, Қазан лингвистикалық мектебі өкілдерінің бірі. Ресейде тұңғыш рет тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін экспериментті фонетика лабораториясының негізін құрған ғалым.

7. 43-б. **Мещанинов** – Мещанинов Иван Иванович (6.12.1883–16.1.1967) – совет тіл маманы, археолог, КСРО ҒА академигі. Тіл дамуының негізгі кезеңдерін зерттеп, тілдердегі дерексіз жалпылық мағыналар категориясы мен синтаксис теорияларын жасаған ғалым.

8. 43-б. **Ағамалы-оғлы** – Ағамалы-оғлы Самедаға (27.12.1867–6.10.1930) – Әзірбайжан мемлекет қайраткері. “Келешек” (“Геледжек”) газетінің редакторы. Шығыста мәдени революцияның жүзеге асуына еңбегі сіңген.

9. 44-б. **Марр** – Марр Николай Яковлевич (1864–1934) – шығыстанушы ғалым, тілші, лингвист. КСРО ҒА академигі.

10. 45-б. **Яфетидология** – яфеттік теория – тіл туралы жаңа ілім.

С. Майлыбай

“Үмітті ұрпаққа – игі тілек”

Мақала “Лениншіл жас” газетінің 1957 жылғы 11 желтоқсандағы санында жарық көрген. Газеттегі мақала басылған беттің төменгі тұсына редакция атынан “Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің V пленумында сөйлеген сөзінен” деп сілтеме берілген. Республиканың әр шалғайынан келген жастар алдында сөйлеген жазушы партияның күнбе-күнгі жастар саясатына, олардың алдында тұрған шаруашылық міндеттеріне тоқталудан гөрі, оқу орнын бітіріп, әр салада мамандық алған жас ұрпақтың тек алған мамандық бойынша шектеліп қалмай, өз заманына сай мәдениетті, шынайы оқыған азамат болып өсуі жолындағы рухани мәселелерді қозғаған.

Елімізде қазақ халқымен бірге өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдерінің өздері оқу оқып, еңбек етіп жүрген жергілікті жердің өткен тарихын, тілін, әдебиеті мен мәдениетін біліп өсуі қандай қажет болса, қазақ жастарының да орыс тілі мен мәдениетін жетік білуге ұмтылуы әрбір адамның басқа ұлт өкілдерімен жақындасуына, бірлесе еңбек етуіне септігін тигізетін рухани қажеттілік екенін айтып өткен.

Мақала жазушы шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымына газеттегі жарияланған нұсқасы бойынша әзірленіп отыр.

К. Рахымжанов

“Алтындай асыл болашақты ұрпақ бар”

Бұл мақала 1957 жылы 6 қарашада Ұлы Октябрьдің 40 жылдық мерекесіне арнап жазылған. Жазушының Қазақ радиосы арқылы сөйлеген бұл сөзі өзі қайтыс болғаннан кейін, 1962 жылы 28 қыркүйекте “Коммунизм таңы” газетінде жарық көрді. Кейін 1967 жылы 5 қарашада “Қазақ әдебиеті” газетінде “Менің туған өлкем” деген атпен жарияланды. Жиырма томдыққа (Алматы: Жазушы, 1985. 19-т. 380–385-бб.) екі басылымдағы материал мәтіндері салыстырылып, алғашқы жарияланымдағы нұсқасы жіберілді.

Радиода сөйлеген сөзі журналист Байзақ Қожабековтің қолында сақталған. Мақала бұл томда текстологиялық салыстырулардан кейін беріліп отыр.

С. Майлыбай

“СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі”

Жазушының бұл мақаласы 1957 жылы “Қазақ совет әдебиетінің очеркі” (Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1957. 3–35-бб.) атты жинақта жарық көрді. Кейін “Уақыт және әдебиет” (Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. 113–148-бб.) атты жинаққа, он екі томдық шығармалар жинағының 12-томына (Алматы: Жазушы, 1969. 173–211-бб.) енді. Бұл томға 1957 жылғы басылым бойынша беріліп отыр. Кейінгі басылымдармен айырмашылығы жоқ.

М. Әуезов КСРО Жазушылар одағы жанындағы КСРО халықтары әдебиеті жөніндегі комиссияның тұрақты мүшесі болды. Комиссия мүшелерінің ұлт әдебиетінің білгірі ретінде М. Әуезов пікірімен жиі санасып отырғанын сол кезеңдердегі мәжілістер стенограммаларынан айқын аңғаруға болады. Себебі 1954 жылғы 28 желтоқсандағы № 1078 бұйрықпен (“Әуезов үйі” ҒМО, 547-бума, 10-парақ) М. Әуезов Мәскеу мемлекеттік университетінің КСРО халықтары әдебиетінің тарихы кафедрасына профессорлыққа қабылданып, ұлт әдебиеттерін ғылыми тұрғыдан саралауға тікелей атсалысқан еді. 1957 жылы Жазушылар одағы басқармасының III пленумына “Ұлттық форма және новаторлық туралы” атты баяндама дайындау үшін КСРО Жазушылар одағының секретариаты М. Әуезовке тапсырыс береді. “СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі” атты мақаланың жазылуына сол баяндама негіз болған сыңайлы. Мақала соңында әрбір ұлт қаламгері мен оның шығармашылығына сипаттама берілгендіктен, оларға ғылыми түсініктеме жасалмады.

М. Ахетов

“Республиканың жарқын жолы”

Мақала елуінші жылдардың екінші жартысында (1957) жазылды (“Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қоры, 214, 215, 236-бумалар). Алғаш рет жиырма томдық шығармалар жинағының 19-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 454–475-бб.) басылды. Осы жылдар Мұхтар Әуезов жаңа шығармаларды жазудың жолдарын қарастыру, ізденудің үстінде болатын. Кең ауқым, кең құлаштағы дүниелер, жаңа шығармалар жазу қаламгерді ұдайы ойландырып, мазалаған, қызықтырған еді. Оның кейіпкеріне айналатын адамдар да үлкен масштабтағы тұлғалар болуы керектігін үнемі назарында ұстады. Оның қадау-қадау шоқылары осы сияқты мақалалары мен пьесасында (“Дос – Бедел дос”) көрініс беріп, барған сайын оның бағыт-бағдары айқындалып, нақтылана түсті. Өзек болатын шындықты өзінің айналасынан, республика көлеміндегі белгілі, белді тұлғалардың өмір жолынан, бастан кешкен тіршілік болмысынан іздеді. Қилы-қилы тұрмысы, бастан өткерген тарихтық жолдары қандай шығарманың да салмағын көтеріп, арқау, өзек бола аларлықтай сыпаттар жетіп артылады.

Қазақстан мәдениетінің үлкен биіктерге көтерілуінде Орынбор, Омск, Семей, Тәшкен, Орал, Троицк, Петропавл сияқты қалалар айрықша рөл атқарды, қаншама тұлғалар осында өсіп жетілді, белгілі бір биік асулардан асты. Қазақтың көшпелі мәдениетінен көп-көп тұлғалар қалыптасып жетіліп, өркениетке өздерінің үлестерін қосты. Көбінің есімдері көп елдерге белгілі болды. Осындай деңгейдегі жандардың қатарына сол тұстағы Қазақстан Жоғарғы Кеңес Президиумының төрағасы Ташеновтің, Академия президенті Сәтбаевтың, партия хатшысы Тәжіевтің, жазушы Мұқановтың, академиктер Бектұров пен Кеңесбаевтардың, әнші Байсейітованың бітім-болмыстарын жатқызды. Бұндай тұлғалар қандай дүниенің де салмағын арттыра, мән-маңызын қоюландыра түседі. Шығармаға барудың әртүрлі жолдарын

қарастырып жүрген кезінде осындай-осындай ойлардың келуін, әр қырынан қарастырудың жол-соқпақтарына баруын заңды деп қабылдауға болады. Біраздан толғандырып жүрген ойларын көлемді мақалаға (218-бума, 17–19-бб.) айналдырудың алдында кеңейтілген жоспарын (“Қазақстан бар республикадан ерекше”) жасады. Мұның өзі осы мақаласына, онда айтылар ой мен көтерілер мәселелерге айрықша көңіл аударғандығын көрсетеді.

Т. Әкім

“Могучий расцвет республики”

Мақала “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорындағы 214-бумада сақталған, еш жерде жарияланбаған. Сарғыш тартқан қағаздардағы мәтін машинкамен арасы ашық етіп басылған, 22–40 беттер болып белгіленген. Түзетілген, өзгертілген тұстары бар. Соңында “Мұхтар Ауэзов” деп жазылып, жазушының қолы қойылған, “1957, январь” деген анықтама мерзім көрсетілген.

Өмірінің көп бөлігін қазақтың өткенін аңсап, тәуелсіз күндерін қиял еткен суреткер, арнайы тапсырмамен болу керек, туған елінің сол дәуірдегі күйін де шүкіршілік қылатын, біршама жетістіктерін мақтанышпен мәлімдейтін едәуір көлемді публицистикалық дүние дайындаған. Бұл туындысында М. Әуезов өз халқының табыстарын “алып территориядағы ұлы Отан” деп санайтын Кеңестер Одағының саясаты, шаруашылықтағы олжалы істерімен байланыстырады. Басқа одақтас республикалар тағдырымен ортақтастық сезім әр жерде көрініп отырады. Солардың арасында Қазақстанға тиісті үлес-салмақтың зор екенін білу автор ойларына қанат байлайды.

Аса көп сандық мәліметтерді жазушыға тиісті үкіметтік мекемелер ұсынса керек. Немесе ол республиканың әр саладағы негізгі, мәнді көрсеткіштерін арнайы қадағалап жинастырып отырған. М. Әуезов тұжырымдарының басты тіреніші — салыстыру. Ол ғылым мен өндіріс, ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау орындары, жастар ісі, мәдениет, өнер, әдебиет тәрізді неше алуан тараптағы таңғаларлықтай ілгерілеуді нақты деректермен, әдемі сөз өрнегімен баяндайды. Автор әсіресе Қазақстанның геологиялық барлау бағдарындағы ірі жетістіктерін, қазба байлықтарының орасан мол екендігін, астық өндіруде миллиард пұт межеге табан тіреуді екпін түсіре айтады.

Қазіргі күннің биіктігін дәлелдеу үшін бұрнағы замандардағы өркениеттік өрістеу жағынан кешеуілдеп жатқан бірқалыпты ахуалды сынай сөйлеудің себебіне айналдыру бар. Оған

Орта Азия елдеріне тән сауатсыздық сияқты бір кездегі кінәрат саналатындай. Сонымен бірге М. Әуезов қазақ халқының рухани мәдениетінің жоғары деңгейін фольклорлық кейіпкерлерді теңеу, эпитет мағынасында алып, әсем бейне тудыру, Абай, Ыбырай, Шоқан, Біржан есімдерін мысалға келтіру, қазақтың әдебиеті мен ән, саз өнеріндегі үздік дәстүрлерді еске алу арқылы көрсетеді.

Сол дәуірдегі Қазақстандағы ірі ғалымдар, әдебиет, өнер, қоғам қайраткерлері қатарында Қ. Сәтбаев, Ә. Бектұров, Тәжиев, С. Мұқанов, К. Байсейітова есімдері аталады. Ұлттық Ғылым академиясы, жоғарғы оқу орындары, театрлар, ірі-ірі өндіріс орындары, қалалар мен ауылдардың ізгілікті үрдістері мен еңбек табыстары марапатталады. Ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары санының елеулі түрде өскенін мақтаныш тұту байқалады.

М. Әуезов көшпелі қазақ тұрмысынан гөрі отырықшы еуропалық елдердің үлгілі әдет-салтына бейімделуді тарихи-экономикалық тұрғыдан ілгерілеу деп есептейді. Абай өлеңдерінің терең мәніне қайырыла соғып отыру ұлттық рухани қазынаның асыл байлығын әрдайым жүрегінде аялаған ұлы тұлғаның шынайы болмысынан хабар береді. Мақала томға қолжазба бойынша беріліп отыр.

Б. Майтанов

“Благородный сплав”

М. Әуезовтің Қазан төңкерісінің 40 жылдығына арнап жазған бұл мақаласы алғаш рет “Известия” газетінің 1957 жылғы 6 қарашадағы санында жарияланған. Бұдан кейін баспа бетінде жарық көрмеген, қолжазба нұсқасы сақталмаған.

Мақалада қаламгер Кеңес өкіметі орнағаннан кейін жұмысшы табының қоғамдық билікке етене араласуы, бұқара халықтың жеткен жетістігі, Қазан төңкерісінің жұмысшы тап өкілдеріне әкелген игілікті әсері жайында баяндаған.

Жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағына мақаланың осы газеттегі нұсқасы ешбір өзгеріссіз, толығымен жіберілді.

А. Пірімбетова

“Наш советский путь развития”

Қазан төңкерісінің 40 жылдығына орай жазылған бұл мақала “Литературная газетаның” 1957 жылғы 12 желтоқсандағы санында жарияланған. Жазушының басқа көп томдық шығармалар жинағына енбеген. Мақалада халықтың атқарған жұмыстарының, ерліктерінің қорытындысы жасалып, олардың жаңа өмірге, жаңа әлемге, тарихқа, мәдениетке бет алғаны айтылады. Соның ішінде қазақ совет әдебиетінің Қазан төңкерісіне дейінгі, одан кейінгі қырық жылда қандай жетістіктерге жеткендігі сөз болады.

Төңкерістен кейінгі қазақ әдебиетінде елеулі өзгерістер болды. Әдебиеттің прозалық, драмалық жанрлары дамып, қалыптасты, оларға әлем, орыс әдебиетінің тигізген әсері орасан зор еді. Абайдан кейінгі қазақ поэзиясы дәуірлеу кезеңінен өтіп, жаңа, сапалы туындылармен толыға түсті. Қазақ әдебиеті өзіндік жаңа дәстүрді қалыптастырды. Бұл Қазан төңкерісі әкелген жетістік пен жаңалық екендігін жазушы осы мақаласында атап өткен.

Мақаланың қолжазбасы сақталмаған, жазушының елу томдық шығармалар жинағының осы томына газеттегі алғашқы басылымы ұсынылып отыр.

А. Болсынбаева

“Жүрек алғысы”

1957 жылы М.О. Әуезовтің 60 жасқа толуы сол кездегі Одақ көлемінде кеңінен аталып өтті. Тіпті қыркүйек айының ортасынан бастап, туған күні қарсаңында және кейін де қазақтың ұлы жазушысын 60 жылдық мерейтойымен құттықтаған жеделхаттар лек-легімен келіп жатты. Олардың ішінде А. Тоқамбаев, А. Фадеев, К. Федин, Вс. Иванов, Н. Тихонов, А. Корнейчук, М. Рыльский, В.М. Жирмунский, т.б. атақты адамдар бар. Сонымен бірге 27 қыркүйек күнгі КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен М. Әуезов 60 жылдық мерейтойы және қазақ-кеңес әдебиетін дамытуға қосқан зор еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталды, ал 28 қыркүйекте Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен “Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері” деген атақ берілді. Міне, бұлар жазушы үшін қосымша қуаныш болды.

Ал осы мерейтойы кезінде М. Әуезов туған жерінде болып, көптеген кездесулерге қатысты. Сондай бір кездесуінде жазушы қалың қауымға ыстық ықыласқа толы рақметін айтты. Осы алғыс сөзі кезінде ауызша айтылған күйінде ұнтасапаға жазылып алынып, ешбір түзетулерсіз тұңғыш рет “Біз бір жанбыз, бір денеміз” деген тақырыппен 1967 жылы 6 шілдеде “Совхоз туында”, іле осы жылы 8 желтоқсанда “Социалистік Қазақстан” газетінде де жарияланады. “Социалистік Қазақстан” газеті “Сүйікті жазушымыз Мұқаң 60 жасқа толғанын мерекелеу кезінде өзінің балдырған балалық шағын өткізген, кіндік кескен жері Қасқабұлақта болды. Онда сүйікті жерлестері ортасында Мұқаң ыстық сезіммен сөз сөйледі. Төменде кезінде магнитофон лентасына жазылып алынған сол сөзін жариялап отырмыз” деп, мақалаға шағын түсініктеме беріп, “Жүрек алғысы” деген атпен тұңғыш рет жарыққа шыққанын көрсеткен.

Міне, осы жарияланым жазушы шығармаларының 20-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 369–371-бб.) негіз болды. Аталған нұсқалар өзара текстологиялық салыстырулардан

өтті, айтарлықтай өзгешеліктер кездеспеді. Бұл алғыс сөздің лентадан түсіріліп, машинкаға терілген бір нұсқасы мұражайда сақталған. Лентадан жазып алған – Бекен Ыбыраев. Бұның жылы белгісіз болғандықтан, академиялық елу томдық толық жинаққа кейбір ерекшеліктерін ескере отырып (ауызекі тілде айтылған жазушы стилін, т.б.), “Социалистік Қазақстан” газетіндегі (1967. 8 желтоқсан) жарияланымын ешбір өзгеріссіз ұсындық.

Е. Қаныкейұлы

“О развитии литератур народов Средней Азии и Казахстана в эпоху социализма”

Әдеби байланыстар мәселесін көтерген бұл мақала 1957 жылы “Советское востоковедение” журналының 5-санында (121–129-бб.) шыққан. М. Әуезов пен Е.В. Лизунованың бірігіп жазған мақаласы Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының тарихи XX съезінен (1965) кейін жазылған. Сталиндік кезеңнің қатал идеологиялық саясатының қылмыстарын ашып, бетін қайтарған съезден кейін мемлекеттік деңгейде оң өзгерістер болып, жылымық кезеңі орнады. Бірер жыл бұрын айтуға болмайтын жайларға баспасөз бетінде жол берілді. М. Әуезов пен Е. Лизунованың бұл мақаласы осындай кезеңнің жемісі. Көлемді мақалада алғаш рет Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінің бір-бірлеріне әсер ету, байыту жолдарын жан-жақты кешенді түрде қарастырып, қызықты әдеби-ғылыми тұжырымдар жасалынды. Бұл 1960 жылы 11–15 қаңтарда өткен А.М. Горький атындағы Әлемдік әдебиеттер институты және М. Әуезов пен Е. Лизунова ұлттық әдебиеттердің орыс әдебиетіне әсері мәселесін көтерген әйгілі конференциядан үш жыл бұрын еді. Мақаладағы соңғы бір жарым ғасыр орыс әдебиетінің ұлттық әдебиеттеріне игі ықпалы басым болып келсе, қазіргі кезде ұлттық әдебиеттердің салмағы артып, бүкіл кеңестік әдебиеттің көркемдік сипатына тың бояулар қоса бастағаны айтылды. Кеңестік әдебиет жаңарып, сапалық оң өзгерістерге қадам басты, осы орайда ұлттық әдебиеттердің орыс совет әдебиетіне де әсері болғанын жоққа шығаруға болмайды деген ойлар үлкен ғылыми үн қосуға ие болды. Бұл ойлардың жаңашылдық сипаты конференция кезінде И.Т. Неупокоеваның “Некоторые вопросы изучения взаимосвязей и взаимодействия литератур”, В.М. Жирмунскийдің “Проблемы сравнительно-исторического изучения литератур”, И.С. Брагинскийдің “Взаимодействие советских литератур народов Средней Азии” атты баяндамаларында атап өтілді (Қараңыз: “Взаимосвязи и взаимодействие национальных

литератур”. Материалы дискуссии. 11–15 января 1960 г. Изд. Академии наук СССР. М., 1961).

Мақаланың қосымша авторы Е.В. Лизунова (1926–1993) – ғалым, сыншы, қазақ әдебиетін зерттеуші, филология ғылымдарының докторы (1964), профессор (1966), ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі (1975). Ол – қазақ әдебиеті тарихы, қазақ романы, әдебиеттер байланысы, М. Әуезов шығармашылығы жайлы еңбектердің авторы. “Мұхтар Әуезов” (1957, бірлесіп жазылған), “Қазіргі қазақ романы” (1964), “Мұхтар Әуезовтің шеберлігі” (1968) атты монографиялары жарық көрді. Е. Лизунова “Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі” (1957, 1958, 1960), “Қазақ совет әдебиетінің тарихы” (1967, 1971), “Көп ұлтты совет әдебиетінің тарихы” (М., 1970), т.б. ұжымдық еңбектерді бірге жазысты және ғылыми жетекшілерінің бірі болды. Ол М.О. Әуезов шығармаларының орыс тілінде (М., 5 томдық) басылуына белсене атсалысты. Е. Лизунова КСРО халықтары әдебиетінің көрнекті өкілдері туралы да еңбек жазды. Оның бірқатар шығармалары қазақ, өзбек, тәжік, украин, қырғыз, түрікмен тілдерінде жарияланды.

М. Әуезовтің елу томдық толық шығармалар жинағының бұл томында мақаланың “Советское востоковедение” журналында шыққан нұсқасын беріп отырмыз.

Р. Қайшыбаева

“Из истории казахской литературы”

М. Әуезовтің Е.В. Лизуновамен бірге жазған мақаласы 1957 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының “Хабаршысында” (№ 11. 41–54-бб.) басылды. Мақаланың жаңалығы – көп ғасырлық қазақ әдебиетіне бөлінбес бүтін, сонымен қатар даму, өзгеріс үстіндегі қоғам-мәдени құбылыс ретінде қарауы. Мақаланың басты мәні әдебиет тарихын өздерінше жіктеуінде емес, бұған дейін бөлек-бөлек қарастырылып жүрген әдеби-рухани қазына салаларын жалғастықта алып, біртұтас дүние ретінде талдауында. Авторлар бұрын айтылмай жүрген, көзге түспеген ерекшеліктерді байқап, әдебиет тарихына жаңа тұрғыдан қарап, бұрын әдебиеттанушылық талдауға ілінбеген белгілерді дөп басып көрсетті. Әдебиетті жанрлар мен стильдердің, көркемдік мектептер мен дәстүрлердің сан салалы жиынтығы ретінде алып, тек қана фольклорға ғана тоқталып қоймай, дара ақындық өнердің, жазба әдебиеттің аса бай мұрасын кеңінен қамтып, қызықты, терең мазмұнды талдаулар жасаған. Бұл еңбекте әдебиет тарихын зерттеу ғылымы сара жолға түсе қоймаған кезде ұмытылған бірталай шығармашылық тұлғалар аталып, әдеби-ғылыми айналымға түсірілген. Есімдері жаңа атала бастаған авторлардың өлмес туындыларындағы қызықты деректер халқымыз тарихының жаңа беттерін көз алдымызға әкеліп, даналық ойларын, ұлы армандарын паш етеді. Мақалада әдебиет тарихына 140 ақынның жаңадан қосылғаны, шығармаларының халықтың рухани мұрасына айналғаны айтылған, филология, тарих ғылымдарының дамуына, қазақ халқының мәдениетін зерттеуге елеулі ықпал ететін мәселелер көтерілген.

М. Әуезов шығармаларының академиялық толық басылымының бұл томына мақала мәтіні Академия “Хабаршысында” басылған нұсқа бойынша берілді.

Р. Қайшыбаева

“О революции и народе”

Мақала 1957 жылы “Советский Союз” журналының 11-санында жарық көрді. Шағын көлемді мақалада қаламгер Қазан төңкерісінің совет халқының өміріне күрделі өзгерістер әкелгендігін, оның ішінде шығыс халқына жарық сәулесін шашып, елдің жаңаруына елеулі әсер еткенін сөз қылады. М. Әуезов және оның замандастары феодализм, капитализм және социализм сынды тарихи үш дәуірді басынан кешірді. Жазушы бұның барлығы осы ұлы көтерілістің нәтижесі дегенді айтқан.

Мақала жазушының басқа көп томдық шығармалар жинағына енбеген, елу томдық академиялық басылымның осы томына журналдағы нұсқасы ұсынылып отыр.

А. Болсынбаева

“Творческий отчет”

1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі қарсаңында бірталай өнер қайраткерлерінің шығармашылық есебі “Культура и жизнь” журналының 1957 жылғы 1-санында жарияланған. Онда әркім өзінің алдағы болатын онкүндікті қандай жаңа табыстармен қарсы алатындығын, таяу келешектегі істелетін жұмыс жоспарларын айтып өткен. Соның ішінде Мұхтар Әуезовтің де шығармашылық есебі орын алған. Мақала ортақ айдармен беріліп, жеке тақырып қойылмаған. Өз мақаласында жазушы соңғы жылдары жазған бірнеше жаңа шығармаларын атап өтеді, сонымен бірге өзінің алдағы уақытқа қойған жоспарлары мен іске асыратын ойларын ортаға салған.

Осы қарсаңда жарыққа шыққан Индия туралы очеркі, “Абай жолы” романының кейінгі томының орыс тіліне аударылу барысы, кеңестік Қазақстан жайында жазылатын келешек романдар сериясы туралы сөз еткен. Алдағы онкүндікке сол романдар сериясының алғашқы томы – “Өскен өркен” романын жарыққа шығаруды жоспарлап отырғанын айтады. Сан салалы жазушылық жоспарларымен қоса қаламгер өзінің жоғарғы оқу орнындағы ұстаздық қызметі мен әдебиет тарихын зерттеудегі ғылыми еңбектерінің жемісі туралы да айтып өтеді.

М. Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық басылымына мақаланың журналдағы жарияланған нұсқасы өзгеріссіз беріліп отыр.

К. Рахымжанов

“К звездам”

Мақала “Казахстанская правда” газетінің 1958 жылғы 1-санында, 1-бетте жарияланған. Тәрізі, жазушы редакцияның өтінішіне орай сол кездегі көрнекті ғылым, мәдениет қайраткерлерін қоғам өміріндегі өзгерістер туралы сөйлету дәстүрі бойынша пікірін ортаға салған. Автор әлем тынысы Америка, Англия сияқты озық капиталистік мемлекеттер және Кеңестер Одағы арасындағы қарым-қатынас кернеуімен өлшенетінін жақсы түсінеді. Қазақстан Кеңестер Одағының құрамында болғандықтан, М. Әуезовтің өз Отаны үшін мақтана сөйлегендей күй кешуін ұғыну керек.

Кеңестер Одағының бұл жылдары ғарышты игеру саласында айтарлықтай жеңіске жеткені рас еді. Дүние жүзін дүр сілкіндірген аса қатерлі, күшті соғыс қаруының да КСРО-да жасалуы біржақты құбылыс емес, әлемде тепе-теңдікті қалыптастыру бағытындағы әрекет екенін пайымдау бар. Жазушы сөзі дәлелді болу үшін шетелдік діни ұйым басшысының өздерін сынай сөйлеген ойына сілтеме жасайды. Сол арқылы Кеңестер Одағының әділет жолынан ауытқымайтынына айғақ қосады.

Алпыс бес елдің жұмысшы партиялары Москвада қабылдаған Бейбітшілік манифесі сияқты тарихи құжаттың іргелі мақсаттарға қызмет ететініне жазушы айрықша мән береді. М. Әуезов өздері өмір сүріп отырған қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайларға наразылық білдірмейді. Сыртқы саясат саласында КСРО ұстамдылық көрсеткені мәлім. Ғылым мен өнер де біраз ілгерілегені өтірік емес-ті. Бұл ретте автор Қазақстанның да көтерілген биіктеріне жоғары баға беруге тырысады.

Мақала, өзге нұсқалары сақталмағандықтан, осы газет бетіндегі басылым түрінде ұсынылып отыр.

Б. Майтанов

“Путь добрый”

Мақала 1958 жылы алғаш рет “Новый мир” журналының 8-санында қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың “Жәмила” повесіне сәт сапар ретінде берілген. Қырғыз өнері мен әдебиетінің осы жылы 23 қазанда Мәскеуде өткен онкүндігі қарсаңында “Литературная газета” басылымы аталған мақаланы өз оқырмандарына қайталап ұсынған. Әдебиетке өзіндік тың леп ала келген жаңа шығарма мен оның ерекшеліктері жайында Одақ оқырмандарына қуана жария еткен М. Әуезов мақаласын газет редакциясы еш өзгеріссіз, сол қалпында басып шығарады.

Мақалада жас жазушы Ш. Айтматовтың алғашқы жазған повесіне жан-жақты талдау жасалып, әдеби тұрғыдан жоғары баға берілген. Әңгіме, повесть сияқты шағын жанрдағы жас қаламгердің жаңа шығармасында танытқан өзіндік ерекшеліктері мен повестегі ел өмірінің суреттелуі, еңбек адамдарының мінез-құлқындағы ұлттық сипаттар мен жалпы әдебиеттегі ұлттық құндылықтар жайында да жаңаша ойлар айтылған.

Аталып өткен газет-журналдардағы басылымнан кейін мақала жазушының таңдамалы жинақтарында, 20 томдық шығармалар жинағының 20-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 300–302-бб.) жарық көрді. Жазушының елу томдық толық шығармалар жинағына мақала осы 20-томдағы нұсқасы бойынша беріліп отыр.

Ә. Қуанышбаев

“Поэзия казахского народа”

Қазақ поэзиясының таңдаулы туындыларын орыс тілінде аударма кітап етіп бастырып шығаруға байланысты жазылған мақала алғаш рет “Антология казахской поэзии” атты жинаққа алғы сөз ретінде берілген. Ол кітап 1958 жылы Мәскеудегі Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 860 бет болып, он мың дана басылыммен жарық көрді. Жалпы көлемі 65 баспа табақ болатын өлеңдер жинағына халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен бастап, өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейінгі ақындардың ең белгілі деген шығармалары орыс тіліне аударылып басылған. Кітап мазмұны төрт бөлімнен тұрады, әр дәуірдің, белгілі кезеңдердің өзіне тән сипаты, сол уақытта өмір сүрген ақындардың шығармаларындағы ерекшеліктер жайында алғы сөзде кеңінен баяндалып өткен.

Әр тілде сөйлейтін түрлі елдер арасындағы мәдени-рухани байланыстарды жетілдіруге қызмет ететін көркем аударманың өзіндік орны мен зор жауапкершілігін осы жинақты құрастырушылар мен аудармашылар жете сезініп, кітаптың заман талабына сай болып шығуына көп еңбек сіңірген. Кітапқа енген қазақ поэзиясының озық туындыларын орыс тіліне аударуға қосқан мол үлесі үшін жазушы аудармашылар мен қаламгерлердің осы саладағы шабытты еңбегін атай келіп, әдебиет өкілдерінің атынан шынайы алғыс білдірген.

Мақала бұдан кейін ешқандай кітапта жарияланбаған. М. Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық басылымына осы антологиядағы нұсқасы бойынша дайындалып отыр.

К. Рахымжанов

“Үзілмес достық өреніміз”

1958 жылы Москвада қазақ совет әдебиеті мен өнерінің онкүндігі болды. М. Әуезовтің осы шараға орайластырған, “Мың сәлем, сансыз құрмет Москваға!” деген айдармен берілген бұл мақаласы алғаш рет “Социалистік Қазақстан” (1958. 12 желтоқсан. 2-б.) газетінде жарық көрді. Бұдан соң жазушы шығармаларының жиырма томдығының 20-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 374–376-бб.) енді.

Мақаланың қолжазбасы сақталмаған және өзара айырмашылықтар кездеседі. Ал академиялық толық жинаққа “Социалистік Қазақстан” (1958. 12 желтоқсан) газетіндегі жарияланамы ұсынылды.

Е. Қаныкейұлы

“Әуезов Мұхтардың сөзі”

Мақала тұңғыш рет “Қазақ әдебиеті” газетінің 1958 жылғы 10 қазандағы санында “Ташкент конференциясы” атты рубрикамен жарияланған мақалалар топтамасында “Әуезов Мұхтардың сөзі” деген тақырыппен берілген.

Кейін “Мысли разных лет” жинағында (Алматы, 1961. 29–34-бб.) тақырыпсыз, ал “Дорогие друзья!” – деп басталған орысша нұсқасы Мәскеуде басылған бес томдық шығармалар жинағының бесінші томында (М.: Художественная литература, 1975. С. 327–332) “Речь на пленарном заседании конференции писателей стран Азии и Африки в Ташкенте” деген атпен жарияланды. Осы нұсқасы қысқартылмай, толық күйінде жиырма томдық шығармалар жинағының 20-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 289–294-бб.) қайта басылды.

Мақаланың қолжазба нұсқасы мұражай қорындағы Азия, Африка елдері жазушыларының Ташкент конференциясында сөйлеген сөздері жинақталған бумада сақтаулы. Мұхтар Әуезовтің Азия, Африка елдері жазушыларының Ташкент конференциясында сөйлеген “Ардақты достар!” деп басталатын сөзінің қолжазба нұсқасы жазушы мұрағатындағы 220-бумада (1–7-бб.), архив беттеуінде 1–13-беттерде сақтаулы.

Қолжазба негізінде машинкаға терілген, 1–7-беттердегі мәтіндерде айырмашылық жоқ.

Тор көзді блокнотқа күлгін сиямен жазылған баяндама мәтінінде жазушы қайта қарап, түзетулер жасаған сөздер мен сөз тіркестері, қайта толықтырған тұстар бар. Мәселен, “Өз жайымда” – “Өзімшілікпен” (1-б.); “қонып жатқан” – “қонып жатыр дегенге” (2-б.); “Үлкен әке, бұл сөз жерлесіміз” – “Атам, бұл сөз Абай ақын”; “Ойлап ем” – “Ералы жайлауындағы”; “Өзгеше шынды шертеді, мәліметтерді айтады” – “Өзгеше шындықты айтады” (3-б.); “Бұл менің өз республикам” – “Бұл менің, Қазақстанда”; “Біз отырған Науаи атындағы” – “Біз отырған осы Науаи атындағы”; “Ұлы ақын мұрасы бойынша, не оның өмірі бойынша” – “Ұлы Науаи мұрасы мен өмірі бойынша”; “Өнерпаздары өнері көркі” – “Өнерпаздары

көрсету көркі”; “сәті бар” – “сәтті тағы бар” (4-б.); “ынта-сымен үңілген” – “бар ынтасымен үңілген”; “Одаққа жайылды” – “Одаққа түгел жайылды. Ұлы Отанымыз сыртында да”; “бәріміздің ағамыз тәжік Садриддин аға” – “бәріміздің ардақты ағамыз Садриддин аға”; “өзінің еңбегінде” – “бұл еңбегінде” (5-б.); “Бұл шақта” – “Қазіргі шақта”; “Бірінші қырғыз декадасында” – “Қырғыздың алғашқы декадасында” (6-б.); “екшеп алдым” – “екшеп айттым” (9-б.); “сын мен сезім” – “сынмен екшеп” (10-б.); “Жанр – түрменен таратылған” – “Жанр – түрменен көркейген” (11-б.); “Мақсұт мерзім тағы да барын көреміз” – “Мақсұт мерзім де мәлім”; “ұлттық тек” – “ұлттық тек, түр”; “бітімі де болады” – “бітімі боп та жүреді”; “Ұлттық түрдің үлкен тағы бір іргелі, салмақты, елеулі мәселесі” – “Ұлттық түрдің тағы бір елеулі мәселесі” – деп түзетіліп, кей сөздердің, сөйлемдердің асты көк сиямен сызылып, белгілер қойылған. Сондай-ақ қолжазба мәтні мен “Қазақ әдебиеті” газетінде жарық көрген мақалаға текстологиялық салыстырулар жүргізгенде кейбір сөздер мен сөйлемдердің өзгеріске түскендігі анықталды.

Газеттегі “Түрікменстан атынан” – қолжазбада “Түрікменстан жазушылары атынан”; “бір жай ойға түседі” – “бір жай еске түседі”; “кейбір жайларына мегзеймін” – “кейбір жайларыма мегзеймін”; “шырқатып жүрген ән сөзі қағаз жүзінде үнсіз жым-жырт болып жатыр дегенге” – “ән сөзі қағаз жүзіне үнсіз жым-жырт қонып жатыр дегенге”; “бұл сөз Абай атаның өлеңі дегенге” – “бұл сөз Абай ақын өлеңі дегенге”; “бар елдеріміз өзі жоқта да” – “бар ақындарымыз өзі жоқта да”; “тыңдап отырған Абай қандай жақсы екен деп ойлап ем” – “тыңдап отырғаны Абайға қандай жақсы екен”; “Ол менің алты жасымда көргенім еді” – “Ол менің алты жаста көргенім еді”; “Абай жөнінде көзбен көріп отырғаным өзгеше шындықты айтады” – “Абай жөнінде көзбен көріп тұрғаным өзгеше шындықты айтады”; “Дәл сондайы біздің даңқты жазушымыз” – “Дәл сондай күйді біздің даңқты жазушымыз”; “Мұғалім Әбдірахманов 14 кітап етіп жазып апты” – “Мұғалім Әбдірахманов 10 тип кітап қып жазып апты” болып түзетілген. Сонымен қатар қолжазбаның 4-бетінде қысқартылып алынып қалған “Халық тірлігіне кірген ұлы өзгерістер әдебиеттің өсуіне де жағдай жасап, жеміс-жеңіс таптырды. Осындай күй-жәй бұл күнде ұлы Қытайда да және социализм құрып жатқан басқа барлық елдерде де болып жатқаны бәрімізге

де мәлім” деген сөйлем газеттің 6–7-беттеріндегі “Ұлттық түр жәйлары жүйелі ойды, елде социалистік реализм проблемаларын бүгінгі біздің халықаралық дамып келе жатқан қатынас жалғасымыз ретінен де нық ескеруді шарт етеді. Біз социалистік реализмнің жүйелік жәйларын ұлы Қытай мен басқа да Азия, Африка елдерінің өнерпаздары қалай шеше жүргенін білу-тануға ынтықпыз” (12) деген сияқты сөйлемдермен қайта толықтырылды.

1. 238-б. **Абовян** – Абовян Хачатур (1805–1848) – армян жазушысы, ағартушы-демократ, жаңа армян әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушы, педагог, философ, этнограф.

2. 238-б. **Чавчавадзе** – Чавчавадзе Александр Гарсеванович (1786–18.11.1846) – грузин ақыны, аудармашы. А.С. Пушкин, В. Гюго, т.б. шығармаларын грузин тіліне аударған.

3. 238-б. **Ахундов** – Ахундов Мирза Фатали (12.7.1812–10.3.1878) – ағартушы, философ, жазушы. Әзірбайжан әдебиеті мен драматургиясының негізін салған.

4. 238-б. **Хетагуров** – Хетагуров Коста (Константин) Леванович (15.10.1859–01.4.1906) – осетин ақыны, қоғам қайраткері. Осетин әдебиетінің негізін салушы.

5. 238-б. **Тоқай** – Ғабдолла Мухаммедғарифұлы Тоқаев (26.4.1886–15.4.1913) – татар ақыны.

6. 238-б. **Айни** – Айни (шын аты Садриддин) Сайдмұрадзаде (27.4.1878–15.7.1954) – тәжік совет әдебиетінің негізін салушы. Тәжік КСР ҒА-ның алғашқы президенті, академик.

7. 238-б. **Хамза Хаким-заде Ниязи (6.3.1939)** – өзбек совет ақыны, драматург, қоғам қайраткері.

8. 239-б. **Никко** – Жапонияның Готиги префектурасындағы (Хонсю аралының орталық бөлігінде) курортты қала, туризм орталығы. Никко VIII ғасырда будда монастырінің төңірегіне салынған. XVII–XVIII ғасырларда феодалдық билеушілер – Гонугава әулеті сегундарының өлікті жерлеу орны болған архитектуралық ескерткіштерден Тосегу (1617), Футарасан (1617), Ринноузи храмдары сақталған. Иэясу Токугава кесенесі бар.

Мақаланың орысша нұсқасымен салыстырғанда еш өзгеріс, қысқарған, қосқан жерлері жоқ болғандықтан, бұл томға қазақша нұсқалары қолжазбамен салыстырылып, ішінара түзетулермен, газеттегі тақырыбы бойынша жіберіліп отыр.

С. Майлыбай

“Мүшәйра”

Мақала 1958 жылы 3 қазанда “Қазақ әдебиеті” газетінде жарық көрді. Бұдан кейін жазушының көп томдық шығармалар жинағына енбеген, елу томдық академиялық басылымының осы томына газеттегі нұсқасы беріліп отыр. Қолжазбасы сақталмаған.

Мақалада М. Әуезов үнді халқының ақындар айтысы жа-йында сөз қозғап, айтыстың ерекшелігін, оның қазақ, қырғыз ақындар айтысынан мүлде өзгеше екендігін көрсеткен. Бұл мүшәйра – Индияның астанасы Дели қаласында өткен жиын. Үнді халықтарының қалада өтетін бұндай мүшәйра жиындарында ақындар сөз жарыстырмайды, тек өздері жазған шығармаларын әндетіп, мақамдап орындап шығады. Онда мүшәйраның мақсаты, мәні, жиылған ақындар жөні, сын, қорытынды сөздер мүлде айтылмайды. Ал қыстақты жерлеріндегі мүшәйра жиыны жарыс, сынасу түрінде өтеді. Осы Делиде өткен мүшәйраны М. Әуезов орыс жазушысы А. Сурковпен бірге барып тамашалаған. Жазушы осы ақындардың салтанатты кешінде алған әсерін, Индия халқы туралы танып-білген шындықтарын өз еліне жеткізу халықтар достығын нығайту жолындағы парызы екенін аталмыш мақаласында ерекше көңілмен баяндайды.

А. Болсынбаева

“Воссоздать народный вариант “Манаса”

Бұл — М. Әуезовтің 1952 жылы 8 маусымда Фрунзе қаласында өткен “Манас” жырын зерттеуге арналған конференцияда сөйлеген сөзі. Конференция жұмысы елуінші жылдардың басындағы ауыр идеологиялық қысымның өршіп тұрған кезінде өтті. Бүкіл Кеңестер Одағында, барлық ұлттық республикаларда космополиттік идея етек алып, әлеуметтік тұрғыда талдау, әлеуметтік қысым жасау тарихты, әдебиетті, өнер салаларын, т.б. кеңестік идеологияның әсіре солақай талаптарына бас идіріп, сорақы ойлар айтқызып, айтқанына көндіріп жатты. Қазақ әдебиеті мен фольклорынан жалғыз “Қамбар батырды” қалдырып, “Едіге” сияқты орыс, Ресей турасында кішкентай “шабуылы” бар шығармалардың атын да айтқызбайтын. Осындай жағдай Кеңес Одағының аумағындағы барлық ұлттардың басына келді. Ұлы Отан соғысы кезінде, соғыстан кейінгі бірер жылда солақай идеологияның орнын отаншылдық, ерлік, ел қорғау идеясы алып, қоғамда ауыр жағдай болса да, таза рухани ахуал орнаған болатын. Көп ұзамай И.В. Сталиннің “КСРО-дағы социализмнің экономикалық мәселелері”, “Марксизм және тіл мәселелері”, т.б. мақалалары жарияланып, отызыншы жылдары етек алған әлеуметтік-идеологиялық ситуация қайта орнай бастады.

Осындай жағдайда қырғыз халқының ұлы эпосы “Манастың” тағдырын шешкен әйгілі ғылыми конференция өтті.

Конференцияның алдына қойған басты мәселесі — “Манас” эпосы халықтық па, әлде халыққа жат шығарма ма?” сұрауына жауап беру. Бұл сұрақ Кеңес Одағының әр республикаларында алдыңғы қатарлы, ойлы, ұлтшыл адамдардың абақтыға қамалып жатқан кездерінде қойылды. Конференциядағы әр сөздің нәтижесінде айыпты болып, айдалып кетудің қаупі бар болатын. Мұнда сөз сөйлеген, жарыссөзге қатысқандардың айтқан ойларына осындай жағдай әсерінің араласқаны да анық. Бұл кезде М. Әуезовтің соңына да тыңшы түсіп, өміріне, бас еркіндігіне қауіп төніп келе жатқан. Аяғы екі жыл Москваға “өз еркімен” кетуіне тура келді.

Конференцияға дейін бірнеше ай бойы “Қызыл Қырғызстан”, “Советская Киргизия”, т.б. газеттерде “Манас” эпосының халықтық сипатын талқылаған мақалалар жарияланды. Бұлардың ішінде “Манасты” қолдаған жарияланымдар болғанмен, сол кездің идеологиялық ресми талаптарына жауап берген, “Манастың” жариялануына қарсы мақалалар легі басым түсіп жатты.

Конференцияны ашқан Асылбек Алтмышбаев ары қарайғы жұмысқа идеологиялық жағдайларға сәйкес бағыт беруге тырысты. А. Алтмышбаев (1912) – ірі қырғыз философы, ғылым докторы, Қырғыз КСР ҒА академигі (1954), үлкен ғылыми-қоғамдық мекемелерді басқарған. Негізінде капитализмге соқпай, социалистік қоғамға өткен халықтар мәселесін зерттеген ғалым кіріспе сөзінде ресми-үкіметтік тұрғыға назар аударды. Бұл сөз әрі қарайғы жұмысқа бағыт берді.

Негізгі баяндаманы Москвадан келген тілші-ғалым, Өзбек КСР ҒА-ның корреспондент мүшесі А.К. Боровков жасады. Боровков (1904, Ташкент – 1962, Ленинград) – өзбек тілі грамматикасы, шағатай тілі, т.б. тілдік мәселелермен айналысқан түрколог ғалым. Фольклор, әдебиеттану ғылымдарымен арнайы айналыспаған, манастанушы ретінде танылмаған баяндамашы өз сөзінде ресми талаптардан айни алмады. Баяндамасынан шығатын қорытынды – “Манас” эпосы халықтық шығарма емес. Тыңғылықты дайындаған баяндамасында ұлы эпосқа тыйым салатындай мысалдар мен дәйексөздерді көп қолданып, тек қана Шапақ нұсқасын ғана жариялауға болады деген тоқтамға келеді. Бұл “Манастың” жолын кесу болатын. Бұдан кейін қосымша баяндама жасаған, жарыссөзге шыққандардың көбі кіріспе сөз бен Боровков баяндамасының ағымында кетіп, құрғақ идеологиялық сын айтып, әдеби-фольклорлық талдауларға бара алмады. Б. Юнүсалиев, М.И. Богданова, Смаганов, т.б. позитивті пікірлер айтқанмен, Боровковтың баяндамасын жоққа шығарып, “жеңіп” кетуге “әлдері” жетпеді.

М. Әуезовке бұл конференцияның бағдарламасы бойынша арнайы баяндама берілмегендіктен, ол жарыссөзге ғана шықты. Боровковтан бастап осы конференцияға қатысушылардың ішінде “Манасты” зерттеу тәжірибесі, “стажы” жағынан М. Әуезовке тең келетіні жоқ болатын. Ленинград мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін М. Әуезов Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына түседі. Аспирант кезінде “Манас” эпосын зерттей бастағанын

төмендегі құжат дәлелдейді: “Настоящее удостоверение выдано аспиранту Востфака САГУ тов. Ауэзову Мухтару, едущему в научную командировку в гор. Фрунзе для ознакомления с рукописными материалами по киргизскому эпосу, находящемуся в распоряжении Кирнаркомпроса. Управление САГУ просит Кирнаркомпрос оказать командируемому научному сотруднику т. Ауэзову необходимое содействие”. М. Әуезов осы іссапардан кейін “Манас” эпосын зерттеу жұмыстарын ұзақ жылдар бойы үзген жоқ. Бұл жұмыстардың нәтижесінде отызыншы жылдарда “Ценные памятники киргизского и казахского фольклора” (Труды Казахского института национальной культуры. 1-т. Москва-Алма-Ата: Казкрайиздат, 1935. С. 126–131), “Қырғыз дастаны “Манас” (Қазақ әдебиеті. 1936. 30 қаңтар), “Манас” – героическая поэма киргизского народа” (Казахстанская правда. 1938. 28 сентября) мақалалары жарияланды. Сонымен қатар “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында “Манасқа” қатысты отызыншы-қырқыншы жылдарда жазылған материалдардың мол қоры бар. Манастануда осындай мол тәжірибе жинаған халық ауыз әдебиеті мен фольклорының білгірі М. Әуезовтің жарыссөздегі ғылыми тұрғыдан өте терең ойлары, эпосты әдеби-теориялық тұрғыдан терең талдаған әділетті сөзі осы конференцияның негізгі жетістігі болды. Боровковтың баяндамасы қаншалықты идеологиялық сипатты, ресми бағытты болғанымен, Әуезовтің таза ғылыми талдауына, ұтқыр дәлелдеріне төтеп бере алмады. Конференцияның бүкіл жұмысы Әуезов сөзінің негізінде шешім қабылдаумен аяқталды.

Әуезов сөзінің кіріспесі сол кездің дәстүрлі жолымен Ленин партиясын, Октябрь революциясын атап өту сияқты қалыптасқан түрде басталады. Конференция жұмысына бүкілодақтық, республикалық мекемелердің, ұжымдардың көңіл бөліп отырғанын, талқылауға қатысқандардың ішінде ірі ғалымдардың, жазушылардың бар екенін айтып, бұл жұмыстың аса маңызды, тарихи сипатты екеніне баса назар аударады. Бірден талқылаудың нәтижесіз бос сөзге айналмай, іс жүзінде нәтижелі болуы керектігін ескертеді. М. Әуезов “Манас” эпосы тағдырының қыл ұшында тұрғанын, қарсы шығушылардың сол кездегі мемлекеттің идеологиялық ұстанымдарына сәйкес пікір білдіргенін анық түсінді. Сол себепті алдында қандай қиын міндет тұрғанын да білді. Осы тұрғыдан алғанда М. Әуезовтің сөзі ғылыми-теориялық деңгейі жағынан да, тактикасы

жағынан да мінсіз болып шықты. Бірден, ес жиғызбастан үш мәселе қойды: 1. Қырғыз совет халқына “Манас” эпосы керек пе? 2. Біріктірілген нұсқа жасау мүмкін бе? 3. Мүмкін болса, оны қалай жасау керек?

Сұрақтар нақты, күдік те, дау да тудыра алмады. Өстіп мәселенің басын ашып алып, басқа сөйлеушілер сөзінде көбінде негізгі орын алған идеологиялық талдауларға бармай, эпосқа ғылыми тұрғыдан текстологиялық, структуралық талдау жасады. “Манастың” біріктірілген мәтіні туралы пікірді М.И. Богданова және тағы бірер сөйлеушілер де айтқан болатын. Бірақ олар бұл мәселенің басын ашып, айқын ғылыми тұжырым жасап, нақты ұсыныстар бере алмады. Әуезовке дейін сөйлегендер, Боровковтан бастап, Шапақ нұсқасына ғана оң қарап, Сағымбай Оразбақовтан жазып алынған нұсқаны байшыл, реакцияшыл нұсқа деп тауып, Саяқбай Қаралаев нұсқасына да осы төңіректе баға берген. Отызыншы жылдардан бастап “Манасқа” қатысты айтыс, тартыстардың бәріне дерлік қатысқан М. Әуезов сол кезде-ақ “Манастың” барлық нұсқаларын түгелдей жеке-жеке шығаруға қатысты айтылған ұсыныстардың мүлдем іске аспай қалғанын білетін. Қазіргі кезде Сағымбай, Саяқбай нұсқаларының көркемдігі қаншалықты жоғары болса да, әрқайсысын жеке басып шығарудың мүмкіндігі жоқ екенін түсінген М. Әуезов біріктірілген (сводный) нұсқа шығаруды ұсынды. Бұл ұсынысын білгірлікпен дәлелдеп шықты. Бұл жерде ол өзінің “Манас” эпосының мәтіндері мен нұсқаларын жан-жақты білетіндігімен, әр нұсқаның көркемдік-поэтикалық ерекшеліктерін айқын ажырататындығымен, ұлан-ғайыр ұзақ эпосты әдеби-теориялық тұрғыдан терең талдай алуымен ерекшеленеді. Бұл деңгейге конференцияда сөз алған баяндамашылардың бірде-бірі жете алмаған. Осылайша бірден-бір мүмкін жолды таңдап алып, өз ойының дұрыстығын еш даусыз қабылданатындай деңгейде дәлелдеп шыққан. Бұл дәлелдерге идеологиялық тұрғыдан қарсы тұруға болатын ешқандай ілік жоқ деуге болады. Сөзінде өзінің отызыншы жылдардағы мақалаларында “Манасты” сынағанын еске алып, бұл ойларынан Москваның Камералық театрында Демьян Бедныйдың “Богатыри” драмасы қойылып, БК(б)П ОК мен “Правда” газеті оң пікір білдіргеннен кейін бас тартқанын айтады. Бұл сөзі де біріккен нұсқаның қабылдануына қажетті құрал ретінде жүріп кетті. Мұндағы еске алып отырғаны: “Ценные памятники киргизского и казахского фольклора” мақаласындағы “Такое намеренное, вредительское вмешательство в исполнение дало для националистической

интеллигенции частичное осуществление в художественном произведении ее панисламистской, пантюркистской программы” және “Қырғыз дастаны – “Манас” мақаласындағы “Соңғы жазылған варианттарын алсақ, қырғыз тарихындағы ертелі-соңғы феодализм салт-санасын айқын көрсетумен қатар, Сағымбай айтқан түрінде Қырғызстанда болған пантюркистік, ұлтшылдық әсерлерін де көп-көп көрсетеді”, – деген сияқты бірер жолдар. Аталған мақалалар 1934 жылдан бастап кеңестік фольклортанушыларға идеологиялық қатал қысым жасала бастаған кезеңде жазылған. Келтірілген мысалдарда, аталған мақалаларда эпосқа жоғары деңгейдегі көркемдік талдаулар жасалып, кейбір айтушылардың эпос мәтініне зиянды жолдар кіргізгені туралы ғана айтады.

М. Әуезовтің сөзінде “Тут было упомянуто в докладе Л.И. Климовича об одной пародии, приведенной мною в моей работе”, – деген сөйлем бар. Бұл сөздің төркіні жоғарыда аталған орысша мақаладағы: “Наряду с этим веками господствовавшим эпосом феодально-манапской среды существует другой, очень интересный и редкий для устной поэзии литературный факт в лице “Кол-Семетей” (доморощен. Семетей). Он не получил раньше большого распространения. Возник в низах и распространился не в среде манапов, а в широких массах. Это произведение в целом является пародией на “Манас” и “Семетей”: былинно-фантастически возвеличенные герои этих двух поэм в “Кол-Семетее” низводятся, развенчаны до шаржа. И каждый их поступок при известных по предыдущим былинам обстоятельствах здесь подан в комедийном плане. Очень характерный факт отталкивания от традиционных, штампованных положений и характеров убывающей былинной поэзии уходящего, господствовавшего ранее класса”, – деген сөздерден шығады. Климовичтің бұл “әдісіне” де Әуезов нақты, дәлелді жауап берген.

“Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында “Манас” эпосы тақырыбына жазылған, баспа бетінде жарияланбаған бірнеше жазбалар, дайындалған жұмыстар бар. Бұларда идеологиялық сипаттағы талдаулар мүлдем жоқ дерлік. Жарияланған мақалалардағы идеологиялық сипаты бар сөз, сөйлемдердің төркінін уақыт талабынан іздеу керек.

Біріктірілген вариант жасаудың жолдарын нақты көрсетіп, ғылыми принциптен ауытқымай, осы тұрғыдағы алғашқы жұмысты Радлов жасағанын алға тартады. Біріктірілген нұсқаны жасауда тым “әлімжеттік” жасамай, эпостың түпнұсқасына

көбірек қарап, халықтық негізін мүмкіндігінше сақтауды, “бізге ұнайтын мәтінді” қуалап кетпей, ғылыми принципке әділ болуды қолдауы “Манасты” мүмкіндігінше табиғи қалпымен беруге әсер етті. Әуезовтің бұл жұмысты толық редакцияда және қысқартылған редакцияда шығаруды ұсынуы да уақыт талабына дөп келді. Қысқартылған нұсқаның “Манастың” орысша басылымын дайындауға көмегі көп болды. Мәтін жасау барысында негізгі көңіл бөлетін пункттер ретінде: үлкен соғыс сахналары, соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі суреттер, батырлардың жекпе-жек соғыстары, адамдардың портреттік мінездемелері, батырлардың аттарының ерекше қимылдары мен белгілері, табиғат суреттері, жер бедерінің көрсетілуі, елдер мен халықтардың сипатталуы, тұрмыс суреттері, қоғамдық жағдай, халықтық мейрамдар, ойындар, қызықты, күлкілі жағдайлар, бала туу, үйлену, жерлеу салттарының суреттелуі, халық түсінігіндегі аналық сезім, достық, үлкенді сыйлау, жақсылық пен жамандықты халықтың бағалауы, феодалдық, рулық семьядағы қарым-қатынас, адам өмірі, табиғат құбылыстарын түсіндірудегі халықтың бай қиялы, т.б. көрсетті. Бұл біріккен нұсқаның мүмкіндігінше сәтті шығуына ықпал етті. М. Әуезов өз сөзінде осы бағытта дұрыс ойлар айтқан, ұтымды мысалдар келтірген қырғыз әдебиетшілері Маликов, Токомбаев, Джакишев, Сыдықбековтердің, зерттеуші-ғалым Валитованың жұмыстарына тоқталып, олардың ойларын да ортақ жұмыста ескеруді ұсынуы оның адами-ғылыми тұрғыдағы әділеттілігін көрсетеді.

Бұл сөз – мақала манастану тарихындағы кезеңдік, шешуші сипатты жұмыс болып есептеледі. Ұлы эпостың сақталуына, халыққа таралуына өлшенбес үлкен үлес қосып, болашақтағы манастану ғылымына бағыт-бағдар, жол сілтеді.

М. Әуезов сөзінің мәтіні машинкада басылған күйінде “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақталған (181-бума, 6–19-бб.). Айқын Нұрқатов қазақ тіліне аударып, М. Әуезовтің “Уақыт және әдебиет” жинағында (Алматы, 1962. 235–244-бб.) жарияланған.

М. Әуезовтің академиялық толық шығармалар жинағының бұл томына 181-бумадағы мәтін толығымен беріліп отыр.

Р. Әбдіғұлов

“Халықтық “Бустан”

Қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі 1958 жылдың 12–23 желтоқсан күндері Мәскеуде өтті. Осы мерекелі күнге орай жазушының “Халықтық “Бустан” атты мақаласы алғаш рет “Қазақ әдебиеті” газетінің 1958 жылғы 12 желтоқсан күнгі санында жарияланды.

Кеңес үкіметінің қамқорлығы арқасында қазақ халқының өсіп, өркендеген өнері мен әдебиеті, дамып жаңарған мәдениетінің жетістіктері Одаққа мәлім болғанын баяндап, есеп беру тұрғысында жазылған мақаланың орыс тіліндегі аудармасы “Культура и жизнь” журналының 1959 жылғы 2-санында (33–36-бб.) “Народный “Бустан” деген атпен қайта басылды.

Парсы елінің ұлы ақыны Сағди өзінің асыл диванын “Бустан” – “жемісті бақ” деп бағалағандықтан, М. Әуезов қазақ өнері мен әдебиетін “Халықтық “Бустан” – деп атады.

Әр мезгілде шыққан нұсқадағы мәтіндеріне текстологиялық салыстырулар жасағанда, мәтіндерінде айтарлықтай алынып, қосылған өзгерістері болмағандықтан, мақала бұл томға алғашқы нұсқасы негізінде өзгеріссіз толық жіберіліп отыр.

1. 265-б. “**Бустан**” – “Бустан” атты қала бар. Қарақалпақ автономиялы республикасының Үргенші стансасынан 70 шақырым қашықтықта орналасқан. Жазушының “бустаны” – “жемісті бақ” деген мағынаны білдіріп отыр.

2. 268-б. “**...маңдайға шыққан ұрадай**” – Бастың кез келген жеріне шыққан томпақ ісікті “ұра” деп атаған. Оңтүстік диалектінде “ұры” деп атайды.

С. Майлыбай

“Заряд вдохновения”

Мақала “Литературная газетаның” 1958 жылғы 23 желтоқсандағы санында жарияланған. Бұдан кейін жазушының көп томдықтары мен мақалалар жинақтарына енбеген.

Қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеуде өткен онкүндігіне қатысқаннан кейін жазушы ол күндерден алған өз шығармашылық әсерлерін, көптеген пікір алмасулар мен кездесулерден кейін жаңадан туындаған кейбір ойларын осы мақалада оқырмандармен бөліскен. Осы онкүндікті жазушы қазақ өнерінің 1936 жылы өткен алғашқы сапарымен салыстырады.

Екі аралықтағы кеңес әдебиеті мен өнерінің заман талабымен қарыштап өскен жетістіктері мерекелік күндерде кеңінен қанат жайып, көрініс тапқан. Түрлі көрме залдарында, жұртшылықпен жүздесулерде, кино, театр, музыка қайраткерлерінің өткізген кездесулері мен концерттерінде тың жаңалықтар, көпшілікті әсерге бөлеген қызғылықты сәттер мол болды. Осындай сәттердің шығармашылық адамдарына, жас толқын, жаңа буынға берген тың серпін, ерекше толғаныстарын жазушы ризашылық сезіммен атап өткен.

Мақала жазушының елу томдық академиялық шығармалар жинағына газеттегі нұсқасы бойынша дайындалып отыр.

К. Рахымжанов

“Развитие литератур народов СССР”

Мақала “Очерки истории казахской литературы” кітабына (Алма-Ата, 1958. С. 457–468) арнап жазылған. Бұл кітап 1960 жылы Мәскеуде қайта басылып шыққан (мақала 349–366-беттерде берілген). М. Әуезов көлемді мақалада КСРО халықтары әдебиетінің дамуы мысалында кеңестік көп ұлтты әдебиеттің даму үдерісін жан-жақты қарастырған. Автор әрбір ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін көркемдік тұрғыда алып саралаған.

Бұл тұрғыдағы М. Әуезовтің маңызды тезисі – “Ұлттық тұр социалистік мәдениетте үлкен маңызға ие мәселе болып табылады. Бұл кеңестік мәдениеттің көп қырлылығын анықтайтын басты белгі”. Бұл тезис кейінгі көптеген зерттеулерге негізгі ұстаным болды. М. Әуезов мақаласында ұлттық әдебиеттердің жанрлық формаларының барлық түрлері, көтерген проблемаларының ортақтығы, әдебиеттердің даму ерекшеліктері қарастырылды.

Томға мақаланың “Очерки истории казахской литературы” кітабында жарияланған нұсқасы сол күйінде берілді.

Р. Қайшыбаева

“Оянған халықтар үні”

Мақаланың ықшамдалған түрі 1958 жылы қыркүйек айында Ташкент қаласында Азия, Африка елдерінің ақын-жазушылары конференциясының өту қарсаңында Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарыққа шыққан “Азия, Африка ақындары” атты жинаққа алғы сөз ретінде “Ардақты оқушы” деген атпен берілді. Оның төменгі жағына “Алматы, 1958 жыл, 19 июль” – деп белгі қойылған. Мақаланың машинкаға терілген мәтіні қолжазба қорының 251-бумасында (23–26-бб.) сақтаулы. Алғы сөздің толық нұсқасы “Жұлдыз” журналының 1958 жылғы қыркүйек айында “Оянған халықтар үні” (1958. № 9. 14–15-бб.) деген атпен жарыққа шықты, кейіннен жиырма томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1985. 20-т. 371–374-бб.) жарияланды.

“Жұлдыз” журналындағы мақала мәтіні – алдағы болатын конференцияға дайындық ретінде М. Әуезовтің қазақ жазушыларының жалпы жиналысында сөйлеген сөзі.

Бұл томға алғашқы нұсқа мен кейінгі басылымдағы мақала мәтіні текстологиялық салыстырулардан кейін ішінара орфографиялық түзетулермен толық жіберіліп отыр.

“Ардақты оқушы” ықшамдалған нұсқасы болғандықтан, “Оянған халықтар үнімен” салыстырғанда, “Баяғының көп ертегілерінде айларға, жылдарға созылған ұзақ ұйқыдан оянған алыптар туралы сөз болушы еді” (14-б.) – деп басталған тұсынан “Бұл түгелдей поэзия шығармалары бола тұрса да, Азия мен Африка елдері әдебиетінің жалпы бағытынан бізге көп мағлұмат береді” – деген жерге дейінгі бір бет көлеміндегі мәтін қысқартылып берілген.

Алғы сөз мәтініндегі “аты аталатын” (3-б.) – “аты аталған” (14-б.); шығармалары көбірек аталып, молырақ мәлім болатын жазушылар да бұл жинақта аса көп емес” (3-б.) – “шығармалары көбірек аталып, молырақ мәлім болатын жазушылар да бұл жинаққа кірген адамдар емес” (14-б.); “көп үлгі таратқаны даусыз” (14-б.) – “көп үлгі тарататыны

даусыз” (15-б.); “айласы мен бұғауы ұйқыдағы алыптай етіп” (4-б.) – “айласы, бұғауы, жоғарыда айттық, ұйқыдағы алыптай етіп” (15-б.); “бейбітшілік жолында қанды соғысқа қарсы” (4-б.) – “бейбітшілік пен қанды соғысқа қарсы” (15-б.); “жаңағы соңғы жайлар” (5-б.) – “жаңағы соңғы аталған жайлар” (15-б.); “біріне-бірінің күйі, күні, асыл мұңы жақын ақындардың” (5-б.) – “біріне-бірінің күйі, күні, асыл мұңы, үні жақын ақындардың” (15-б.) – деп түзетіліп, толық жіберіліп отыр.

С. Майлыбай

“Жапония күнделіктері”

Жазушының суреткерлік өмір жолында өзіне әсер еткен, із қалдырған елеулі-елеулі оқиғалардың ішінде қағазға, қойын дәптеріне түскен, сол түскен қалпында қозғаусыз қалып қойғандары да кездеседі. Соның біріне Жапония сапарының жазбалары жатады.

Оның өмірінде Жапония сапарының алатын орны ерекше. Осы сапарындағы біліп-түйген, сезіп-сезінгендерінің қағазға түскен нұсқасы өз мұрағатындағы қолжазба қорында (533-бума, бірінші дәптер, 1–40-бб., екінші дәптер, 40–93-бб.) сақтаулы. Заманының арпалысты шақтары мұршасын келтірмеді ме, әлде басқа да себептер болды ма, сондағы көңіл-көкейіне тоқығандары сол қағазға түскен қалпында қозғаусыз жатып қалды. Бірақ жазушы осында бас көтерген әсерлері мен толғаныстарын әртүрлі жиын-кездесулерде, басқа да жағдайларда үлкен тебіреніспен айтып жүрді. Соның біріне сол кездерде Азия, Африка елдері жазушыларының 1958 жылы Тәшкенде өткен конференциясында Орта Азия республикалары халықтары атынан сөйлеген сөзін “Сен Никконы көрмеген болсаң, онда “ғажап” деген сөзді қолданба” деп, жапонның белгілі нақылын еске алудан бастағаны жатады. Өзі сол Никконы бір жыл бұрын, атом мен сутегі бомбасын қолдануға қарсы осы елде өткен халықаралық III конгрестің жұмысына қатысқан шағында көрді. Осы елде болған айға жуық уақыт ішінде ол тек Никконы ғана емес, көне замандардан бастау алып, күні бүгінге дейін жалғасумен келген Токио, Хиросима, Осака, Нара, Киото, Нагоя, Уцуноми сияқты бірсыпыра қалалары мен елді мекендерін аралап, кеңінен танысты.

Сол кезде сырттай танып, сырттай ой жіберу көп түйіндер түйге жетелеген еді. Енді оның бос кетпегенін жапон елінде болып, өз көзімен көруге жолы түскенде білді.

Енді келіп ой жүгіртсе, ғасыр басында, 1918 жылы “Абай” журналына мақала жазу мақсатымен бұл ел туралы оқып-ізденгенде тіршілік-болмысының ішкі иірімдеріне тереңдеп еніп кеткендей болғаны да бар еді. Сөйтіп, ұзақ уақыт

тоқыраудың құрсауынан құтыла алмай келген жапон елінің XIX ғасырдың екінші жартысында үлкен сілкіністерге бой ұрып, жаңа табыс, жаңа жетістіктер биігіне көтерілгенінің сыр-себептерін өз жұртына үлгі ретінде ұсынуды жөн көрді. Біз де оқығанымыз бен білгенімізді, үйренген-меңгергенімізді кәдеге жаратсақ, қиындықтарды жеңе біліп, елді даму жолына түсірсек деген ой, арман жазушыны осындай толғаныстарға барғыздырды. Жапондықтар ғылым мен мәдениетті дамытуда, техниканы меңгеруде ешнәрсені аямады, алдымен жастардың жолын ашты, соған жетудегі бар мүмкіндіктерді жасады. Қай жерде, қай елде осыған жеткізетін білім бар, жастарды соған жіберді және оның үстіне, белгілі, белді деген білімпаздарды өздеріне шақыртып, олардың тәлім-тәрбиесін игертті. Мұндай бастамалар көп өтпей-ақ өз нәтижесін беріп, сол тұстағы дамыды, ілгері кетті деген елдердің өзін таңғалдырды. Бір ғажабы, осы жолды, бағытты таңдаған ел өзге елдердің соқпағын қайталаған жоқ. Қандай жетістік, табыстары болсын, өздерінің ұлттық болмысына қайшы жақтарына жоламай, дәл, сәйкес, үйлес келетіндерін ғана бойларына сіңірді. Тағы бір ерекшелігі, бұған дейін, яғни жаңалық дәуірі атанған кезге дейін ғалымдар мен өнер қайраткерлеріне мұқтаж елдің қоғамы онсыз бір адым да ілгері жылжымайтынын білді. Сөйтті де, оның даму жолдарына бар жағдайды жасады, дамудың ұлы күші ұлттық мүдде, ұлттық мақсаттың бірлігінде екенін, ұдайы соны ғана нысана етіп, соны ғана ұстанса, дйттеген жеріне жететінін терең ұғынды.

Осында болған айға жуық уақыт ішінде баяғы ойлаған, сондағы сезінген, елестеткендерінен мүлде бөлек әсерде болды. Ол кезде болады деп ойламаған Хиросима, Нагасакидің ойраны мүлде бөлек әсер сыйлады. Апат көрінісі бір өзін ғана емес, келген қонақтардың ешқайсысын да енжар қалдырмады. Оның ауыртпалығының қаншалықты болғанын қираған, қоқымға айналған дүниелер мен қарс-қарс айырылған қара жер, қабығы сыпырылып, қотырланып, жалаңаштанып қалған төрт-бес мың жылдық бамбуктер, майысып, балқып, еріп кеткен шөлмектер, қожыр-қожыр, теңбіл-теңбіл денелер, бет-жүздер аңғартады. Жердің өзі осыншалықты күйге түскенде, адам халі қаншалықты деңгейге жеткенін елестетудің өзі қиын. Апат тақсыретін тартқан, құлақтары шұнақ, беттері қисық, желке шаштары түсіп қалған өңшең кем-кетіктер, кәдімгі адамға тән табиғилығынан айырылып қалған, ешбір сарын-сазға ұқсамай қаңғырлап-күңгірлеп шығатын үндер — осы бір жиынның қаншалықты салмақты болғанын ұғындырды.

Елмен танысу жағдайындағы бұлардан басқа көрген-түйгендерінің әсер-ықпалы мүлде бөлек. Осылардың барлығында да замандар ағымының белгілері өзінің шыңырауына батырып, тереңдетіп әкетті. Әр замандардан қалған ескерткіштердің өзіндік ерекшеліктері бар, оның кейбірінің түп-төркіні үш мың жыл бұрынғы кезеңдерге барып тіреледі. Әсіресе бір ғана Нара қаласының үлкен бағындағы ескерткіштер саны жүзден асып жығылады екен, солардың бірі – Тодайдзи аталатын ұлы Будда храмы. Осында қоладан жасаған, бес жүз тонналық он алты метр Будда ескерткіші бар. Оның сабырлы, салмақты жымыиысына бүкіл бір әлем сыйып кеткендей. Осынысымен ол пендені болымсыз қам-қарекет күйбеңінен арылдырып, қызық атаулыны тәрк еткендей, сопылықты, кәдімгі пенде екендігіңді мойындаттырып, бүкіл ниет-ойыңды түгел біліп, түгел сезіп, көріп тұрған сияқтанады.

Жалпы көптеген кездесу, жүздесу тұсында осындағы әсерлерден туған толғанысты сөздерін кейбір жиындарда бірнеше рет ортаға салуына тура келді. Сондағы сөздердің тыңдаушыларына қаншалықты әсер еткенін елге оралғанның артынша Уцуноми префектурасынан жолданған хатынан да көруге болады.

Соңғы кездесудегі сөздері баспасөз беттерінде жарияланысымен, редакция мен префектураны оқырмандардың жолдаған шағым хаттары басып кетіпті, олар өздерінің тыңдауына жағдай жасамағаны үшін айыптайды. Өйткені сол жиындағы толғанысты сөздері тыңдаушыларына айтып жеткізгісіз әсер еткен, тіпті отырған орындарынан дүр көтеріліп, “Банзай, банзай, банзай!” деп ұран тастап, көп уақыт отырмай қойған.

Сапар барысында Аоно, Токунага, Танабэ Койтиро, Исинно Кэйтиро, Симото Масатсиогу, Хино Асихей, Эгуси Кан, Исидзаки Тахуэдо, Ясунари Кавабата (кейін Нобель сыйлығын алған) сияқты көптеген ақын-жазушылармен, ғылым, өнер, мәдениет қайраткерлерімен кездесіп, әңгіме-сұхбат құрды. Осында бірер күн кешігіп жеткендіктен, алғашқы күндердің мәжілістеріне қатыса алмаған. Кейінгі жиын, бас қосулардың бірде-бірін бос жібермей, бәрінің ортасында болды. Сапардың аса әсерлі, мәнді болғанын өзі де айтады, оның барлығы “Қайырлы сапар қайырлы болып аяқталды. Бар жүріс, жолға дән ырзамын, көрген мен білген, сезген мен түйген баршасы қосылып, өзінше бір алуан байытып қайтарған тәрізді” – деген түйіндеулеріне сыйып тұр.

Т. Әкім

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР	3
Выступление Ауэзова	5
Наши творческие замыслы	13
Ана тіл әдебиетін сүйіндер!	14
Любите родной язык, родную литературу!	18
По поводу новой книги Д. Икрами	22
Свет зари негасимой	24
Советские люди о независимости Индии	30
Өнер алғысы	31
Истоки творческой силы	34
Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы	36
Ірі оқымысты	42
Үмітті ұрпаққа – игі тілек	47
Алтындай асыл болашақты ұрпақ бар	54
СССР халықтары әдебиеттерінің өркендеуі	59
Республиканың жарқын жолы	100
Жоба-жоспар	119
Могучий расцвет республики	127
Благородный сплав	151
Наш советский путь развития	154
Жүрек алғысы	161
О развитии литератур народов Средней Азии и Казахстана в эпоху социализма	163
Из истории казахской литературы	178
О революции и народе	201
Творческий отчет	202
К звездам	203
Путь добрый	209
Поэзия казахского народа	211
Үзілмес достық өреніміз	231
Әуезов Мұхтардың сөзі	234
Речь на пленарном заседании конференции писателей стран Азии и Африки в Ташкенте	240
Мүшәйра	246
Воссоздать народный вариант “Манаса”	250
Халықтық “Бустан”	265
Заряд вдохновения	270
Развитие литератур народов СССР	273
Оянған халықтар үні	293
II. КҮНДЕЛІК	297
Жапония күнделіктері	299
III. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	351

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

36-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:

С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*

Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*

Техникалық редакторы *Н. Ромахова*

Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Таймс”.

Шартты баспа табағы 21,4.

Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс № 1331.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

Е-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі

050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.

Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-178-4



9 786012 941784